

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ БАЛЛАДАЛАРЫ

ЖАР ҚҰЛАҒАН

Ай тозып, жыл озады, сырғып, мүлде,
Шартабақ, дөңгелек жүз күлдік Күнге.
Мөлшері, бес-алтыда болсам керек,
Мекендеп отырғанбыз Кіндіктіде.

Қозғасам көне сырды әрі-бері,
Айтқан сөз ауылымның кәрілері.
Әйбәт жер Кіндіктіні ел мақтайды,
Әкем сол малды ауылдың дәрігері.

Кіндікті ең әсемі жер төсінің,
Мүйізі Ай секілді серкесінің.
Әй дейтін, беттен қағар бір адам жоқ,
Әжемнің бауырында еркесімін.

Ығады ауылдағы дауылға кім,
Ырысты аялаған қауымдамын.
Келбетін танығым кеп, білгім келіп,
Күніге жүз шарлаймын ауыл маңын.

Тамаша табиғатта жарасым бар,
Айып па айырмасам арасын, дәл.
Қалың ши, қалың қамыс, қалың шілік,
Одан соң ойдым-ойдым қара сулар.

Бәрін де балалықпен бағалаймын,
Көрінер шағын өзен маған айдын.
Оншақты қарасирақ балаларды
Ертіп ап қара суды жағалаймын.

Қай қазақ жаздыгүні бақша баптар,
Тек қана қиялымен ақша қаптар...
Бауыры Күн нұрына шағылысып,
Ойнайды қара суда ақ шабақтар.

Ойынға бала құмар тарқамапты,
Ол кезде арманды кім арқалыпты.
Оншақты жүгермекті ертіп алып,
Бір күні жағаладым жарқабақты.

Алдыда аш күнім бар, тоқ күнім бар,
Мен білем деген сонда екпінім бар.
Бар ойым: ақ шабақты көрсе деймін,
Өмірде түк көрмеген боқмұрындар.

Заңына табиғаттың жүгінеміз,
Ойнаймыз асыр салып, жүгіреміз.
Бәріміз жарқабаққа жақын келіп,
Тұңғиық қара суға үңілеміз.

Бүгін бір атқан екен таң нұрлана,
Сіркіреп жауып өткен жаңбыр мана.
Түбінде қара судың тылсым ұйып,
Бетінде жүзіп жүрді балдыр ғана.

Танымда не даналық, не балалық,
Тамырың табиғатта деген анық.
Көріп қап ақ шабақты су түбінен,
Деп тұрғам: “Әне, балық!”, “Әне, балық!”.

Бала да құштарлықты бөгемейді,
Төксе де қауіп-қатер елемейді.
Тұрып ап жарқабақты бір топ бала
Шуылдап “Кәне балық?!”, “Кәне?!” дейді.

Баланың көрсем, білсем – бар құмары,
Қиялдың алып-ұшып арғымағы...
Сол кезде мен тұрған жер опырылып,
Қас қағым... қара суға жар құлады!

Көргісі келген құқай бір көреді,
Бұл-дағы дүниенің дүрбелеңі.
Балалар тұра қашты, қорыққаннан,
Ауылға, бір шақырым іргедегі.

Сол шақта алаңғасар, аңғалмын ба,
Құладым қолмен ауа қармандым да.
Қай сезім баурағаны есімде жоқ,
Білмеймін, қорықтым ба, таң қалдым ба.

Қасымда әжем де жоқ ақылшы құт,
Қалайда күтетінім жақыншылық.
Қолымды создым қайта жағалауға
Жандәрмен қара суға батып-шығып.

Мен-дағы армандамын, армандамын,
Достарым, қалай кетіп қалғандарың...
Бір кезде саусағыма шөп ілікті,
Бір кезде Құдай оңдап тал қармадым.

Өтеді бұл уақыт зулап оқтай,
Бәйгеде бірін-бірі қуған аттай.
Бұтағын көк шіліктің көмек көріп,
Тұрыппын ажал аузы суға батпай...

Осыдан ұғатын жан ой аңдайды,
Даусыма менің дала оянбайды...
Балалар бара сала үйлеріне
Бәрі де болған жайды баяндайды.

Тырналар тыраулайды тізбектеліп,
Күдерін менен әжем үзбек пе еді.
Уақыт сүт пісірім өткеннен соң
Шығады бүкіл ауыл іздеп мені.

Ісі жоқ айғайменен, ұранменен,
Не дауыс шықты деген күмәнменен.

Суатқа келіп қалып кездейсоқта,
Көршіміз құтқарады Құнан деген.

Тәңірдің мейіріне мына қара,
Жарық күн бұйырыпты сыбағама.
Сол күні ат суғара келіп қалған
Мен саған қарыздармын, Құнан аға!

ОНДА МЕН ОН ҮШТЕМІН

Бір белгі естелік боп барша күннен,
Ойыма оралады таңсәріден.
Әкеміз мал дәрігер болғандықтан
Көшеміз біз де бірге малшы ауылмен.

Төбеден жаз аунапты, күз аунапты,
Оңай ма балалықтан ұзау қатты...
Бір жылы сауын сиыр фермасында
Он үшке толғанымда бұзау бақтым.

Аңызға шілдедегі өткір, тегі,
Төбемде лапылдап Күн от бүркеді.
Астымда құнаным бар құла қасқа,
Алдымда алпыс бұзау жоқ бір кемі.

Кеудесі жақсылардың деген Жайық,
Жарасам қолғабысқа менен бе айып.
Сауынға әкелгенше сиырларды
Жүремін бұзауларды бөлек жайып.

Далада тербетсе де бір күй мені,
Жаспын ғой, ат үстінде ұйқым келді.
Біртүрлі маңғазданып қарайтұғын,
Бұзаулар алғашқыда сүйкімді еді.

Жел соқса қалың қияқ желбірейді
Жігерге жеңдіремін мен үрейді.
Ән салсам аңырады ала бұзау,
Бір жоқта қара бұзау мөңірейді.

Жазықта сөз ұғардай, құдауанда,
Не керек дейтін-сынды бұл адамға.
Қайтадан жинай алмай бір қиналам
Өзенге алпыс бұзау қулағанда.

Өріске шығарсам да мен ертелеп,
Күтпеймін ешкімнен де кенен көмек.
Су ішіп алғаннан соң бұзауларым
Шықпайды әр ағашты көлеңкелеп.

Не дерсің басса аяғын соқыр ағат,
Тұтқиыл сынға адам тоқырамақ.
Талтүсте, ең қиыны, қашады ғой
Алпысы алпыс жаққа оқыралап.

Көңілдің көлбеп ұшып көбелегі,
Табысты күреп тапсам деген еді.
Оқыра тиген кезде бұзау біткен
Құйрығын тік шаншып ап жөнеледі.

Қуамын анасын да, мынасын да,
Сынаса тағдыр өстіп сынасын да.
Ыстықта өкпең өшіп, тіл салақтап,
Жылайсың жапа-жалғыз тұрасың да.

Құнаным да шаршайды құла қасқа,
Бейнетті берді Құдай мына басқа.
Кененнің “Көкшолағын” көп айтушы ем,
Шара жоқ енді өкіріп жыламасқа.

Қателік жасағандай қия басып,
Қалайша осыдан соң сый аласың.
“Бақпаймын бұзауыңды, қайтып ал!” деп,
Айтуға сиыршыдан ұяласың.

Шиырлап сиыр соқпақ түз-аумақты,
Парағы күнтізбенің жүз аунапты.
Осылай каникулда үш ай бойы,
Азапқа төзіп алпыс бұзау бақтым.

Шыдадым,
Аруаққа сиыншы да,
Деген соң, не болса да биыл шыда,
Ыриза еңбегіме әке-шешем,
Ыриза төзіміме сиыршы да.

Үш айда ерте тұрып, кеш құладым,
Бұзаудан оңай шығар ешкі бағу.
Жоспарын сиыр ферма орындады,
Күздеуге шұбатылып көш құлады.

Болсам да әлі бала барды салдым,
Үніне құлақ аспай жан құсамның.
Үш айда тоқсан сомнан табыс тауып,
Мұқатай сиыршыдан алғыс алдым.

Құнаным болар әлі-ақ дөнен қасқа,
Жаз бойы бозторғайға өлең қосқам.
Кластас достарымның арасында
Ешкім жоқ табыс тапқан менен басқа.

... Адамзат арман қуып алға асығар,
Олжалы болсаң көршің сауға сұрар.
Осымен аяқтауға болар еді,
Бірақ бұл әңгіменің жалғасы бар.

Тосын жай айтты бір күн үй қонағы,
Кеудеме жаңалықтан күй қонады.
Мектептен Ленинградқа оншақты жан,
Баруға саяхаттап жиналады.

Жер түбі аяқ-асты кім ерсін көп,

Шешем тұр жөнiн қайдан бiлерсiң деп.
Директор сәлем айтты әкеме де;
“Баласын табыс тапқан жiберсiн!” деп.

Аспанды бұлт кұрсап түнеруде,
Басымда мың сан ойлар үдеруде.
Үй iшi ақылдасып, ойласып кеп,
Келiстi менi алысқа жiберуге.

Алақай! Алып-ұшқан көңiлiм-ай!
Бұлттардың аспандағы жеңiлiн-ай!
Ешқашан ойламаппын Арман қала,
Сапарға шақырар деп менi бұлай!

Болады олай деуге, былай деуге,
Не деген ұшқалақ деп сынай көрме.
Сұлутал кұшағынан суырылып
Мен кеттiм ақ қанатты лайнерде.

Бұл ендi өңiм емес, түсiм шығар,
Көрмеген қиялдап та iсiм шығар.
Неваның жағасында бұл қалада
Ғаламат сәулетшi бар, мүсiншi бар.

Көрмеген бөтен әлем, көңiл алаң,
Көздерден күлiмдеген сенiм алам.
Тұрғанда шығарып сап Совет ағай!
“Бiр дөптер күнделiк жаз!” дедi маған.

Сол сөздi кұйып алдым кұлағыма,
Өмiрдiң бұл да маған сынағы ма.
Көргенiм, бiлгенiмдi жаза бердiм,
Үн қосып су бұрқағы, бұлағына.

Адамдар мұнда қандай шат күледi,
Бауырға тартып бәрi, бақ тiледi.
Арманға астасқандай алабөтен
Қалада сол бiр жазда ақ түн едi!

“Бөлме бар Эрмижада мыңнан аса,
Жүзiне бас сұқпадық тым болмаса,
Қайтеміз, уақыт тар!” – деп жазыпшын,
Сырымды ақтарамын жырмен қоса.

Ақ сарай, Патша сарай алтындаған,
Айналам нұр шашады жалтылдаған.
Ақ кептер жем шоқиды қолымыздан,
Саялап су бұрқақты салқындаған.

Киевтен келген сары Света қыз,
Балмұздақ жеудi бiрге ұнатамыз.
Ол кезде оқытпады, қайдан бiлем,
Днепрге ат суарған ұлы атамыз!

Астасқан ақ түнменен таңды ұнатам,
Естiлiп тұратындай мәңгi мақам!
Қоршауда қалған кезде тоғыз жүз күн

Қала бұл жыр арнаған Жамбыл атам.

Не керек, өте шықты азғана күн,
Азғана күнде жанды сазға малдым.
Білмеймін, сонша неге қуанамын,
Білмеймін, неге сонша мәз боламын!

Оралдық он үш күнде отбасына,
Уақыт зымырайды, тоқтасын ба.
Шегініп барғандаймыз өткен күнге,
Ілгері кеткендейміз көп ғасырға!

Көзтаныс кітаптан тек аян қала,
Сырына құлағың тос, аялда да.
Кеңшардың клубына жиналған жұрт
Алдында жасап тұрдым баяндама.

Ғибрат болар, бәлкім, мен үшін де,
Ғибрат болар, бәлкім, сен үшін де,
Жадымда жаңғырады енді бүгін
Басымнан кешкен дәурен он үшімде!

БІР ҚҰШАҚ ШӨП

Оқыдық әр тоқсаннан жүлде сұрай,
Таныта бермес тағдыр күнде сыңай.
Онжылдық мектебіміз Сұлуталда –
Кеңшардың орталығы іргесі бай.

Ауыр жүк жеңілдемей арқандағы,
Мектепке бастайды жол әр таңдағы.
Еңсеріп оқуын да жетіншінің,
Күтеміз каникулды қаңтардағы.

Білімнен көшет егіп бақшама мен,
Баптадым өз бойыма шақ шамамен.
Алдында каникулдың орталыққа,
Ауылдан әкем келді атшанамен.

Демеймін ерке едім, еріншек ем,
Қаққанда қисаймайтын менің шегем.
– Ауданға баратын бір шаруам бар,
Қайта бер, – деді әкем, – бөлімшеге!

Божыны білем қалай ұстауын да,
Қиялым құс боп сонда ұшты ауылға.
Бесінде атшанамен шығып кеттім,
Бөлімше – Қожагелді қыстауында.

Ән салсам даусым сонда қарлыға ма,
Ақбоз ат сар желіспен барлыға ма.
Аязы шымшылайды мұрынымнан,
Айналам аппақ әлем, қарлы дала.

Болмайды қысқы жолда адасуға,
Бір үрей ақ қасқыр боп жанасуда...

Орталық пен бөлімше аралығы
Он сегіз шақырымдай шамасында.

Арманшыл жүрек іздеп дос табады,
Сағыныш баурап көзден жас тамады.
Шамалы күшейгендей кешкі аяз,
Шананың қар сызады қос табаны.

Қар биыл түскен екен тауға қалың,
Көрсен ғой қарға түлкі аунағанын.
Шанадан түсіп кейде жүгірсем де
Бойымды суық алды, жаурағаным...

Балалық, балғын дәурен, шақ қой асыл,
Бұзам деп бөгесінді, шарт қоясың.
Оншалық қашық емес жол шетінен
Көрінді қоршаулаған шөп маясы.

Қуанып кеттім соны көзім шалып,
Тербетіп келе жатқам сезім-шабыт.
Шанаға бір құшақ шөп салып алсам,
Тоңбаймын, жаурамаймын осыншалық.

Демеймін оң-солымды танығанмын,
Бассауға іздері хақ жаны бардың.
Иісі мұрын жарған бір құшақ шөп,
Шанама ойланбастан салып алдым.

Шіркін-ай, қарлы дала, шөпті шана,
Шыңылтыр аязға да жетті шама.
Бақыттың бұрқырайды буы менен,
Шалқалап тоңазытқан көкті шола.

Қиялым тізгін қақты, тежемедім,
Бір ойым тұра қашқан көжек еді.
Батырлар жырын жатқа оқысам да
Мен үшін асқар тауым – әжем еді!

Ақ дала алақанда тербетеді,
Жас ұлан туған жерде ержетеді.
Ақ көбік бұрқырайды сауырынан
Ақбоз ат өршеленіп өрге , тегі.

Шөп исі, таза ауа, ұлан дала,
Бір тәтті ой ұшқыны қылаңдаған...
Сәл қалғып кетсем керек,
Қос салт атты
Тоқтатты мені жекіп, мынаң қара!

“Оқисың нешіншіде?!” “Пәмилең кім!”
“Кімдерден, шөп ұрлауды, сен үйрендің?!”
“Мектептен қуу керек мұндайларды!...”
...Сөз ұғар деген сенім кеми берді...

Шәріпхан зоотехник зіркілдеді,
Бастық та қасындағы күркілдеді.
“Қазір бұл шөп ұрласа, есейген соң

Кеңшардан мал ұрлауы, мүмкін!” деді.

“Тоңған соң...” деп бастап ем тыңдамады,

Маңайды бірте-бірте түн қамады.

“Балақай, шөпті түсір!”

Зоотехник

Аузынан көбік шашып жынданады.

Баламын, таласуға шама қайда,

Үлкендер сөз тыңдауға жарамайды, ә!

Амал не, қалды ақыр бір құшақ шөп,

Шашылып жол шетінде, анадайда...

“Мектепке хабарлайды-ау!..” Қауіптенем.

Баукеспе ұрлықшыны тауып менен,

Өзегім өкініш боп өртенемін,

Жарылар жанартау боп жанып келем.

Естісе, ұят болды-ау, достарымнан,

Сынғандай, кіржемін, қос қабырғам.

Жазықсыз жалалымын деп күйінем,

Бәрінен, болдым-ау деп босқа “құрбан”.

... Арада жылдар өтті жайыменен,

Мен қудым қара өлең, қайым өлең.

“Алматы қайдасың?!” деп алыс кеттім,

Арбады сиқырымен сайын әлем.

Әкемнің дауысына шап-шақ әуен,

Ойымда жүрген ылғи оқшау өлең!

Оралған Алматыдан ұлын әкем,

Қаңтарда қарсы алды ат-шанамен.

Бұл өмір сеніңше ме, меніңше ме,

Әкемнен аумайтұғын дедім шебер.

Екеуміз жылы тонға оранып ап,

Бесінде тартып кеттік бөлімшеге.

Сұрадым көршілерді, таныстарды,

Сұрадым бәйгелерді, жарыстарды.

“Шал болып қалыпсыз ғой!” деген едім,

Бұл сөзге әкем аздап намыстанды.

Әкемнің әр сөзінен ой аңдадым:

“Бұл қыста қасқырлар аз, қоян қалың”.

Бір кезде еске түсіп бір құшақ шөп,

Барлығын бастан-аяқ баяндадым.

Көп сөздің бірі қаяу, бірі медет,

Біреу күліп, ал біреу күңіренет.

Содан соң, сөз сыралғы, сұрай салдым,

“Сол кісі – зоотехник тірі ме?” деп.

Біразға дейін әкем үндемеді,

Зиратқа қарап қойып іргедегі...

“Мал басын көп кемітіп, істі болып,

Сабаздың тапқан жері түрме!” деді.

Елестеп көз алдыма қарлы дала,
Жәутендеп тұрды сонда арлы бала.
Біртүрлі жаны ашып қарайтындай,
Балалық дәуреніме барлық адам!

ОН ҚАНАТ ШЕТЕН

Жылт еткен жаңалықты бөтен көрмен,
Жанынан өтем әрмен, өтем бермен,
Ауылда Айдаболдың шөп қорасы
Қоршалған керегекөз шетендермен.

Шетеннің кісі бойы биіктігі,
Өзгеше көзге, тіпті, күйік-тұғын.
Әкем де “шөп қорамды қоршап бер” деп,
Мазалап жүрген жиі сүйікті ұлын.

Сөзімді бермесем де құрақ ұшып,
Әкемді қуантуға бұрады ішім...
Ауылда Айдаболдың шөп қорасы
Көз тартып анадайдан тұрады шын.

Басыма түрлі-түрлі ой қонақтап,
Бозаңнан ойын қумай жәй далақтап,
Айдабол шетен тоқып жатқан кезде
Қасында жүрдім талай айналақтап.

Боғастың бойын құлдап гүл кешемін,
Іздеймін іскерліктің ілгешегін.
Саусақтың саласындай шілік-талды
Сұрыптап қидым содан бірнеше күн.

Каникул, жаз маусымы, жабағат күн,
Зымырап өтіп жатыр, санамаппын...
Тасыдым ат-арбамен қиған талды
“Ал, шетен тоқимын!” деп қада қақтым.

Ақылын үлкендердің талай тыңдай,
Есейдік қолғабысқа жарайтындай.
Байқаймын, бұрын шетен тоқымаған,
Басқалар маған күле қарайтындай.

Есімде Бақты шалдың қағытқаны,
Біртүрлі аяушылық танытқаны...
Солқылдақ шілік-талды бұрап иіп,
Шетенді тоқыдым мен шабыттанып.

Өр намыс сол бір шақта қанда ойнапты,
Ыңылдап айтып қоям “Балқаймақты”.
Бір күні Құдайберген құрдасым кеп,
“Сен нағыз шеберсің!” деп таңдай қақты.

Шыбықты иіп, тоқып, өргенімде,
Келтірдім құс қанатты өрнегін де.
Азанда басын шайқап ұзақ тұрды

Айдабол арнайы кеп көргенінде.

Керейхан, Оразбай мен Жеңіс, Кеней,
Мақтады, мына жерің кеміс демей.
Бәйкен шал, Сексен, Бейсен, Түсіпхан да,
Қолпаштап қойды мені келіскендей.

Лензат пен Дию Кеңес, Шағамбайдың,
Көздері түсті маған, бағамдаймын.
Он қанат шетен тоқу ойымда бар,
Тезірек бітірсем деп алаңдаймын.

Әкеме жарадым деп қолғабысқа,
Әрдайым жүрем іштей толғаныста.
Сол кезде әкем соғыс мүгедегі
Көрмеді айыр, күрек қолға ұстап.

Жақсылық – әкем аты, тұйық кісі,
Сонда да малшы ауылдың ұйытқысы.
Жарықтық жалғыз өзі отыратын
Маңайға күле қарап, биік түсіп.

Сол жазда көктен жұлдыз сорғалаттым,
Тәңірім танытқандай оң қабақты.
Тамсанып көршілерім көрді дейсің
Тоқыған шетенімді он қанатты.

Ұл жарап ат ұстарға, ту ұстарға,
Бұл да той қызық, думан қуысқанға.
“Шөп қора мәселесі шешілді!” деп,
Әкем де, әй, мақтанды, туыстарға.

Қайтпайды алған беттен бекіген ер,
Айдабол, айтсам енді реті келер:
“Апырай, саңылау жоқ арасында
Шыраққа қонған, – депті, – шетін өнер!”

Жас талды майыстырып өремін ғой,
Өрнегін үйлестіріп көремін ғой.
Сол шетен – өз қолыммен, ең алғашқы,
Ұйқасқа түскен менің өлеңім ғой!

Жетеді қуған адам шын арманға,
Ұқсайды арман, шіркін, шырағданға.
Сол шетен – шабытымның ақ бастауы,
Алғашқы жазған менің шығармам да!

Жіп есер қалаған жан жібекпен де,
Дүрсілдеп соғар асау жүрек менде.
Не керек, әке-шешем дән ыриза,
Қалаға кеттім өзім жыл өткенде.

Білімнен нәр алуға ерік бердім,
Жастық шақ жайлауында зеріккен кім.
Арада бесеу, алтау, он жыл өтті,
Шетенім ескіріпті, келіп көрдім.

Әкем де жерге төсеп жауырынын,
Естімей кетті жаңа дәуір үнін.
Шалдары сиреп қапты қауқылдасқан,
Шап-шағын Қожагелді ауылының.

Бұл ауыл аттандырған небір саңлақ,
Талай ел алыс-жақын көрдім шарлап...
Ауласын айналдыра қоршап жатты
Жас жігіт алып келіп темір шарбақ...

ЗАУАЛ

Жүгірмектер он екі, он үштегі,
Ермек үшін шағады шемішкені...
Шатырларды адақтап кептер жинап,
... Кешкіғұрым бір іске келіскені...

Келіскенде, шешкен іс жоспар құрып,
Есті кісі емес бұл қостар қылық...
Әуелгіде әуестік жеңе қарап,
Шошынасың соңынан астар ұғып...

Аузын буған қапқа сап кептерлерді,
Алып шықты ауылдан бөктердегі...
Көл жағалап, жарлауыт қабақ іздеп,
Жүгірмектер жінікті бетперделі...

Қызыл іңір ұзарып, қас қарайған,
Адам қуат алады асқақ ойдан ...
Ал мыналар сұмдық бір іс соңында,
Баба сөзін ұмытқан тасқа ойған ...

Жүгірмектер он екі, он үштегі,
Ақыл-есі, білмеймін, кеміс пе еді...
Әлі күнге бір сауал миым тесер:
Сары үрпектер осыны неге істеді?!

Бір қап кептер, бір шелек керосин бар...
Елестетіп “қызықтың” елесін дәл ...
Жарқабаққа шықты олар көлге төнген,
Қорықпады Құдайдан неге сұмдар?!

Батырып ап шелекте керосинге,
Кептерлерге от қойды!..
Сенесің бе?!
“Қызыл шарлар” ұшады көл үстінде,
Лаулаған от ойнайды төбесінде!..

Көзді ашып-жұмғанша пенде ғаріп,
Лаулаған от құлайды көлге барып.
“Қызыл шарға” айналған көк кептерлер,
Қиналамын, обалы менде қалып...

Жүгірмектер, зэнталақ, бэтшағарлар,
Өздері жас емес пе, отша лаулар.
Отқа орап бейкүнә кептерлерді,
Күйінбессің қалайша, жатса олар!..

Отқа оранған кептерлер көлге құлап,
Ауыл үнсіз, естімей елде құлақ...
Түнгі аспанды тілгілеп “қызыл шарлар”,
Арашашы табылмай емге, бірақ...

Есіреді мәз болып жарыместер,
Жарыместер барында зарың өскен ...
Отқа оранып үміт пен сенім өлген,
Есіңе тұт, ертең де бәрің ескер...

Отқа орап лақтырған кептерлерге,
Кептер болып өртеніп кеткендерге,
Терек дұға оқиды басын иіп,
Түнгі сарын аңырап Көк пен Жерде...

Соңғы кептер тыпырлап қап түбінде,
Бір жүгірмек қолына ап күбірлеп:
“Тірі шарға айнал!” – деп от қойғанда,
Ауыл жақта айғай-шу, ат дүбірлеп...

Өлгі кептер – зымыран, самғады тік,
Қызыл қанат кеткендей жанға бітіп...
Көлге емес, құдилап ауыл жаққа,
Есі шыққан адамдар қалған күтіп...

Жаратқанға табынып жиын-халық,
Әр кәллаға үймелеп дүйім қауіп...
... Отқа орады от-кептер ақырында
Он үштегі кешенің үйін тауып!..

ҚОҢЫР ҚАЗ

Күйбеңдеумен жүрісі түк өнбейтін,
Қолда барын қорғаштап, үнемдейтін,
Көрші кемпір жем шашып ертелі-кеш,
Қайта-қайта қаздарын түгендейтін .

Шүйке шуда ермегі түтетұғын,
Шаруа шағын, шаршатпай бітетұғын .
Шау тартса да жеңгізбей жалғыздыққа,
Шапағатын Тәңірдің күтетұғын.

Күн қабағы жадырап, түнереді,
Көктемде көк белде гүл өреді.
Ақ қаздардың ішінде бір қоңыр қаз
Көзге дара көрініп жүрер еді.

Кемпірдің де мейірі қоңыр қазда,
Қос балапан шығарды со бір жазда.
Қамқорлыққа қаншама бөленсе де
Кездейсоқтық кесірі өмірде аз ба?!

...Көл жағалай жайылып жүргенінде,
Күтпеген жай болды ғой бірде мүлде.
Бір сары үрпек жоғалды көз алдында.
Ғайып болып құстардың дүрмегінде.

Тағы бірде... ауылға бұрып бетті,
Қайтарда... қоңыр қаздан ырық кетті.
Қара боран соқты да, балапанын
Қара бұршақ жаңбыры ұрып кетті...

Көп адасты қоңыр қаз үйге дейін,
Басқадай бір ауысты күйге кейін.
Айдын көлден, ақ қаздар арасынан
Аласұрып іздеді “түймедейін”.

Қалың шүйгін жетілді қолаттағы,
Қаңқылдаумен өткізді ол аптаны,
Жемді бірге жесе де жайшылықта,
Басқа қаздар жанына жолатпады.

Санап жүріп ғұмырда аз қалған күнді,
Кемпір күтті ізгілік алдан нұрлы.
Бауырына сап үйректің балапанын,
Қоңыр қазды сонымен алдандырды...

Күрмеуі көп тірліктің құба таңы
Күліп атса, әркім-ақ ұнатады.
Аңдаусызда аһ ұрған адамдарды
Өмір кейде өстіп те жұбатады.

КӨК БОЗ АТ

Қағажу көріп, ұмыт боп,
Міністен көк боз қалғалы,
Қырқаға қарап тұнық көк,
Ұмсынар тыныс алғалы.

Арқасы жауыр ер батқан,
Жем түскен аяқ бастырмай,
Құлақтың түбін тер қатқан
Қытықтамайды жас қурай.

Жануар сұлық тұрады,
Ұқсату қиын жылқыға.
Самарқау мойын бұрады,
Сүлесок қана жұлқына.

Жасыдың сонда, қария,
Қолыңа алып жүгенін,
Бір ойға шомып дария,
Күрсіне кейіп, жүдедің.

Көк бозың көңіл құсы еді,
Бәйгенің алдын бермейтін.
Көп жайлар еске түседі
Өзіңді-өзің тергейтін.

Көк құнан еді кешегі,
Көтерген шаңын даланың.

Жөн білер жандар көшелі
Көп айтқан талабын.

Арбаға жексен бұзылар,
Алқымын қамыт қажап көп.
Терінің ащы тұзы бар
Аяқ сілтесі ғажап деп.

Қой бақпа дейтін мұнымен
Бүйірге қос-қос тепкілеп.
Қор болады ғой шынымен,
Бас асау емес, текті деп

Көк боздан үміт көп дейтін
Келелі кеңес құрғанда.
Күш-көлік бірақ жетпейтін,
Қыруар жұмыс тұрғанда.

Мәлім ғой шопан мұраты,
Шабады ойға, қырға да
Шалдыққан кезде бір аты
Баптай ма мұны құр ғана.

Бір ауық бұған ауысып,
Тартатын қатты айылын
Жайлаудың отын тауысып,
Іздейтін басқа жайылым.

Қамытын киіп тұрмыстын,
Қажыдың талай өзің де
Қауқарың барда тырмыстың,
Қайратты едің кезінде.

Шау тартқан шақта келіп мен
Тұқырту емес мақсатым.
Бағаламадың неліктен,
Жабы болыпты жақсы атың.

Алыста жылқы үйірі,
Кісінейді бір жас құлын.
Солықтап екі бүйірі,
Көк бозды ауыр басты мұң.

Оңалмай содан кейін-ақ,
Сүлесок тұрды неше күн.
Еңкілдеп қария бейуақ,
Таба алмай қойды еш емін.

Жусаудан қалды көк боз ат,
Жығылды мүлде тұра алмай
Қарияның өңі боп-боз боп,
Ағарды шашы қыраудай.

Тұяғын серпіп соңғы рет,
Шығармай көк боз дыбысын,
Көзінде аспан мөлдіреп

Тереңнен үзді тынысын.

Жүгінді қария жүрелеп,
Жасырмай көздің жасын да.
Кетердей көк боз түрегеп,
Ер-тоқым жатты қасында...

БАЛДАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Ер тұлғасы сын сәтте дараланбақ,
Жолын тосып жүргенде жорамалдап,
Ауылына Айдабол оралыпты,
Қолтығында сықырлап қара балдақ.

Бұдан қырық жыл бұрын, жігіт шағы,
Әркімнің де қолында үміт шамы
Өшіп-жанып тұрғанда оралыпты,
Жыртылғанды жамапты іліп-шалып...

Бозбаланы көргендер сыңар аяқ,
Белгілі ғой, біртүрлі, тұрар аяп.
Бір аяғын беріпті Жеңіс үшін,
Бағамдапты басқалар сұрамай-ақ.

Мүгедектпін демепті, қорынбапты,
Талқандапты қиындық торын қатты,
Қаз тұрғызып кеңшардың шаруасын,
Тапсырмасын мүлтіксіз орындапты.

Балдақ үнін тыңдатып бар маңына,
Бойда күшін халқына арнады да,
Бақуатты қазақтың қара шалы
Бұғалықты салыпты арманына.

Тірлік-теңіз толы ғой шу-ағысқа,
Толқын болып жығылу жұбаныш па.
Ұрпақ сүйіп, ұзартып ғұмыр көшін,
Ұластырды шаттығын қуанышқа.

Ой жүгіртсек өткенге сара барлап,
Сыздауы көп соғыстан жара қалмақ.
Соның дерті сырқырап қинағандай,
Қайысатын еді ғой қара балдақ.

Қатал тағдыр ауыр жүк артсын ұқты,
Тым жадағай түсінбе жақсылықты.
Айдабол, бәрін бастан өткеріпті,
Ал, бірде, қара балдақ шарт сыныпты...

Қарияның болса да тегі мықты,

Қолына алып балдағын егіліпті.
Қарманыпты ауаны қалт-құлт етіп,
Қабырғасы қайғыдан сөгіліпті.

Тұрғызыпты орнынан демеп ұлы,
Бекер айтып отыр ғой деме мұны.
«Протезбен жүресіз бұдан соң!..» – деп,
Апарыпты қалаға келер күні.

Таңдағанға мақсат көп, мұрат өзге,
Қолдан келсе дәл тигіз, тура көзде.
Қолайлы деп қаншама мақтағанмен,
Қызықпапты Айдабол протезге.

Болған дұрыс өмірде асқағырақ,
Ғұмыр деген ойласаң қас-қағым-ақ.
Бір аяқпен жүруге мүмкін емес,
Балдақ сатып алыпты, басқа, бірақ...

Айдаболдың шек қойман талғамына,
Сенімменен қарайтын алдағыға,
Сүйеніпті ол ылғи адамдарға,
Сүйеніпті содан соң балдағына!..

АЙНА СЫРТЫНДА САҚТАЛҒАН СУРЕТ

1.
Сарғайған сурет сырға бай,
Сөйлейді, шіркін, үнсіз-ақ.
Түсінер екен кім қалай,
Оралар ойға мың сұрақ.

Аға мен бауыр тілектес,
Сәкен мен Сәбит дос көңіл.
Өткелектерден кім өтпес,
Ұмтылар өрге өскен ұл.

Сәкен мен Сәбит ұғысқан,
Кездесіп елең-алаңда.
Көшбасшы болған ту ұстап,
Салмақты салып қаламға.

Төңкеріс жырын жырлады,
Тендікке қазақ жетер деп,
Жорыққа үндеп тұрғанын,
Жорисың қалай бекер деп.

Заманы сондай күрделі,
Заңы да қатал зарлы еді.
Намыстың шоғын үрледі,
Бақытқа бір жол бар деді...

Сол жолда кешті сор қанша,
Сол жолда тіпті адасқан.
Болмаса деді қорғаншақ,
Азамат шықса Алаштан...

II

Табысып Қызылордада,
«Еңбекші қазақ» түлеткен.
Бірі – іні, бірі – болды аға,
Түскенде мына суретке¹.

Өрекіп күрес тартысты,
Өршіген кезі дау-дамай.
Айтысқанменен айтысты,
Артық та кетіп аңдамай...

... Сәкеннің сұсты әлпеті,
Еңсесін ұстап өр, биік.
Кетердей бәрін тәрк етіп,
Кезеңге күліп кермиық...

Сәбиттің басын ой торлап,
Сәкенді сүйеу санаған.
Соқтықпай әлі сойқанға,
Ұмтылған жұмбақ жағаға...

Үмітті шақтың елесін,
Үдерген жылдар мұрасын.
Суреттен осы көресің,
Суреттен осы ұғасың...

III

... Қанқұйлы отыз жетіде,
Қара бұлт төнді аспаннан.
Ұлдарын ұлттың жетілген,
Қудалау, соттау басталған.

Бұйрыққа істі бейімдеп,
Ашқанда ажал аранын...
Ілияс, Сәкен, Бейімбет
Құрбаны болды жаланың.

Сәкенмен сырлас, сенгені,
Мағжанды тартып қасына,
Сәбит те кетті сенделіп,
Күн туды кенет басына.

Қанатты қатты қайрылды,
Халық па мынау оянған?!
Билеттен қызыл айрылды,
Бұған да тықыр таянған...

Ұранмен қайда ұмтылған?!
Мәриям ұқпас іс еді.
Сәкен мен Сәбит бір тұрған
Суретке көзі түседі.

Ер Сәкен кетті ұсталып,

¹ С.Сейфуллин мен С.Мұқановтың 1928 жылы түскен суреті

Сәбиттің келсе кезегі...
Қуанар барлық дұшпаны,
Бұл сурет – айғақ ... Сезді.

Сыпырып ұлттың қаймағын,
Айласын Мұртты асырды...
Мәриям сонда айнаның
Сыртына сурет жасырды.

Соқты да тағдыр құйыны,
Сәкендер содан қайтпады.
Жазушы одақ, ұйымы,
Жағымды хабар айтпады.

Алапат нәубет, ырасында,
Қазақты жаншып, таптады.
Батырақ болған басында,
Сәбитті құдай сақтады...

Көп жылдар өтті арада,
Өзенде қанша су ақты.
Адамдар жаны жарадар,
Қайтадан тапты қуатты.

Оталды қанша ормандар,
Жүректе қанша дақ қалды...
Жаламен құрбан болғандар,
«Жазығы жоқ!» деп ақталды.

Ақталды Сәкен!
Сол күнгі
Сәбиттің көрсең шаттығын!
«Әділет бар!» деп желпінді,
Көзінде терең жатты мұң.

Ортаға сабыр әкелдім,
Осылай уақыт қол алды.
Ойына сонда Мәкеңнің
Баяғы сурет оралды.

Құяды сай да сайға кеп,
Дүние кең ғой құшағы.
«Саяжай! Айна!.. қайда?» – деп,
Тау жаққа құстай ұшады.

Қиямет, қатал қайда күн,
Үміттің оты жағылды.
Елеусіз қалған айнаның
Сыртынан сурет табылды!

Жетеді үйге асыға,
Тәңірдің бұл да бергені.
Сәбиттің келіп қасына
«Суретті мына көр!» деді.

Тебірентті мына жай тағы,
Тек жазу болған ермегі:

«Айналайын-ай!» – айтқаны,
«Айналайын-ай!» – көргені!

Дүнианың толып кем күні,
Сөйлейді Сәбең екпіндеп:
«Сақтадың қалай сен мұны,
«Айналайын-ай!» – деп күнде.

ІҮ

Сарғайған сурет – сыр аңыз,
Сөйлейді тілсіз, тұр қарап.
Жауабы дайын, сұраңыз,
Сусиды жылдар сырғанап.

Сәкен мен Сәбит ұғысқан,
Кездесіп елең-алаңда.
Көшбасшы болған ту ұстап,
Салмақты салып қаламға...!

Бұйдасын үзіп бұлқына,
Бойлады заман парқына.
Қызымет қылды ұлтына,
Қадірлі болды халқына!

БАСЫН БҰЛТ ШАЛМАС АҚСЕҢГІР

Бұқар жырау дегенде –
Бұрқаған жырдың бұлағы,
Бұлқынған сезім пырағы,
Бұлағай дәурен тынысы,
“Бұтақты мүйіз бұғысы”.
Бұрылып ұшқан үйрегі,
Бозыда қалған түйнегі,
Бағзыдан ақыл тосқаны,
Байлардың басын қосқаны,
Батырдың қобыз тыңдауы,
Билердің шешкен құн дауы.
Бозторғай болған бақыты,
Базары көшкен уақыты,
Байдалы тудың иесі,
Басалқы сөздің жүйесі –
Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
Буыршын мұзға тайғаны,
Баршынның ақтық айбары,
Бағаналы орда байсалы,
Боз үйдің жақсы, жайсаңы,
Береке берер беделі,
Белгітасқа ойған бедері,
Бегімсал бешпент, бөстегі,
Боталы інген көштегі,
Болжаусыз ғұмыр кешкені,

Болжағыш абыз, данасы,
Бітіспес билік таласы,
Бұғаудың үзген шынжырын,
Бурылдың ұстап шылбырын,
Бұлан сан оғлан мінгені,
Бүркіттің түлкі ілгені,
Барлығын көзбен баққаны,
Баянсыз тағдыр қақпаны –
Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
Бұйдасыз асау қара нар,
Бұйырғын белді аралар,
Боз мойын құстың ұясы,
Боз жартас, құздың қиясы,
Боқырау түссе бұлданып,
Бас изер қамыс ырғалып,
Бірігу керек және де
Бөліну деген немене.
Бұл қауіп кетсе ұлғайып,
Байсынға қолды бұлғайық.
Бұдан да өткен қорлық жоқ,
Бауарға түспей зорлық жоқ.
Бекер ме бұлай болары,
Белгісіз қайда қонары.
Бұқпалап келіп бас салар,
Басына жастық жастанар,
Бауырың бүтін, бар күрес
Бостандық үшін басталар.

Бетеге, жусан белінде,
Береке болсын елінде,
Батырлар жортқан құба бел,
Барады көшіп шұбап ел –
Бір елестер көзіме!

Бұқар жырау дегенде –
Байсалды ойдың теңізі,
Бұқара мұңы негізі.
Бұзылған сендей жырлары,
Бұлғақты кезең ырғағы,
Бойсұнған ханы, қарасы,
Бір жұмбақ іште жарасы,
Белдеуде тұрған тұлпары,
Бейбарыс баба ұрпағы,
Балдақты тұғыр қонғаны,
Бір имек садақ жонғаны,
Боздақтар шері шерткені,
Бейдауа сағым ерткені,
Бидайық көлдің жағасы,
Бір сары өзен сағасы,
Барлық батырдың ағасы,
Барлық ақынның ағасы,
Басын бұлт шалмас Ақсеңгір –
Баба Жырау –
Бір елестер көзіме!

ӨМІР СҮРІП ЖҮРМІЗ БЕ!?

Болған соң құмар күнгейге,
Баурайтын болар мұң кейде,
Бекеттен алыс қол бұлғап,
Белгісіз бұлғақ бір бейне.
Бойсұнған халді жөн көрмей,
Сергелдең кешіп сенделмей,
Балынан татып қызықтың,
Бақытқа бірақ теңгермей,
Олай да бұлай кезде де,
Кесірің тимей өзгеге.
Толқынмен асау алысып,
Бауыры алтын жез кеме.
Жыраққа жалғыз жол ұстап,
Жүрекке арман қоныстап.
Болжаусыз күндер жақындап,
Бодаусыз жылдар алыстап,
Өмір сүріп жүрміз бе?

Балалық шақтың ауылын,
Базарлы шақтың дауылын .
Сағына сыздап жүрегін,
Селдете төгіп жауынын .
Аз демей шаттық, көп демей,
Шеңбермен ойды шектемей.
Ширыққан тұста үлкен дау,
Шешімін күтіп шеттемей.
Ентелеп кетпей еңісте,
Емпелеп кетпей теріске.
Әділет барда әйтеуір,
Сенімді болып жеңіске.
Еңсеңді тіктеп әрдайым,
Еңсеріп жүкті нардайын .
Адалдық барын айғақтап,
Алғашқы жауған қардайын .
Құлқының үшін қайдағы,
Көздемей ұсақ пайданы.
Тірліктің мәнін түсініп,
Жығылмай күрес байрағы,
Өмір сүріп жүрміз бе?

Тұнығын аңсап тұманың,
Тұманды серпіп бұл әнің.
Дүниенің айкай - шуына,
Үйреніп әбден құлағың.
Төзесің, – деуден, – шырағым.
Таусыла жаздап шыдамың,
Сөндіріп алмай сонда да,
Үміттің әлсіз шырағын .
Бұзылып кетіп жоспарың,
Бұрылып кетіп достарың.
Боламыз бірге дескендер,

Бөлектеу тігіп қостарын .
Бұлттанып кенет аспаның,
Бұлыңғыр тартып асқарың.
Жабырқап жалғыз қалғанда,
Бір жұлдыз жанып қас қағым.
Болашақ жайы мазалап,
Тозаңды тұтқан тазалап.
Бойынан биік ойы бар,
Болсам деп адал азамат,
Көлеңке қумай сағалап,
Жар басып жүріп жағалап.
Жеткізер түбі мақсатқа,
Арманды асыл бағалап,
Керуен күндер үдеріп,
Көшкенде тұрмай түнеріп.
Тосқауыл тұрса талқандап,
Тұйыққа қалмай тіреліп,
Беліңді бекем буынып,
Сағымға аппақ жуынып,
Бәлкім, тым ерте есейіп,
Бәлкім, тым кештеу туылып,
Өмір сүріп жүрміз бе?

Өнеге көріп ұяңда,
Көзіңді тігіп қиянға.
Көбелек қуған көп күндер,
Айналып енді қиялға.
Алғаусыз доспен туысып,
Арзымас жанмен суысып,
Қиянат дейтін құрғырды,
Қайдан да болсын қуысып.
Бас пайда демей есепті,
Майдалай бермей кесекті,
Бората бермей бос сөзді,
Тарата бермей өсекті,
Санаңды ойлар кеміріп,
Қабырғаң сонда сөгіліп.
Ақ қағаз болып сырласың,
Алапат сезім төгіліп,
Қайтарып жеке қарызды,
Орындап ортақ парызды,
Бал-шырын жинап ерінбей,
Бейнетқор ара тәрізді,
Біреуге беріп қолұшын,
Дәметпей ақы сол үшін,
Адамға адам жолдас деп,
Дәлелдеп ылғи соны шын.
Билікке жетсе қолымыз,
Бедел деп ұқпай соны біз.
Бас шұлғып тұрса ойланып,
Оңымыз бенен солымыз.
Тоқсан бір тарау жолымыз.
Табылмас, бәлкім, жоғымыз.
Соңымда қалса екен деп,
Сонарға түскен соны із.
Жанарға кейде жас тұнып,
Жаралы сөзге бас тігіп,

Ғажайып көктем шақырып,
Ғашықтық дерті асқынып,
Жақсының бәрін дос көріп,
Жалғыздық барын ескеріп.
Аңдаусыз келер ақырын,
Ажалдан аздап сескеніп.
Ақ сүтін ақтап ананың,
Ақылын тыңдап дананың.
Халықтың бағы деп ұғып,
Дамуы ұлттық сананың.
Жаршысы болып жаңаның,
Уақыттың танып талабын.
Өлшеусіз сенім оятып,
Өзгерген мынау заманың –
Өмір сүріп жүрміз бе?

Тұңғиық тартып білімін,
Тірлігін танып тірінің.
Есейген сайын қымбаттап,
Қадірі қазақ тілінің.
Кеуденді дауыл күй керіп,
Тарихтың тыңын игеріп.
Тереңге тамыр тартудың,
Тектілік заңын үйреніп.
Ардақты халық ұлдарын,
Асыра сілтеу құрбанын,
Ақтауға ұрпақ парызы,
Аманат артып тұрғанын,
Арнасын өзен бұрғанын,
Қаймықпай бүгін дәлелдеп.
Ақиқат билік құрғанын.
Бағалай біліп ар құнын,
Бояуын ашып әр күнің,
Жұртыңа жедел жеткізіп,
Жазықсыз жандар зар-мұңын.
Жаланың тежеп қарғынын,
Ақтарып сырын арғының.
Бейнесін ашып бергінің,
Жария жасап барлығын
Өмір сүріп жүрміз бе?

Көкейде жүрген көп тілек,
Өзекті өртер отты леп.
Жегілмей өгіз қамытқа,
Кетуді аңсап көк тіреп.
Езіліп сонда ет жүрек,
Елеусіз ғұмыр өтті деп.
Еңсегей елдің ұлдары,
Ерге де қонған ептірек.
Даланың жырлап кеңдігін,
Қалада өтіп кемді күн,
Апару үшін ертеңге,
Аударып алмай ел жүгін,
Тыныстап адал еңбекпен,
Өткізбей өмір ермекпен .
Қалдыру үшін қолтаңба,
Өзгеше нақыш-өрнекпен

Өмір сүріп жүрміз бе?

Өзіңе іштей үңіліп,
Өңезе жаннан түңіліп.
Асуы қиын өткелде,
Арыңа ғана жүгініп,
Асырсам демей айланы,
Жасырсам демей айнаны.
Отырған шақта шарасыз,
Оқылып ғұмыр байламы.
Жапырақ жаяр жас талды,
Қорғаудан таным басталды.
Ақылға құрмет көрсетіп,
Асылға балап жастарды.
Алабұлт шалмай аспанды,
Арнаға салып тасқанды,
Айыпты санап жазғырмай,
Ата жұрт ауып босқанды.
Тағдырға талай өткелек.
Тартыстың жөні көп бөлек,
Күдері кезең куәсі,
Кездесер бәлкім бетпе-бет.
Жүретін жолды саралап,
Жаныңды кейде жаралап.
Кешегі тарих – ақтаңдақ,
Бүгінгі сабақ – Қарабах.
Тіліңді тұтып өнеге,
Балға боп қисық шегеге.
Балаңа күнде ұқтырып,
Биіктің құны немене.
Жайыла түсіп кереге,
Тағдырға тартпай жеребе.
Туыстық жайын түсініп,
Танымға биік өреде,
Өмір сүріп жүрміз бе?

Беймаза мынау ғасырда,
Болмай-ақ сыры жасырған .
Тағдырын ойлап адамның,
Басынан заман асырған,
Бөлінбей түрге, нәсілге,
Жер шарын ұстап өсінде.
Бой ұрмай “соғыс ойыны”,
Болатын сұмдық тәсілге,
Жаңару жырын тыңдатып,
Тұтылып тұрған күн батып.
Ұтылып қалмай уақыттан,
Ең алғы шептен үн қатып.
Ұршықты талай зырлатып,
Уақытты алмай ұрлатып.
Жырақтай түсіп бір қайғы,
Жуықтай түсіп бір бақыт.
Адамзат үшін алаңдап,
Қалмауы үшін арандап.
Жоймауы үшін тірлікті,
Жалынның тілі жалаңдап.

Қарсылық үні дабылдап,
Саябыр таппай дамылдап.
Осының бәрі – барлығын,
Жүрекпен ғана қабылдап,
Өмір сүріп жүрміз бе?

АТАЖҮРЕК – АРДАНСЫЗ

Ал, айтыңыз, бүкпесіз,
Дүние-жалған нүктесіз.
Сонда біздер қонақпыз,
Сызылған ақ жолақпыз.
Өшіп-жанған шырақпыз,
Жақын емес, жырақпыз.
Буырқанған бұлақпыз,
Жауабы жоқ сұрақпыз.
Атажүрек, алдында
Бас иеміз, бірақ, біз.

Ал, айтыңыз, алғаусыз,
Сөз де жетім жалғаусыз.
Жыр да жетім жалынсыз,
Күй де жетім сарынсыз,
Ой дүдәмал дарынсыз.
Атажүрек, Алашқа
Даналықпен мәлімсіз!
Жалаң қылыш жүзімен
Қорғадыңыз бәрін Сіз!

Ал, айтыңыз, армансыз,
Арманда боп қалғансыз.
Жауға бұқпай барғансыз,
Дауға бұқпай барғансыз,
Содан не сый алғансыз...
Сый дәметпес тарлансыз,
Ұрпақ үшін жан пида
Атажүрек – Ардансыз,
Атанжілік нардансыз!

Ал, айтыңыз, қалтқысыз,
Мұзартпысыз, мәртпісіз,
Қылаңбысыз, нартпысыз,
Бала мінез қартпысыз.
Жүректегі қорғасын
Жарты ғасыр жолдасың!
Қызыр баба қолдасын.
Ақырзаман болмасын,
Атажүрек – Мейірім,
Әр кеудеге орнасын!

Ал, айтыңыз, мақтансыз,
Талай бақыт тапқансыз.
Ащы-тұщы татқансыз,
Алыс-алыс жақтансыз,
Қиянатқа қақпансыз.
Қас-қабакты баққансыз,
Атажүрек, елжіреп,

Ақ таң болып атқансыз!

Ал, айтыңыз, секемсіз,
Секемшілдеу екенсіз.
Жауластыққа бөтенсіз,
Жолдастыққа бекемсіз.
Өмір өтер өтеусіз,
Іштей ылғи екеусіз.
Сырттай жалқы, дарасыз,
Атажүрек, асығып,
Енді қайда барасыз?!

Ал, айтыңыз, сөйлеңіз,
Желп-желп етіп жейдеміз.
Тындамаппыз кейде біз,
Кәрілікке күлеміз.
Құрметтеуді білеміз,
Атажүрек, алдыңда
Қарыздармыз, міне, біз.
Үлкен парыз арқалап
Үмітті өмір сүреміз!

БІР ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ...

Жұлдыздар қандай көп еді,
Жырақтан жарық төгеді,
Жұмбақтап қана жымыып,
Жәудіреп қарай береді.
Төбеден үнсіз төнеді,
Үн-түнсіз ылғи сөнеді,
«Жұлдызым менің жоғары!» –
Қайталай бергім келеді.

Сырларын зерттеп ғаламның,
Қырларын кезіп даламның,
Тынысын сезіп заманның,
Мұрасын танып бабамның,
Қызықтап тілін баламның,
Тұрлаулы ғұмыр кешсем деп,
Мен Бүгін қатты алаңмын.

«Жұлдызың жансын!» дегенде,
От ойнап кетер денемде,
Жұлдызым менің – өлеңде,
Жұлдызым менің – төбемде.
Биіктен қарап төменге,
Жұлдызды сәтке сенем де,
Бір күні ағып түсермін,
Бұл дәурен озар менен де!..

Тып-тымық екен түн бүгін,
Зерленген аспан-түңлігім,
Махаббатымен үндінің,
Жұбатар екен кімді-кім.
Жер-Ана менің кіндігім,
Күн-Ата менің тірлігім,
Ал жарық Жұлдыз – тағдырым,
Дәлелдеп өтем бірлігің!

Құйрықты жұлдыз құлаған,
«Қалайша?» деп те сұрағам,
«Қысқарған ғұмыр» деп соны,
Қамығып тұрды бір ағам.
Түсінсем деймін мынаған:
Сағаттай күнде бұраған,
Сыртылдап соғып тұр аман,
Жүрегім менің мазасыз,
Бола ма қатер бір оған?!

Ей, Жарық жұлдыз, жарығым,
Сөнбесін сенің жарығың,
Қауызын жару тарының,
Тоқтату уақыт арының,
Өзгерту өзен сарының,
Тәңірдің тұр ғой қолында
Тағдыры бәрі! Бәрінің!

Жұлдызға қарап көктегі,
Қозғайтын жайлар көп тегі,
Зердені қашан шектеді,
Әлемді тану мектебі,
Тарихтың қалың беттері,
Жадымнан шығып кетпеді.
Бір жұлдыз, әлде, өкпелі,
Көмескі ғана көрінер,
Елеусіз қалып шеткері.

Алдымда ұзақ жол жатты,
Жол үстін қалың қар жапты,
Тағдырым маған сыйлады
Ақ боран дейтін заржақты.
Айыру керек оң жақты,
Айыру керек сол жақты,
Бұрынғы өткен бабалар
Боларын нендей хикмет,
Жұлдызға қарап болжапты.

Бір жұлдыз көктен құлады,
Бір сәби түнде жылады,
«Бұл не?» деп менен сұрады,
Даланың ерке бұлағы.
Уақыттың әлде сынағы,
Құлағым шудан тұнады,
Саманта қыздың сауалы,
Санамда ылғи тұрады.

Жұлдызды сәтін аңсаған,
Бақыттың дәмін тамсаған,
Жүз алпыс бесте қария,
Басымды идім мен саған,
Жаса деп ұзақ ән салам.
Ұрпағың болсын самсаған,
Ғұмырды ұзарт деп жүріп,
Неліктен кенет сан соғам?!

Жұлдызды көпір –жанған бақ,
Ғасырға келер жалғанбақ,
Ғажайып шақты армандап,
Ақындар ылғи толғанбақ,
Жер шары – емес зор қаңбақ,
Жап-жасыл болсын орман-бақ,
Ғарыштан қауіп төнсе де,
Адамдар одан қорғанбақ.

Жұлдызды түнді жамылып,
Жұлдыздан алқа тағынып,
Табысқан екен қос ғашық,
Тағы да бүгін сағынып,
Қалмасын қақпа жабылып,
Алдынан жарық жақ үміт,
Айтылсын жастық сырлары,
Арманда кетпей, зарығып.
Жер басып жүріп тірлікте,
Жетпейміз неге бірлікке,
Өртеніп жатыр әйтеуір,
Картада ылғи бір нүкте.
Пердесін зеңгір түрдік те,
Оған да басып кірдік пе,
Біз осы үшін тудық па,
Осы үшін өмір сүрдік пе?!

Жұлдыз бен Жердің тағдырын,
Табыстырады алғы күн,
Кеңейтіп өріс тарлығын,
Жасайды Тәңір жарлығын,
Жоймасақ егер Ар құнын,
Көрмесек апат қарғынын,
Шаттығы шалқып жарлының,
Кенелер еді Бақытқа,
Бар нәсіл, бар ұлт – барлығы!

Жарқырап жұлдыз бір жарық,
Көктейді ағаш бүр жарып,
Жетелеп ылғи ертеңге,
Шамшырақ үміт тұр жанып,
Жарқыра, жұлдыз, жарқыра,
Ештеңе жетпес нарқына,
Қауышып қайтсын сенімен,
Қиялым менің шарқ ұра,
Жетсем деп тірлік паркына,
Қарайлай берем артыма.
Бір жарық жұлдыз – бір өмір,
Тыныштық болсын халқыма!

АЯН БЕРДІҢ БҮГІН СЕН...

Ақ кебін киген киелім,
Айтарың болса, айт маған.
Басымды саған иемін
Оттан да судан қайтпаған.
Жолбарыс жүрек ұл едім,
Зиратта жалғыз түнедім.

Ақтауға ата тілегін,
Жер басып, тірі жүр едім.
Ақ сөңке тартып іреңім,
Ақ таңда бүгін жүдедім.
Арызым саған жетпейді,
Ауылың алыс, білемін.
Алайда ылғи сиындым,
Басыма төнсе қиын күн.
Түсірдім сонда есіме
Төрінде талай жиынның.

Аруағы ата-бабамның,
Қолдасаң, қане, балаңды.
Жұмбағы жұтып ғаламның
Тұманы тұтып санамды,
Көңілім көптен алаң-ды.
Айырмай оң мен солымды,
Жыландар кесіп жолымды,
Бақалар шулап түнімен,
Байғыздың шошып үнінен,
Бір тірек таппай тіріден,
Алдым ба әлде мазалап,
Жөнге сал яғни жолға сал,
Жұбатып яки жазалап.
Фәниден көшкен бақиға,
Қилы да кешкен уақиға,
Өлмейтін рухың ұшып жүр,
Көк пенен Жерді құшып жүр.
Бірауық маған сыбырлап,
Тірліктің мәнін түсіндір.
Таппаған ойым тиянақ,
Санама сайтан ұялап,
Тура жол таппай қиялап,
Қылышын қайрап қиянат,
Қашанғы өтпек құнсыз күн,
Үнсізбін кейде, тілсізбін.
Ағымнан бұлай жарылу –
Ақталу емес, арылу.

Атыңды атап «Ата» деп,
Балаңа берші бата деп,
Айып па екен жүгінсем.
Түсіме кірдің түңілсем.
Ақ сақалың желкілдеп,
Ақ таяғың қолыңда,
Ақ тайлағың соңыңда,
Аян бердің бүгін сен:
«Арыма, балам! Ар ма?» деп,
«Артық бір сөзге барма!» деп.
«Атаңнан қалған бір жол бар,
Жоғалтпай, соны жалға!» деп.
Ақ кебін киген Армандам,
Үзілген үміт жалғанған,
Қиылған ғұмыр жалғасқан,
Өшкен де шырақ жанатын,
Қанбаған шөлім қанатын,
Өлімнен Өмір іздедім,

Өткеріп ғасыр тізбегін,
Ақ кебін киіп алдың да,
Аруақ болып алдымда
Бір көрінгенің бекер ме,
Бір көрінгенің бекер ме?!

БҰЛАҢ САҒЫМ

Бұлаң, бұлаң, бұлаң сағым,
Бұлаңытқан құлан сағым,
Қиқуладым ұран салып,
Қаузамады кім аңсарын...
Нұр аңсадым, жыр аңсадым.
Құпияға құмар шағым.
Қиялым – құс балапаны,
Ұясында жылан шағып,
Жазатайым өлмесін деп,
Жанған шырақ сөнбесін деп,
Айналамды тұман шалып,
Ақ мұнарға айналса да,
Ат қазыққа байланса да,
Ақ түтектің арасынан
Бұзып-жарып шығар шағым –
Осы күн!

Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр сағым,
Бұрқыратып қырдың шаңын,
Болатындай қырғын салым,
Беймазальық баураса да,
Бір ысып, бір жаурасам да,
Бойға меңдеп белгісіз дерт,
Ойға меңдеп белгісіз өрт,
Аласұрып арыстандай,
Ақ құйынмен жарысқандай,
Өкпем өшіп, енгігемін,
Тау-тас кезіп тентіредім,
Ақ тозаңға орандым да,
Арып-ашып оралдым да,
Жақтым жарық жырдың шамын
Осы күн!

Бозаң, бозаң, бозаң сағым,
Саған қолым созам, сағым.
Жылы-жылы сөз аңсадым,
Жәудіреген көз аңсадым.
Жақындаған, жырақтаған,
Жылатпаған, жұбатпаған,
Жұмбақ әлем – жұмақ, маған.
Жеткізбейтін сағым-әлем,
Сонша-мұнша сағынар ем,
Сандалмамен тағы да мен
Саған бұрдым сапарымды
Осы күн!

Бұлың, бұлың, бұлың сағым,

Күлдіраған құлын сағым.
Шақырады – шарасызбын,
Шаршамауға – шамасызбын,
Дәрменсізбін елемеуге!
Неге, неге, неге деуге,
Қамыс, құрақ қаймыға ма,
Тау, төбелер үндемейді.
Сары белден сары жалын
Сағым көшсін күнде, мейлі,
Селт етпрудің сыры неде?
Алдамаса – арбамаса,
Үмітінді жалғамаса,
Жандалбаса Арманыңның –
Ақ Сағымның керегі не
Осы күн!

АЙ, АСТАНА, АСТАНА!

Ай, Астана, Астана!
Тіл бітірген тасқа да.
Айбарымсың басқаға,
Қазағыңа құшақ жай,
Қатуланба, жасқама!
Ойлап тапқан хас дана,
Осы қалпың асқақ ән!
Алда талай асу бар,
Абылай да аспаған!..

Ай, Астана, Астана!
Азаттыққа бастаған,
Бодандықты тастаған,
Болар дедім бас қала!
Қайсы тілде оқиды
Жарнамаңды жас бала?!
Бұл – ғасырдың сұрағы,
Бұл – ғасырдың сынағы,
Мағжан тілін қазақтар
Менсінбесе, масқара!..

Ай, Астана, Астана!
Бер қазаққа баспана!
Бай, кедейге бөліп тек,
Сыртқа теуіп тастама!
Тасқа маңдай соқпасын
Талабы зор жас дара!
Қандай дауыл соқса да
Қарсы тұрар қасқара,
Қазағыңа қарайлас,
Қандастарға қарайлас,
Асып келген аспара!..

Ай, Астана, Астана!
Қазақ үшін қасиет
Қара қазан, тостаған.
Сәлем беріп кіреді
Қара лашық, қосқа да!
Шымбайыңа батырып,

Шын айтады дос қана!
Төрт қақпанды түгенде,
Ашық-шашық тастама!
Жар астында жау да бар,
Қоста, мейлің, қостама!

Ай, Астана, Астана!
Мәртебелі мекенсің,
Жайсаң менен қасқаға,
Жасамыс пен жасқа да.
Сайрап тұрсын қазақша
Думанхана, дәмхана,
Мейрамхана, асхана...
Үкімет пен Парламент
Үлгі болсын басқаға!
Ұлт мүддесін ұлықта
Уақыт өтер қас қаға!
Ай, Астана, Астана!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

КӨҢІЛ

Жауы қайдан адамның, досы қайдан,
Ғұмыр кешпес құмырсқа тасымай дән.
Атам қазақ айтқан ғой баяғыда-ақ:
“Көңіл қалар бір атым насыбайдан! ”

Нәзіктігі жаныма туыс еді...
Құмырада өскен гүл бүріседі...
Атам қазақ айтқан ғой баяғыда-ақ:
“Көңіл ғана көңілден су ішеді! ”

“Теңге-теңге, – тіршілік , – теңге” деген,
Өзеурейсің озды деп өңге неден ...
Атам қазақ айтқан ғой баяғыда-ақ:
Көңіл жүйрік екенін көк дөненнен ...

Түңілесің қашқаннан, құшқаннан да,
Бармағыңды шайнайсың іш жанғанда...
Абай атам айтқан ғой баяғыда -ақ:
“Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да...”

Елім дейді ет жүрек, жерім дейді,
Кемпірқосақ кездейсоқ керілмейді.
Мағжан ақын айтқан ғой баяғыда-ақ:
“Көңіл көзге ешқашан көрінбейді! ”

Қисаймасын дауылда қосың, үйің,
Жылытпаса денеңді несі киім...
Атам қазақ айтқан ғой баяғыда-ақ:
«Қалған көңіл – шыққан жан!»,

Осы – қиын!..

* * *

Тұмасы мен тұғылын артық көргем,
Туған жерге туғанмын тартып мен де.
Құлазысам Ай қала, Күн қалада
Құс боп ұшқым келеді Барқытбелге.

Сөздің майын жұтсам да шалқып төрде,
Сағынышты қайтемін сарқып берген .
Сыймағанда Ай қала, Күн қалаға
Жел боп жеткім келеді Барқытбелге.

Аққу-қаздар жүзеді қалқып көлде,
Қайда басы қалмаған қаңғып пенде.
Адасқанша Ай қала, Күн қалада
Тас боп жатқым келеді Барқытбелде.

ҒАЛАМШАРДЫҢ БІР НҮКТЕСІ КИЕЛІ

Көшіп-қонып жүрсем-дағы біріктім,
Қорған соғып, қала салып, тас үйдім.
Түркістанда – Рухымды тірілттім,
Түркістанда – Бабаларға бас идім.

Одан бері жылдар өткен ерен көп,
Ағыттық-ау талай сырды түйіп кеп.
Түркістанда – Тамырларым тереңдеп,
Түркістанда – Тұғырларым биіктеп.

Ғасырлардың жел-дауылы үдеген,
Ғалам шардың бір нүктесі киелі.
Түркістанда – әулиелер түнеген,
Түркістанда – әйгілілер сүйегі.

Осы тұста орны Оғыз орданың,
Оған бүгін қараймын тек елжіреп.
Түркістанда – Тоғысады жолдарым,
Түркістанда – Тармақталып шежіре.

Тарих болып тарау -тарау қалды аңыз,
Осыдан соң оба емес, ой қазам...
Түркістанда – Тасқа түскен таңбамыз,
Түркістанда – Таң қалдырған Тайқазан .

Тау мен дала түсімізге кіреді,
Қазақ елін аймаласын таң нұры.
Түркістанда – Түбі бірдің тірегі,
Түркістанда – Тар өткелім, тағдырым.

Көне қала айшықтарын келтіріп,
Тыныстайды қайта түлеп жер ғажап.
Түркістанда – Туып-өсіп Ер Түрік,
Түркістанда – Туын тіккен Ер Қазақ!

ТАҒЗЫМ ЖЫРЫ

Дулат Бабатайұлының рухына

Ұлыс қамын ойласа,
Ұлы іске сайланған .
Ұрпақ қамын ойласа,
Бас бармағы шайналған .
Ұлттың қамын ойласа,
“Ұйқы беріп, қайғы алған” .
Ұлан-байтақ даласын,
Шарқ ұрып, шыр айналған .
Ұлық мінез заманның,
Қазығына байланған...
Қайран, Дулат бабамыз!

Ортекедей ойнаған
Омақасып ұлы арман!
Оңы-солын қарманып,
Шықсам ба деп мұнардан .
Алыс қалып азат күн
Айды аспанға шығарған .
Қасіретке хабаршы –
Қарашекпен шұбалған .
Өткен өмір секілді
Өлімсіреп шырағдан...
Өлеңіне өксік пен
Заман зары сұранған...
Қайран, Дулат бабамыз!

Ақжайлау мен Сандықтас,
Хош-аман деп, хош-аман .
Біржолата түңіліп,
Бозбаладан бошалаң.
Жабысты деп балаққа
Жамандық боп ошаған.
Патшасына орыстың
Бәрін беріп қоныстың,
Бұзылды деп босаған,
Сонда көңілі босаған,
Қайран, Дулат бабамыз!

Ағыл-тегіл жырлары
Аякөздей арынды.
Тарбағатай тауынан
Тартқан көне сарынды.
“Ақтан жас!” деп аһ ұрып,
Жүрегі қақ жарылды.
Жырға қосты жылаған,
Қазақ, сенің халіңді.
Қара бұлтқа айналды,
Қасынан кім табылды!?
Қайран, Дулат бабамыз!

Ақиқатты айтар сол
Қызыл тілді кім кескен .
Ақын ғана ашынып,
Тәңірімен тілдескен .
Исатайдан айрылған
Махамбетпен үндескен!
Бірін-бірі білместен,
Мұратымен бірлескен .
Арқалатқан аманат –
Бүйтіп өмір сүрмеске!..
Қайран, Дулат бабамыз!

Ұлағат сөзін ұқсаңыз
Ұстазындай Абайдың.
Алты алашта ақын көп,
Абайға бөлек қараймын!
Ар жағында Дулат тұр,
“Заман-ай!” деп зар шегіп,
Мұңын қозғап талайдың.
Ұлы Тұран жұртында
Алдаспанға балаймын .
Ар тұтуға жараймын,
Қайран, Дулат бабамыз!

Сарыарқаның самалы –
Ызғырық емес, саумал-ды.
Ұрса да дауыл алапат
Ұрпағың, міне, сау қалды.
Берсек те бәрін – мал-жанды,
Бұйрықты ғұмыр – болжалды.
Үзілген үміт жалғанды,
Өзіңе дұғам арналды.
Тәуелсіз елің қаз тұрды,
Тірлікте мынау аз күндік,
Тәу еттік келіп басыңа,
Қайран, Дулат бабамыз!

РУХТЫ ОЯТҚАН

Махамбеттің жырлары –
Көк теңіздің арыстан жал толқындары.
Ол буырқанғанда теңіз теңселді,
Жер солкылдады.

Махамбеттің жырлары –
Азаттық аңсаған ата-бабамның өр үні,
Елеске айналып, көз ұшынан көрініп,
Көне де күндерден бүгінге жеткен ыза-көк –
Көзіндегі от көкжал көк бөрінің.

Махамбеттің жырлары –
Мәңгілік күрестің, жеңістің байрағы,
Шарболат намысымның қайрағы,
Намысымның найзағайы ойнағанда,
Жауларым қоғадай жапырылып, жайрады.

Махамбеттің жырлары –
Ноқтаға басы сыймаған ұлы арман,
Қазақтың азаттық аңсарынан құралған.
Томағасын сыпырған тас түлек
Бұғауды үзіп, бостандыққа шығарған.

Махамбеттің жырлары –
Сақтардан, ғұндардан сақталған сыбаға,
Ереуіл жылдарда ерлерді сынаған,
Ездікке, құлдыққа көнбейтін ер қайрат,
Тепсініп теңдік пен
Ақырып азаттық сұраған!

Махамбеттің жырлары –
Қызғыш құс –
Қысастық қысса да көлінен кетпеген,
Қатепті қара нар –
Тізесі дірілдеп шөкпеген.
Түркілік от жігер қанында ойнаған,
Рухты оятқан қазақы текті Өлең!

АҚБОЗ АТ МІНГЕН МАЙДАНГЕР

Әкем Жақсылықтың рухына

Жарты ғасырдан асыпты,
Күркіреп сұрапыл соғыс өткелі.
Қазақ қашаннан азат күнге асықты.
Жиырма бірінші ғасырдың алғашқы көктемі,
Бейбіт таң Шығысты нұрға бөледі,
Әне, шыққан Күннің астында,
Ақбоз ат мініп,
Менің майдангер әкем келеді.

“Шилі өзен, қамыс-ай!” еді
ыңылдап айтатын өлеңі,
Асқар тау санайтын
ауылдағы кішкентай төбені.
“Сендер енді алапат соғысты
көрмейсіңдер” дейтін,
Өзі соған сенеді.
Фашизмді Берлинге жерлеп қайтқан
Майдангер еді менің әкем, себебі!

Басынан және қолынан
жаралы болған майданда,
Қарулас достары есіне түскенде
қатты қабарып, қайғы алған,
“Олардың рухтары
туған жерге жыл сайын оралатын
Жыл құстарына айналған” деп,
Көктемді күтетін зарыға.
Қара суға семіріп, қызыл сөзге арыған!
Қымбат нәрсе жоқ дейтін адам үшін арынан!

Білім кудық, биікке өрмеледік.
Ауыл десе, сыздайды мына жүрек,
Жүректі де жүдеттік, емдемедік.

Ауыл, ауыл, ауылда арман қалған,
Келгендерден сұраймын, барғандардан.
Ағыс қуып, алыстап жағалаудан,
Асықтырды ататын таңдар алдан.

Көптен бері ауылға жол түспеді,
Ең қымбатым ауылда өң-түстегі.
Ауыл десе, тербейді бір сағыныш,
Ерке толқын секілді Ертістегі.

Алақанда аялап, қолпаштаған,
Ауыл десе, қалайша селқос қалам.
Ауыл десе, кеудені күй кернейді,
Анадайдан бұлдырап Бөргостаған.

Ауыл, ауыл, ауылды аңсағаным,
Алда қанша ай, жылды қарсы аламын.
Жан сарайдың шипасы шығар, бәлкім,
Зайсан жақтан есетін таң самалы.

Ауылымнан алыста бақ сынаппын,
Табы жатыр жадымда жақсы уақтың.
Ауыл десе, айналам ажарланар
Аппақ таңы атқандай Ақсуаттың.

АСТАНАДА

Бас қалаға бастайтұғын жол қанша,
Соқыр соқпақ адастырған болған шақ.
Астананың ашық екен ажары,
Ақмоладай емес қала қорғаншақ.

Астанада банк те бар, парк бар,
Қиялыңыз қыран құстай қалықтар.
Түнгі қала тартады екен қойнына,
Сан алмасып қызыл-жасыл жарықтар.

Астанада театр бар, холл да бар,
Теле-радио таратады мол хабар.
Көшелерде көбейіпті қарасы,
Мерседестер, маздалар мен хондалар.

Астанада қонақ үй көп, пошта бар,
Дос құшақта көңіліңіз хош табар.
Келіп жатыр алыс-жақын ағайын,
Көрік беріп керуенді көшке нар.

Астанада Президент бар, әкім бар,
Министр көп, аздау екен ақындар.
Ақындарын әкімдері сыйласа,
Жақсы-жақсы күндер сонда жақындар.

Астанада мұз қала бар, қыз бала,
Қарайсың-ай, қызыға да, қызғана.
Қалың қазақ көшіп келіп алыпты,
Алматыны қимай жүрген біз ғана...

Нұр-қаланың шынында да бағы бар,
Есіл-сынды ерке өзені тағы бар.
Айт та айтпа, бір Алатау жетпей тұр,
Ал басқасы Астанадан табылар!

Астанада білім, ғылым ордасы,
Қарауында қалың әскер – қолбасы...
Ақпанда да шуақ шашқан Астана,
Асқақтай бер, Алла жар боп, қолдасын!

Қарсы ал мені, шығарып сал, Астана,
Алыстасам – айбарым сен басқаға.
Сарыарқаның ақ бораны аймалап,
Ақ жауыны шомылдырған жас қала!

ЖОЛ ТҮСТІ ҚЫЗЫЛЖАРҒА

Қазан – Күзде жол түсті Қызылжарға,
Қайың сыңсып ән салды, қол бұлғады.
Үмітімді алып ем үзіп-жалғап,
Ұмытылмай қалыпты сол күн мәңгі.

Қаңтар – Қыста жол түсті Қызылжарға,
Қайтем енді, ақ қарды омбыладым.
Барған, қайтқан орманда ізім қалған,
Ор қоянның көргенмін орғығанын ...

Сәуір – Көктем жол түсті Қызылжарға,
Саф самалы лекітіп, ұйқым сергек.
Көшкен сендей Есілде бұзып-жарған,
Бара жатты кеудемді бір күй кернеп.

Маусым – Жазда жол түсті Қызылжарға,
Қауышатын күн болсын, қалқам, аман!
Құшағына тартады қызық жалған,
Саған деген сағыныш тарқамаған!..

АУЫЛ ДЕСЕ...

Қашан білдік қадірін қолда бардың,
Дала ұлын баурайды орман әні.
Орнағалы нарықтың өктемдігі,
Көп жыл өтті ауылға бармағалы...

Жол түспеді ауылға шалғайдағы,
Таңдайда қап айран, сүт, балқаймағы.
Сор қайнады қалада түтін жұтып,
Сапар шегіп қиырға әр қайдағы.

Ауыл десе, шер кеуде аһ ұрады,
Сағым көшкен сары бел шақырады.

Сары күзде тоналған теректеймін,
Желге ұшып жанымның жапырағы.

Ауыл – әнім еді ғой, ауыл – әнім,
Ауыл десе, қазір-ақ, ауырамын .
Алып-ұшып, аптығып, жетсем деп ем,
Ат басындай алтынды тауып алып...

Тимеген соң ауылға бір көмегім,
Тіс жармадым, томсарып, үндемедім.
Ауыл десе, ашиды кеуде тұсым,
Ауыл десе, қонады іргеме мұң...

* * *

Шара жоқ шатқаяқтап, шегінбеске,
Шақ қой бұл үміт өшіп, сенім көшкен .
Арызымды төгейін ақ қағазға,
Азабымды, басымнан менің кешкен .

Сөздің құны түсіп тұр, сөздің құны,
Нарық келді дегенде-ақ сездім мұны.
Сақалын да саудаға салғандармен
Сахараның сандалып кездім құмын...

* * *

Қу тірліктің адасып мұнарында,
Тарқамастай көрінер құмарың да.
Құлағыңнан кетпейтін бір әуен бар
Қуат берер өмірдің сынағында.

Күш құятын ерекше, дем беретін,
Қиындықты қаңбақтай өңгеретін .
Ғажап сәттің өлшемі – сол бір әуен,
Ештеңе жоқ тек соған тең келетін .

Үілдеген үн шығар нар қамыстан,
Айғай шығар бір ащы ар-намыстан .
Аспан жаққа көтеріп әкетеді
Биік тұрар бір әуен жанбағыстан!..

* * *

Ойларымның өркеші үстем, биік,
Қанаты бар, аспаннан түскен киік!
Отыр, сірә, бір досым сырттай сынап,
Отыр, сірә, бір жауым іштен күйіп.

Ойларымның жалынан ұстау қайда,
Ұстадым деп біреулер тұспалдай ма...
Қазынаны қопара ашқандай да,
Құзарларды қаусыра құшқандай да.

Ойларымның қорқамын тереңінен,

Адамдардың сескенем кереңінен .
Өзімді өзім ұмытып, өзгені де,
Неге жылап отырмын, неге күлем?!.

* * *

Сағыныштың дауасын табайын ба,
Шаш ағарды ақыры самайымда.
Алыстағы сөкпесін адасқанды,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

Тұғыр болған талай қыз, талай ұлға,
Бір көрсем деп өзенін, тоғайын да.
Аңсауменен жүргенде жылдар ақты,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

Көк жазықта мал өріп маңайында,
Ажарланып ақ таңның арайында,
Берекесін қайтадан тапқан шығар,
Ауылдағы, сәлем айт, ағайынға!

* * *

Жеткінші бекет, белеске
Жеткенше ғана жол даңғыл...
Өткінші жалған емес пе,
Өткерген ғұмыр – солған гүл.

Сонау бір көкшіл сызыққа
Сіңер-ау соқыр соқпағың.
Қызылың оңып қызыққан,
Табарсың тірлік тоқтамын.

Мына бір жасыл желектер,
Бұрымын бұйра тарар жел.
Көбелек қуған желөкпе
Белгілі бізге барар жер...

БАЛ АШТЫРУ

Өмір ұқсап тұманға,
Көңіл толды күмәнға.
“Болам ба, – деп, – бақытты?” –
Бал аштырдым сығанға.

Сыған кемпір сырғалы,
Сонда тамақ қырнады.
Санамалай жөнелді
Ненің күтіп тұрғанын...

Сыған көзін қысады.
Даламның кең құшағы.
Текті ата-бабамнан
Жүреді екем күш алып!

Сыған қабақ түйеді,
Ақ таяққа сүйеніп.
Бойымдағы борышым –
Сақтай алсам киені!

Жолға жиі шығамын,
Берік төзім, шыдамым.
Көрем өмір қызығын
Сөнгенінше шырағым.

Оқ қағарым тағы бар,
Дос, дұшпаным табылар.
Толқымалы мінезім –
Тез жанып, тез жалығар!

Өліп-өшіп сүйгенмін,
Суынғанмын, күйгенмін...
Өзгелердей өлшеммен
Өмір сүруді үйрендім!

Анашым бар алаңдар,
Қос қанатым – балам бар.
Мені баурап алатын
Бір сиқырлы ғалам бар!

Алда жүрер жол қанша?
Тоқсанға жас толғанша!
Өмірсерік қара қыз –
Қара кемпір болғанша!

Тасып жүрген “бөрене”,
Құмырсқаны бөгеме.
Баста тұрса дәуренің,
Дәулет деген немене?!

Өмір екі келе ме,
Қиындықты елеме.
Баста тұрса дәуренің,
Байлық деген немене!?

Шүкіршілік бұған да,
Серпіледі тұман да!..
...Дем берер деп осылай
Бал аштырдым сығанға!...

* * *

Дүние жасыл еді, көркем еді,
Өртеп еді бір сезім ерте мені...
Кеудемде от орнында күлі қалып,
Үңгірім үңірейіп шер төгеді.

Дүние шуақ еді, нұрлы еді,
Далада сансыз киік дүрлігеді...
Жоғалтып ап сұлулық сынықтарын,
Бір күйде дүдәмалдау тұрмын енді.

Дүние қызық еді, думан еді,
Орақ Ай оң жағымнан туған еді.
Шелекті түбі тесік қайтсем екен,
Шырайлым тастап кеткен... суға келіп?!

* * *

Жылдар емес, барады ғасыр қалып,
Қартаймайтын сол жүрек асыл ғаріп.
Ағаштарда бүршіктер басын жарып,
Дүдәмалдау жүргенде көктем келіп,
Дүние бара жатты жасылданып...

Жылдар емес, барады жастық қалып,
Жуасыдық десек те бастықпадық.
Асулардан аптығып астық нағып.
Қадамыңды тұрғандай қастық бағып,
Құралайдың көзінде... жасты ұқпадық!..

* * *

Кедергілер жатсын мейлі көлденең,
Өрге қарай өршеленіп өрлегем.
Мен – ұлыңмын, құлыныңмын, туған ел,
Мейірімге, махаббатқа шөлдеген.

Сенен алдым бойға қуат, ойға нәр,
Қойнауыңда қазына бар, қойма бар.
Сен – Отаным, мен – ботаңмын, туған ел,
Бауырыңда бар қуаныш тойланар.

Тек өзіңмен көгерем де көктеймін,
Сені тастап шетке көпке кетпеймін .
Туған жерге кіндігімнен байландым,
Туған елсіз еш мұратқа жетпеймін!

АНАМНЫҢ АҚ СҮТІ

*Шешем Нұржамалдың 70 жылдық
мерейтойына жыр-шашу*

Аңсармын, сағынармын,
Алғаусыз ағылар күн.
Анамның ақ сүтінен
Адалдық нәрін алдым.

Қадірін ұғынармын,
Қағбама бұрылармын.
Анамның ақ сүтінен
Ақиқат нұрын алдым.

Арманды құрықтармын,
Сезімді құлыптармын.
Анамның ақ сүтінен

Адамдық рухты алдым.

Шырқармын, шарықтармын,
Ақ құстай қалықтармын.
Анамның ақ сүтінен
Ақындық шабытты алдым.

Сынасын қиын әр күн,
Сенерім, сыйынарым.
Анамның ақ сүтінен
Алланың сыйын алдым.

АЙТЫС

Байбатша санаса ма байғұспенен,
Тіршілік қамкөңілге қайғы үстеген.
Сондайда іштегі шер сыртқа шығар
Қан майдан сөз сайысы – айтыспенен.

Айтыста айқындалар ақ пен қара.
Бір ауыз сөзге сыйып бақ пен нала:
Қаралап қара бастың құлқын құлын,
Саралап ақтанкерді көптен дара.

Бұл айтыс санаға сын, арға да сын,
Бұл айтыс, жоққа да сын, барға да сын.
Қарадай күйіп-пісіп, толғанасың,
Қырандай қанат бітіп қомданасың.

Айтқанда ақиқатты арман бар ма,
Байтақ ел тілек қосып тарландарға,
Айтыста шындық жеңіп, жалған күйреп,
Әділет қол созса деп қарманғанға.

Аламан айтысқа тек қазақ шыдар,
Апыр-ай, сөзбен ойнау азап шығар.
Айтыскер қағыс айтса тап берердей
Қанжарын жалаңдатқан қарақшылар.

Айтыстың шарты қатал, серті мықты,
Елінің есіл жүрек еркін ұқты.
Саудаға өтіріктің бөркін салып,
Тәубаға имансызды келтіріпті...

Түсінген тілдің құнын, сөздің парқын,
Айырған алтын менен жездің нарқын,
Айтыста айбоздарды айқастырып,
Сөксе де қабырғанды төздің, халқым.

Жарқылдап өлең сөздің алдаспаны,
Жарасты баба дәстүр жалғасқаны.
Тұтасып қара ормандай тілекші бол
Қашан да, қайран менің, қандастарым!

Бұл айтыс – өлең сөздің өрлегені,
Өлең сөз, өлгенімше тербе мені.

Ақынын ардақ тұтқан дәл осылай
Әлемде ешбір елді көрмеп едім!

* * *

Қамалдым қалған көңіл үңгіріне,
Үңгірдің селт етпедім күңгіріне.
Таппадым оңашадан ойға мият,
Торығып тұрлауы жоқ тірлігіме.

Түстім де қалған көңіл зынданына,
Шырмалдым тіршіліктің жұмбағына.
Бұл өмір қорқынышты түс екен ғой,
Болады бұдан кейін жындануға.

Таттым да қалған көңіл запыранын,
Сарғайып, желге ұшты жапырағым.
Қамығып, қайғы жұтып, зар кеміріп,
Қарамды мен де, сірә, батырамын...

* * *

Өтті өмірден тағы бір аяулы ақын,
Құштар еді көгілдір бояуға тым.
Жүзден жүйрік озатын жыр жолында,
Тізгін тартып көрмеген, баяулатып.

Өтті өмірден бір ақын досым менің,
Құлағанын сезеді іш бесінге күн ...
Өлең болып немесе естелік боп
Ақ қағазға түссе деп есімдегім...

Өтті өмірден Алланың сүйген құлы,
Жалғызсырап шықтым мен үйден бүгін.
Ажал шырақ, шынымен, киіп-жарып,
Көлденеңдей бересің, имендіріп...

Өтті өмірден өтеусіз өрен Өлең,
Тең сөйлескен қарамен, төременен.
Жыр бұтақта жамырап сыр жапырақ,
Дауылға қарсы тұрған ерен Емен.

Өтті өмірден жүректің жұбанышы,
Күліп қарсы алушы ед, құрақ ұшып.
Шырылдап отқа түсті, суға түсті,
Нәзік сәуле – үміттің шырағы үшін.

Фәни жалған өкініп қысқалығы,
Ақ қаншығы Ажалдың тыста ұлып,
Базар тарқап, құлазып жан жайлауы
Бара жатыр алыстап құстар үні...

* * *

Ағайын, бірін туыс, бірін көрші,

Бағанды бір-біріңнің біліңдерші.
Қамшының сабындай-ақ қысқа ғұмыр,
Сыйласып, құрметтесіп жүріңдерші.

Бауырлар, бірің ойда, бірің қырда,
Ұрынбай жол шегіңдер бұлыңғырға.
Жүздесіп жұма сайын жүрмеген соң,
Жалғанның сабағы бұл ұғындырған.

Достарым, жеткізердей сырымды ән,
Көрініп көзге ыстық бұрынғыдан.
Жарар деп бір кәдеңе мәпеледім,
Қияға ұшыратын жырым қыран.

Өлеңнен от сезім мен ой алыңдар,
Құбылған қырық түрлі бояуым бар.
Қарғалар қарқылдамай таң бозынан,
Бұлбұлдың әнін тыңдап ояныңдар!

* * *

Тіршіліктің әрбір күні тым ыстық,
Денің сауда күш қазандай қайнаса.
Қысқа күнде таппас, сірә, тыныштық,
Егер адам жүз жылдығын ойласа.

Бала қамы, туыс қамы, өз қамың,
Шырқырадың шыр айналып шеңберді.
Ол аздай-ақ, Айға қолды созғаның,
Қара қосты хан сарайға теңгеріп.

Содан бір күн сырқат буып ауырдың,
Уайымдап, уыс-уыс дәрі іштің.
Қайда екенін білдің бүйрек, бауырдың,
Қандай қымбат тірліктегі әр ұшқын...

Міне, солай, мәңгілік жоқ ештеңе,
Өстіп жүріп бір күн ғайып боласың.
Өлімді күт... ерте деме, кеш деме,
Жапырағың қурап, семіп, соласың...

* * *

Бір сауалға жауап жоқ миыңдағы,
Мың сауалдан бір сауал қиындады.
Жаратқанға жалбарын, сауап болар,
Жәрдем берсе Аллаға сыйынғаның...

Бір сауал жүр инедей қадалулы,
Алла өзі атқарар жан алуды.
Ет жүректе емдейтін орын да жоқ,
Жарақатқа жарақат жамалулы.

Бір сауал бар шаншудай мазалаған,
Аспанда Айға қолын созады Адам.
Орындалмас Арманды қуалатып,

Онда неге Адамды жазалаған?!

* * *

Баяғы таба алмайсың дос көңілді,
Баянсыз өткізгендей босқа өмірді.
Ескермейсің сен оның орынтағын,
Елемейді ол сенің өскеніңді.

Бұрынғыдай шешіліп, ақтарылмай,
Салқын сөздің сарт еткен қақпанын-ай.
Сыңар езу күлкіге себеп болдың,
Бәрінен де сонысы батқанын-ай!..

Ақжарқын да ақ жүрек досың өлген,
Айлар, жылдар – керуен көш үдерген.
Көңіліңнен ескі дос бір кетпейді,
Мәңгілікке жүректен өшірер ең...

* * *

Бұралаңды бойлаймын,
Ирелеңмен құлдаймын.
Болжаусызды ойлаймын,
Болмашыны бұлдаймын.

Қалтылдақты есемін,
Шиқылдақпен шұбаймын.
Шым-шытырық есебім,
Дәтке қуат сұраймын.

Теңізді де кешемін,
Тайталасқа төземін.
Тас түйінді шешемін,
Үшке дейін кезегім!..

* * *

Бәрі көшті ауылдан, сен көшпедің,
Аз болды ма бейнет пен сор кешкенің.
Мал соңында өткізіп бар ғұмырын,
Бабаң өткен, сен-дағы қалдың, інім.

Сен ауылдан он қадам ұзамадың,
Өз шешімің, мен қалай бұза аламын.
Әр көктемде қоранда төл көбейді,
Шаруаң жоқ ешкімде, ел не дейді.

Тазы ұстап, құс салдың, қасқыр алдың,
Суретіңді газетке бастырармын.
“Ауыл қайта оңалды. Келсін!” депсің,
“Жаңалықты көзімен көрсін!” депсің.

Мектеп ашып. Су тартып. Мешіт салып,
Қайта жанды ошақта от өшіп барып.
Дұрыс болды-ау ауылдан көшпегенің,

Байыбына бармаппыз ештеңенің...
Көшіп кетсең, бұл күнде не істер едің,
“Ауылға кел!” депсің ғой... Ескеремін!..

* * *

Жалғассыз ба бұл өмір, жалғаусыз ба,
Жетім жүрек шырқырап, қалды-ау сыздап.
Ілікті де ажалдың тырнағына
Ізгі достан айрылдым аңдаусызда...

Айтпай кетті жөнін де, тұрағын да,
Ілесті де белгісіз бір ағынға.
«Өттең!» деген бір ауыз сөзі қалды,
Аспан асты жаңғырып, құлағымда.

Жалғыз еді, дос еді, бауырымдай,
Болады екен қазасы ауыр мұндай.
Кімге опа береді дүние-жалған
Жез кеменің жарқ еткен бауырындай.

Ақын еді, от еді, жанған ұдай,
Оты өшіп ошақта қалғанын-ай.
Дүрмегі көп дүрліккен дүнияды,
Доссыз неге қалдырдың, Алла-Құдай?!

* * *

Шу да тынды, шынымен, түн жарымы,
Саксафонның сарнаған өшті үні.
Айдың әлсіз себездеп тұр жарығы
Азан-қазан өтті ғой кеш бүгінгі.

Басылмастай көрінген думан-елес,
Кілт тиылды, тыныштық құлаққа ұрды.
Ешкім мендей арманын қуған емес,
Бірақ ылғи алдымда сынақ тұрды.

Түн жарымы. Ай жалғыз. Мен де сыңар,
Жыр құрадым жалқыға сенім берер.
Десе біреу: “Тағдырдың бермесін ал!”,
“Асып-таспа алдымен!” дегім келер...

* * *

Уақыт-шебер, жылдарды ұрлағанға,
Біз ұсақ түйіршікпіз бұл ғаламда.
Шырматылған тірліктің шешуі жоқ,
Шақша басың түскенде шырғалаңға...

Ашты бізге қақпасын ғасыр соны,
Жайрамасын жасыл бақ жасын соғып.
Тоқсан тарау жолдардың күрмеуі жоқ,
Соқыр соқпақ демесең басы, соңы...

Қанша көрсең қыастық, қиянатты,
Кеудеңе тек ізгілік ұялатқын.
Тауға ұрып басыңды, тасқа соғып,
Тапсаң жарар түбінде тиянақты...

Ала алмаған адамның өші кімде,
Бақыт, бәлкім, содан соң кешігуде...
Еріп кетпе ешқашан Ашу, Кекке,
Ерік берсең еркінде Кешірімге!...

ЖАЛҒЫЗ

Жалғыз шықтым жолға,
Жаппар Ием, қолда!
Жолбарыстай жорттым,
Жолықтырма сорға...

Жалғыз екен Ай да,
Жалғыз Үміт қайда.
Жалғыз қайың тұрды
Жапырағын жайған.

Жан-жағыма қарап,
Жабырқадым дара.
Жүрегімде жалғыз
Жазылмайтын жара.

Жанымды кім ұғар,
Жаздым хатқа тұмар.
Жұтса-дағы мұнар,
Жығылармын сыңар...

Жолда жалғыз келем,
Жабырқадым неден.
Жалғыздықта жалғыз
Жазылды бұл өлең...

ҒАБЕҢ ҒИБРАТЫ

Оймақтай ой, сүйем сезім әуресі,
Тәңір өзі кешсін кетсем сәл ағат.
«Сөзге сөздің түскен кезде сәулесі, –
Дейді Ғабен, – жарық шашсын ғаламат!».

Бізге тылсым бір құдірет күштен бе,
Аспан мен жер кетер кейде астасып.
«Сөзге сөздің көлеңкесі түскенде, –
Дейді Ғабен, – қара түнек, баспасын!».

Айға қолың жетер, жетпес – мәңгі соз,
Өмір өзі толтырады олқысын.
«Әдебиет – ең әуелі жанды сөз, –
Дейді Ғабен, – өр өзендей толқысын!».

Бәрін екшеп, бағасын бер бүгін дәл,
Жанға дәру жақсы сөз де жылу, құт.
«Көркем ойдың ұлылығын ұғындар, –
Дейді Ғабен, – ойландырсын сұлулық!».

Қара тасқа қарағанда түнді сез,
Тіршіліктің түйткілі көп, сұрағы.
«...Бояулы сөз, теңеулі сөз, үнді сөз, –
Дейді Ғабен, – бейнелеудің құралы!».

Дала жырын таулар үнсіз тыңдасын,
Көлігі жоқ болса егер көшке сын.
«Бозаңданып, тілдің қыры сынбасын, –
Дейді Ғабен, – сөздің мөрі өшпесін!».

* * *

Сезімін сенген адам құлыптамақ,
Сенгеннің сыры қалың қырық қабат.
Сергелдең бастан кешкен қажытса да,
Сол адам тұрар ылғи күліп қарап...

Бауырың болар, бәлкім, туысқаның,
Бір сапта тұрып кеше ту ұстадың...
Опынтып кетсе-дағы дүние жалған,
Ортайтып алса-дағы ырыс-дәмін.

Демікпей демін алып иінінен,
Көрсетпей күйзелгенін киімінен ...
Жайраңдап бұрынғыдай амандасар,
Жандай-ақ кеудесінде күйігі кем...

Қараймын, қайран қалам қайратына,
Тең келмес арыстанның айбаты да...
Қай күйге түссе-дағы қара басы,
Халқым деп қамығатын қайда тұлға?!.

* * *

Көңілдің құлазыған күйі мына,
Батпандап жүк артады иығыма.
Талай реет тапқанмын шығар жолды
Тағдырдың тар өткелек тұйығынан.

Бір күрсін шықпай тұр ғой үн дегенге,
Көнбеймін мен бүгілтіп, бүктегенге.
Қайғыртып, қапалы ғып, құдауанда,
Бір өлең келуші еді күтпегенде.

Арқамды өлең буып, жыным буып,
Шаншыдым шаңыраққа жырымды уық.
Қайтемін көңілімді алай-түлей,
Барады айларымды жылым қуып...

* * *

Бұл дертімнен емделем, бір сауығам,
Жүремін деп ем жүрек жұмсауына...
Қаншама жыл әлі де қан жылаймын,
Құлдық сана құтылмай құрсауынан!..

Болат жүйке бекерге босамаған,
Қауіп-қатер тосады Қособадан ...
Өгей ұлы секілді өз елімнің,
Ана тілім сығалап босағадан!..

Маңдайымды көк тасқа соғып алып,
Талқысына тағдырдың жолығамын ...
Неге сонша халықпыз бағы биік,
Неге мұнша халықпыз сори қалың?!...

ҰСТАЗ *Тұрсынбек Кәкішұлына*

Талантты тұмса таныған,
Тамырын тауып тектінің.
Жігерін жастың жаныған,
Тежемей бұла екпінің.

Ұзақ жыл дәріс үйреткен,
Ұядан ұшып ұландар.
Ұстынды ұстаз сирек тым –
Баулыған ылғи қырандар.

Зерделеп терең қатпардан
Сәкеннің тайғақ кешуін.
Қалтарыстарын ақтарған
Тарихтың керуен көшінің.

Ұлағат ұққан ұлыдан,
Ұрпаққа дәйім жанашыр.
Ұйыған ұлттың мұңына,
Тұлғалы ұстаз жаны асыл.

“Садақтың” іздеп сорабын,
Сарыла қанша жыл өткен.
Төгіліп мың сан оралым,
Ұлтым деп соққан жүректен .

Алыптарменен тілдескен,
Арыстарменен үндескен.
Ақиқатпенен бірге өскен,
Асып та таспай күн кешкен.

Сәкендей сұлу серілік,
Сәбеңдей жаны дархандық,
Тұлғаңнан тұрар көрініп,
Кәріні, жасты аң-таң ғып.
Жүз жасаңыз!

* * *

Биігінен қарасаң ән-көңілдің,
Мәнін ұға бастайсың мәңгі өмірдің.
Көп жүрмеспін көлбеңдеп көз алдында,
Көкжиекке көшемін мен де бір күн.

Жансерігім, жұбаныш, ән мен өлең,
Жараланған жанымды емдеген ең.
Қамсау болмай қай күні қалады деп,
Қауіптенен беремін әлденеден .

Көз жетпеген көңілдің алаңына,
Қайнап жатқан тіршілік қала мына.
Ән мен өлең қайтадан оята ма,
Қалғып кетсем сүйеніп қаламыма?!

* * *

Алатауға арқа сүйеп, пір тұтып,
Шыршаларын алмайын деп үркітіп,
Шың-құздарға ақша бұлттай емініп,
Таң шапағы тұрған шақта төгіліп,
Қыран қонған қияларға қарадым.
Алатауды айбын санап, сес көріп,
Түстігімде тұрғанында төс керіп,
Алпамыстай айбарлым деп, Алла жар,
Арыстандай айбатым деп, Алла жар,
Қыран қонған қияларға қарадым...

* * *

Көгілдір таудың баурайы көк перделі,
Көк мұнарға оранған көптен бері.
Қазақтың киіз үйлері қатар түзеп,
Қырқадан самал соғады, көктем лебі.

Бәйшешек қауыз ашады үлбіреген,
Қызылды-жасыл дүние, бұл бір өлең!
Көздің жауын алады қызықтырып,
Көктем осы дидары нұрлы деген...

* * *

Бұл өмірде шешуі жоқ жұмбақ аз,
Бәрін білсем дейді адам құмартып.
Жаһан сырын жеткізеді үн қағаз,
Биік мақсат тұрар дәйім мұнартып.

Тәуелсіздік жырын батыл толғаған,
Басылымның айдарынан жел есті.
Әр шалғайдан хатпен сәлем жолдаған
Оқырманмен емен-жарқын кеңесті.

Жыр-әніміз – Тауым биік, Далам кең!
Ұранымыз – беріктігі іргенің.
Жария боп жазған шындық қаламмен,
Елің үшін ерлік өмір сүргенің.

Әділетке әр күн сайын үндеген,
Ақиқаттың аулын іздеп сабылып.
Шартарапқа таралады ақпарат,
Үлкен-кіші күтеді деп сағынып.

Нарық қысқан замананың сабағы,
Науқан болып үдереді талай сын.
Ұлттық сезім оятады сананы,
Ұрпақ үшін тер төгуге қалайсың.

Ана тілдің сөлі менен нәріне
Тұнып тұр ғой, оқып құмар қана ма?!
Боямасыз шындық қымбат бәрінен,
Газет сөзін күтер дана, бала да,
Газет сөзін күтер ауыл, қала да!

ҚЫЗ ҰЗАТУ

Қызыл алма күзде пісер,
Жапырақтар жамырап.
Ұлдың көзі қызға түсер,
Көтерілер шаңырақ...

Атам қазақ қалай айтқан:
Ғашық жандар мұң ішкен.
Атам қазақ талай айтқан:
“Қыздың жолы – жіңішке”.

Теңін тауып, сүйген қиын,
Оп-оңай деп ойлама.
“Қызға қырық үйден тиым”,
Бірақ, бағын байлама.

Жүдегендер жүзін көріп,
Мың бір дауа іздеген.
Қыз дегенің – қызыл өрік,
Қызыл елік – қыз деген...

Табылса да күлетіндер,
Талай шеше із баққан.
Қиын дейді, білетіндер,
Қой баққаннан қыз баққан...

Жұрт қараса, күйің білсін,
Қызыға да қызғана!
Ұзағынан сүйіндірсін,
Ұзатылар қыз бала!..

Тілектестер ойын ұға,
Көңіл кілтін табайын.
Қыз ұзату тойы, мына,
Құтты болсын, ағайын!

БАЛА МЫСЫҚ НЕМЕСЕ ЖАРЫҚ НҰР

Әсер алып әйтеуір әлденеден,
Бала мысық ойнайды сәулеменен.
Кейде мен де өзімді алдандырып,
Түкке тұрмас нәрсемен әуреленем.

Қылығына таңырқап қаласыз да,
(Ұстап алмақ сәулені, нанасыз ба?!)
Көлегейлеп жабасыз күн сынығын,
Терезеге жақындап барасыз да.

Міне, қызық, мысықты мұң басады,
Кенет тоқтап қалғандай тынбас әні.
Елемейді енді ол бөлмедегі
Ұшып жүрген ызыңдап сұр масаны.

Жазғыратын сияқты, тіпті, сені,
Жанарыңда жасыл от бітті сөніп.
Бар қызығын жоғалтып алған жандай,
Барады да бұрышқа бүк түседі.

Бала мысық, мен сені аядым ба,
Терезеге үн-түнсіз таядым да,
Қол айнаға түсірдім күн сәулесін,
Сосын сенің түсірдім аяғына.

Ненің күші, япыр-ай, тұрдың атып
Бір қызығып біртүрлі, бір құмартып,
Белгісізбен ойнадың беріліп-ақ,
Сол белгісіз бәрінен, білдім, артық.

Дөп-дөңгелек сол сәуле дөңгеледі,
Соны ұстау – сен үшін ең керегі.
Қолымдағы айнаның құдіреті
Маған бір сәт өзгеше дем береді.

Белгілі ғой, бұл ойын жалықтырды,
Терезенің пердесі жабық тұрды...
Елегізіп іздедім енді өзім
Дір-дір еткен жаңағы Жарық Нұрды!..

МАМЫР МЫРЗА

Мақамы мың құбылған ән ырғағы,
Мазасыз тіршілік бұл тамырдағы.
Мысалы теңеу іздеп әуре болма
Мәшурат махаббатқа мамырдағы.

Мақпал түн құшағы ыстық мамыр деген,
Мыңсайрам құстар үні дәл іргеден
Монтаны сиқырымен баурайды да
Манар тау маужырайды сабырменен.

Мамығын бұрқыратып мама қаздар,
Маңайың қызғалдақтан жана жаздар.
Мамырда түлеп, көктеп, жасаратын

Маң дала мәпелеген жаңа наз бар.

Мейірім шуағы бар мамыр айда,
Мың бұлақ қозы-лақтай жамырай ма.
Мұнарға бөккен мынау бөктерлерді
Мойында қаларыңды танымай да.

Мереке әрбір күні тіршіліктің,
Мұраты ақталғандай жыршы үміттің.
Мөлдіреп тұрған өлең – ерке қызбен
Мамырда табысуға құлшыныпшын.

Мұңдасып тау мен дала мамырда бұл,
Мың моншақ төгіледі дамыл-дамыл.
Мұңайып жүрген жоқ па балалығың,
Мойныңды шалғайдағы ауылға бұр.

Маңдайын күнге тосып мамыр келді,
Майысқан сәмбі талға тамыр берді.
Мүз-құрсау жойылсын деп бұдан былай,
Мамыр мырза маңызды әмір берді...

АНА ТІЛІ – АР ТІЛІ

Қазағымды өткен тағдыр тезінен,
Тар өткелдер тосатынын сезінем.
Ұлттық тілін ұмытпай ма ұрпағы?! –
Осы қатал сауалға көп кезігем.

Орысшаға жорға болсаң, не деймін,
Ағылшынша ағып тұрсаң, е, мейлің,
Аппақ сүтін ақтамайсың анаңның
Ана тілдің асырмасаң мерейін!

Отбасының Үні болсын – Ана тіл,
Отаныңның Күні болсын – Ана тіл.
Өміріңде күш пен қуат алатын,
Ана тілің – алыс самғар қанатың.

Қазақ тілін көтер биік мінбеге,
Күмілжисін өзге тілде күндеген.
Қысылғанда беттерінен от шықсын
Қандастардың қазақ тілін білмеген.

Әлдиінде уілдеген сәбидің,
Ән-жырыңда думаны көп әр үйдің.
Қазағымның тілі, ділі сақталса,
Әдет-ғұрып, салт-дәстүрін танымын.

Ана тілмен рух көтер, тыныста,
Ұрпағыңа өнеге тұт, ұлысқа.
Ұлттың ары, иманы да тілінде,
Өз тілінде сөйле үйде, жұмыста.

Ана тілің – асыл мұра, қазынаң,
Айналайын қаз дауысты сазынан.

Қазынаңды төгіп-шашып, тонатпа,
Ағайынға айтатын бұл базынам.

Тіл киесін сіңірдің бе қанына,
Тіл қадірін дарыттың ба жанына.
Балаң мәңгүрт болса өзің кінәлі,
Заман желі ызғарлы деп налыма.

Ана тілің – дана тілің, бақ тілің,
Қуанышың, қайғы-уайым, шаттығың.
Ана тілің – ақ семсердей өткірің,
Ана тілің – Ар алдында ақтығың.

Қазағыма болған шығар үй қайғы,
Қазағыма болған шығар күй қайғы...
Ұлттық тілін ұмытпай ма ұрпағы?! –
Ұзақ таңға осы сауал қинайды...

ТҰЛҒА

*“Жол таптым бар қазақтың жүрегіне”
С.Мұқанов.*

Дарқандығы қазақтың даласындай,
Даламен егіз туған жарасымдай.
Жол тапқан бар қазақтың жүрегіне,
Жазушы некен-саяқ дәл осындай.

Баламен де тілдескен, данамен де,
Бұрды алғаш бүйрегі қара өлеңге.
“Сұлушаштай” аңыздан дастан туды,
Жазушы боп танылды бар әлемге.

“Адасқандар” сырына асты құлақ,
Аялады албырт шақ, жастық ұнап.
“Жұмбақ жалау” тұманда желбіреді,
Кәусар сезім көздерін ашты бұлақ.

“Сырдария”, “Теміртас”, “Есіл” - деді,
Осы шығар көп түйін шешілгені.
Әр шығарма өзіне арна тапты,
Өзендердей Сарыарқа төсіндегі.

Өткен ғасыр құрдасы, сырласы да,
Тәңір берген бақ, талант бір басына.
Тәмамдады “Өмірдің мектептерін”,
Өз халқының айналды тұлғасына.

Шоқан болып ойлады халық қамын,
Ардақтайды өсер ел алыптарын.
Аспанында ғылымның “Аққан жұлдыз”,
Мәңгілігін ғұмырдың анықтады.

Қарайлады “Қазақтың қауымына”,
Сөз арнады туысқан, бауырына.
Мойымады Мұқанов қай кезде де,

Иыққа артқан жүктің ауырына.

Жауынгер де күрескер сөз ұнаған,
Туа бітті шыдам мен төзім оған.
Сәбеңнің бойындағы бір қасиет –
Өз қатесін түзеткен өзі ғана!

Сыр іздеді сынтас пен сағанадан,
Ауылдарды жалықпай аралаған.
Мұқановты әйгілі Әуезов те:
“Жолы кең жазушы” деп бағалаған.

Даладай дарқан адам, биік кісі,
Қалың елі қазақтың сүйіктісі.
Елдік мұрат сөз болса – қадірмені,
Ұлттық мүдде сөз болса – ұйытқысы.

Мұқановты мына жұрт біледі де,
Қара сөзде санайды тірегіне.
Халықтың дәл өзіндей қарапайым,
Жол тапты бар қазақтың жүрегіне!

* * *

Үйге сыймай жүрмін мен аласұрып,
Үй де суық, біртүрлі, дала суық...
Неменеге қарайды шарайнадан
Шәлкем шалыс бір шайыр данасынып...

Көше толған мәшине бе-беп-теген,
Көше кескен жүргінші дедектеген.
Бәріне де қараймын жыным келіп,
Бір белгісіз жатбауыр себеппенен.

Шәйім суып қалыпты кеседегі,
Жүз грамға жүз грамм еселедім.
Үйдің іші кішкене жылынғандай
Табаныма көп газет төсеп едім...

Күйім келмей тұрғаны, жайым келмей,
Уайым мендей береді, уайым мендей.
Өлең жазып тастаушы ем осындайда,
Айналамда ештеңе ойым бөлмей.

Кең дүние кейде өстіп тарылғанда,
Тары төзім қауызы жарылғанда,
Арызыңды ақтарып өлеңменен,
Арылғанға не жетсін, арылғанға...

ҚАЙРАН, АУЫЛ!

Ауылдан көшіп жатыр, кетіп жатыр,
Аспан асты аңызға жел еседі.
Өтпелі дейтін кезең өтіп жатыр,
Қазақтың соры қалың, не кеселі.

Бірге көшкен секілді дүйім қызық,

Шолақ дауыс естілді кешкі уақта:
“Колхоздың кеңсесінің үйін бұзып,
Қора салып алындар ешкі-лаққа!..”

Ауыстырып жатқанда астанамды,
Айлаққа шығармақ боп дәу кемені.
Ауылды ұры кезді.

Тас қараңғы.

Тым болмаса бір төбет мәу демеді...
1997 ж.

* * *

Өз ұлтының ар-иманы ақындар,
Ақындарда сезім де бар, ақыл бар.
Бір өлеңін жатқа білмей Абайдың
Сөз алуға сенің қандай хақың бар?!

Жөн сөз десе, мыңнан біреу мақұлдар,
Шоқ тұтанып, жалын шарпып, лапылдар.
Қара сөзін ұқпай жүріп Абайдың,
Ой айтуға сенің қандай хақың бар?!

* * *

Түн . Осы түн . Ұзақ түн .
Ұйыған ұйқысыз ұзаттым.
Дегбірді алып
Дүдәмал ойлар мендегі,
Дегдар бір сезім дендеді.
Жүз жасап үлгерген жандаймын,
Ең кемі.

Екеуміз: Өзім және Мен,
Сырластық құмар қанбады,
Айтыстық – айыз қанбады,
Содан соң үнсіз
отырдық телміріп түнге,
Себебін мен біліпін бе...
Оңаша қалу осылай ұнайды, тегі,
“Тыныштық айғай салады!”,
Кім айтып еді?!

Түн . Кәдімгі қара түн .
Айсыз түн . Қызға баратын.
Ауылда жүрсем көрер ем, бәлкім, қызығын,
Саусақта, міне, ағарып қапты жүзігім,
Алтыны көше бастаған,
Уақыт дермін бе,
Япыр-ау, елеске ердім бе?!

Екеуміз: Өзім және Мен,
Түн ұзақ еді не деген!
Шарпысқан ойдан, сезімнен әбден шаршадық,
Жүрекке ауыр
жүк арттық әлде қаншалық,

Шыр ете қалды бір кезде осы нәресте,
Бәрі естен шығып, мен өзімді ұмыттым,
Бұл – Бақыт емес пе?!

* * *

Мен – Мағжанның мұңымын,
Тарқамаған шерімін,
Ащыдан да, тұщыдан да жерідім.
Жалғыз өлең – серігім,
Елжіредім, ерідім.
Жалт берді де сері күн,
Кемпір болды – керімім.
Шерді мұңға телідім.
Ұғар дейсің мені кім...

Ұлы Мағжанды ұқпаған,
Ұлт ақынын ұқпаған,
Ұраншылды құптаған
Қазақ деген елінің
Соры қалың бес елі,
Мойындамау – кеселі,
Марапаттау – есебі.
Мінін айтқан адамды
Жақтырмайды деседі,
Жек көреді деседі,
Десе-дағы нақ деген!
Дөп басыпты, әттеген.

Жүгінер ем дәлелге,
Жыр – Құдірет әлемде!
Мен – Мағжанның мұңымын,
Мұңсыздарға сәлем де!
Сары самал – сағыныш,
Күлгін таулар – күйініш,
Өксік өмір – өкініш
Жырға қоспау мүмкін бе?!

Қазақ дерті – тілінде,
Қазақ дерті – жерінде,
Қазақ дерті – елінде,
Қалай жеттік бұл күнге?!
Мен – Мағжанның мұңымын,
Ұйқым шала, күлкім кем!

Қазақ дейтін ел еді,
Желкілдесін желегі,
Жетілгені жөн еді,
“Жеті жарғы” жолымен
Көшін түзеп келеді.
Ғайып ерен жебеді,
Қырық шілтен жебеді.
Оң мен солға, тек қана,
Көп қарайлай береді...
Мен – Мағжанның мұңымын,
Мен – Жүрекке сенемін,
Себебі...

* * *

Күреңке күз.
Қуаң дала төсінде,
Кербестімен ұзақ жорттым,
есімде.

Күн құлаған бесінге
Кез еді.
Қоңырау қағып топ шеңгел,
Қалың курай ызындап,
Қалбалақтап қаңбақтар
құба жонды кезеді.

Ыңырсыған үн шығып,
Ызаланып, тұншығып,
Шарасыздан тыншығып,
Тобылғылы сай жатыр
өртке күйген өзегі.

Қурап, семіп, сұрланып,
Қазынасы ұрланып,
Тоналса да қайран дала
бұл тәлкекке төзеді.

Кеше ғана көктем еді,
Жаз да жылдам өткен еді,
Кейуана күз жеткен еді,
Келген екен кезегі!
Уақыт неткен ұшқыр еді,
тез еді?!

ӨЛЕҢ

Оңай емес, қиынсың,
Шешілмейтін түйінсің,
Көңілдегі құйынсың,
Сағыныштың сазысың,
Сүйгенімнің назысың,
Сиқыр Өлең!

Ұзақ емес, қысқасың,
Қайталанбас нұсқасың,
Алмағайып тұстасың,
Жасырынған жасынсың,
Жиырма бес жасымсың,
Жұмбақ Өлең!

Тайыз емес, тереңсің,
Қынаптағы беренсің,
Жалтылдаған зеренсің,
Сыздықтаған сәулесің,
Әсердегі әуресің,
Сұлу Өлең!

Арзан емес, қымбатсың,
Біреулерге жұмбақсың,
Жанарымда тұнбақсың,
Сенімімнің сертісің,

Жүрегімнің дертісін,
Қара Өлең!

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Өз Наурыз – бақ-берекем, ырыс-дәмім,
Толтыра уысымды нұр ұстадым.
Кеміген қыс ызғары қырға шығып,
Лебімен Алтынкүрек тыныстадым.

Бусанып, бойы балқып бел-белестің,
Бұзылып көк өзенде сең де көшті.
Наурызда құйылатын көктен нұрды,
Сыйынан Тәңірінің кем демеспін.

Бұл Наурыз – талда бұршік, таста қына,
Қыс патша тақтан тайды қас-қағымда.
Тағы да көктем келді, көктем келді,
Құстардың әнін іліп аспанымда...

Ұлыстың Ұлы күні – Жылашарым,
Ұнатам табиғаттың бұла шағын.
Ойпаңдардан оймақтай көл көремін,
Секілді қол айнасы құдашаның.

Ауызы аққа тиіп жарығанның,
Бауырын барлық адам таныған күн.
Дәмімен наурыз көже тіл үйіріп,
Сәнімен қалықтатып халық әнін.

Сағынтып жеткен Наурыз, зарықтырып,
Салтымның салтанатын дәл ұқтырып.
Ежелгі Күн мейрамын енді міне,
Тойладық тәуелсіздік алып тұрып.

Көк Туым биік тұғыр тапты менің,
Өз Наурыз құт дарытты, нақ білерім.
Бәріңе жүрегімнен жыр арнадым,
Баршаңа басы бүтін бақ тіледім!

* * *

Мен ауылдан шыққанымды ұмытпан,
Ұлым, бәлкім, болар нағыз қалалық.
Құлын даусы құлағымда құмыққан,
Қайран дала жанарыма қамалып.

Сағынамын, тіпті, сары масасын,
Сары таңға ұйқы бермей шығатын.
Алыс кетіп қанша ғұмыр жасасын,
Ауыл жақта туу керек шын ақын.

Жусан ісі бұрқырасын жырымнан,
Ат дүбірі шалынсын бір құлаққа.
Қасаң өлең құр ұйқасқа құрылған,
Жасандылық болмау керек бірақ та.

Қайтқан құстың сағынышты сазындай,
Бір әуен бар кеткен менің кеудемде.
Жүріп-жүріп, жүріп-жүріп жазылмай,
Қайтер екем сол бір әуен сөнгенде.

Оған дейін талай әнді шырқармын,
Жалығармын сол әндердің көбінен.
Талай өлең шығарармын, жыртармын,
Жетім қозы сияқтанып теліген...

Мен ауылдан шыққанымды ұмытпан,
Ұлым, бәлкім, болар нағыз қалалық.
Құлын даусы құлағымда құмыққан,
Қайран дала жанарыма қамалып.

* * *

Жас қайрат бойды кернейді,
Жасампаздықтың жалаугерісің, тұтқасың.
Күндерің келер кернейлі,
Өзгелер мұны ұраншылдық деп ұқпасын.

Жас жігер талай қайралған,
Қиындықтарда мұқалған емес бірақ та.
Додаға түсіп, бәйге алған,
Арманы асыл жетелер ылғи жыраққа.

Жас ғұмыр жыр ғой бітпейтін,
Жасынға толы найзағайлардың жарқылы.
Өмірдің мәнін діттейтін
Өлшеусіз сезім, өректі көңіл арқылы!

ЖАРҚАБАҚТА

Арқыраған өзен емес арынды,
Алай-дүлей сарқырама сарынды,
Көл де емес, теңіз емес тұңғыық,
Ақ толқынын лақтырмайды тым биік.

Бұлақ емес қытықтаған жағаны,
Тоған емес темір-бетон табаны.
Ақ тұмамен туыспайды ежелден,
Бұл – тұйық су,
барар жолы тежелген,
Бұл – қара су,
сіңіп жатқан құрдымға,
Қорқынышты тіршілікті көрдім мен
Жарқабақтан төне қарап тұрдым да!

* * *

Тұла бойым өр намыс, таласар кім,
Егін ектім, мал бақтым, қала салдым.

Ақылдының алдында – биіктедім,
Ақиқаттың алдында – аласардым.

Мен – қазақтың ұлымын, даладаймын,
Дала пейіл жандарды бағалаймын.
Жақсылардың жанында көп жүремін,
Гүлжазира өлкемді аралаймын.

Биік менің мұратым, арманым да,
Тоқсан тоғыз тіршілік тармағында.
Қасыңнан мен табылам қай кезде де,
Құрсауында қиындық қалғаныңда.

Қол жалғаймын, қажет пе, жәрдем берем,
Өрден көрем орнымды, төрден көрем.
Ақыл айтам ұлыма адам бол деп,
Кешірмеймін кешені кердеңдеген.

Кезім осы отырған көңіл демдеп,
Жақсы сөзден жарым жүк жеңілденбек:
Арман таудың білінбес алыстығы,
Көз ұшында бұлдырап көрінген деп...

АЗАТТЫҚ АЛАУЫ

Ата-бабамыздың арманы еді –
Тізгінін ұстап елдіктің,
Тұтқасын тауып теңдіктің,
Тәуелсіз ел боп танылу!
Темір құрсау қыспағынан арылу.
Тарихтың керуен көшінде
Тайталасты тағдыры өткен төсінде.
Талай да ғасыр зарыққан,
Тарыққан, кейде торыққан,
Тек қорықпаған дұшпаннан,
Текті ұрпағы тепсініп,
Туырлықтай жерін қорғар дейтін
Ұлы Даланың!

Қарға тамырлы қазақтың
Қашанғы мұңы – азат күн!
Қидасында намыс қайраған,
Қантөгісте жауы жайраған,
Қабырғасы сөгілгенде қыңбаған,
Қайғыдан иілсе де сынбаған.
Қаратаудай қабарған шағында
Қайран зары “Елім-ай!”-ды тыңдаған.
Қолдарына қыран қанатты ту алып,
“Қазақ елі –Тәуелсіз!” деп қуанып,
Қалың жұрт тұтасса дейтін еді
Қара ормандай!

Ата-бабамыздың арманы еді –
Ардақ тұтар ханын, дарасын,
Ажыратар ақ пен қарасын,
Айылы төсіне батқан ат мінген,

Алтыны ішінде жатқан сөз айтқан
Арыстарын аяқтан шалдырмау,
Ара ағайынның табасына қалдырмау,
Алыс-жақынға бетке ұстар айбары
А-нау итжеккенге кеткенде айдалып,
Алапасын асыра алмай, қайғы алып,
Азайып сүт бетіндегі қаймағы,
Арқаның құба жоны қаңырап,
Ақ шашты ана жоқтау айтқанда аңырап,
“Ай, заман-ай!” деп аһ ұрған,
Абылайдың аруағын шақырған
Асық атып жүрген ұл
Ат жалын тартып мінгенін көрдік!

Ата-бабамыздың арманы еді –
Жағаға дұшпан қолы тимеске,
Жазықсыздан бекер күймеске,
Жолбарыс жүректі қазаққа ұл керек,
Жер-жаһанға мәлім болған бір дерек:
Желтоқсанның ызғарлы күндері әлі есте,
Жауыздықтың жеті басты қызыл айдаһарынан
Жеңілген жоқпыз егесте!

Жүздеген жылдарға созылған
Азаттық аңсаған күрестің біл мәнін!
Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,
Жазамыз Азаттық жырларын.

Жетсек біз тәуелсіз бұл күнге
Жадыдан шығару мүмкін бе,
Желтоқсан жастары жамылып мұз-қарды:
“Азаттық!

Азаттық!

Азаттық үшін!” деп
Жаһанға жар салып тұрғанын!
Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,
Жазамыз Азаттық жырларын!

* * *

Тағдыр жолы шиырлы, шырғаланды,
Тарихың да сан рет бұрмаланды.
Кейде қатты түңіліп, жек көресің,
Суық, сұсты, қатыгез бұл ғаламды.

Қайтсең ғана нық басып, тік тұрасың,
Қайтсең шашпай бабаңның құт мұрасын,
Ұлыңа, ұрпағыңа қалай, қайтіп,
Ұлтжандылық мұратын ұқтырасың?!

Жабысқан дерт жаныңа жаһан мұңы,
Ойламап па немене атаң мұны.
Адамның ұлы бол деп сан айтты ғой,
Кемімейді одан еш Отан құны.

Үмітпенен өтті жыл, өтті айларым,

Болашақта өткізер көп тойларым.
Жер жаһанға асырып қазақ даңқын,
Желбіресін биікте көк байрағым!

* * *

Кімге айтасың, ішіндегі зарынды,
Асау уақыт тыңдамайды арынды.
Жан-дүниен қабылдамай тұрады
Құлағыңа жеткен бөтен сарынды.

Кімге айтасың, бізден жастық өтті деп,
Бала бұлақ таудың төсін тепкілеп,
Буырқанып, біраз жерге барса да
Су аяғы құрдымға сол жетті деп...

Кімге айтасың, құлазуын көңілдің,
Жеңдің талай, енді, міне, жеңілдің.
Сыры жұмбақ болып шықты ақыры
Алды тұман, арты күмән өмірдің...

Кімге айтасың, таппадым деп тиянақ,
Дала кезіп, қала кезіп қиялап...
Бір өкініш түнде ұйқы қашырып,
Бір сағыныш кеуде тұсқа ұялап...

Кімге айтасың, таймадым деп сертімнен,
Еріксізге ермедің бе еркіңмен...
Тек махаббат жазатынын түсініп,
Сол баяғы дауасы жоқ дертіңнен...

Кімге айтасың, кімге мұңың шағасың,
Шайырлар ма шамаламас шамасын...
Өмір сүрдім дейсің кімге өзеуреп,
Өрге сүйреп шарасыздық шанасын!...

КӨК ЕШКІ ТУРАЛЫ...

Кешкіғұрым ешкі көрдім. Көк ешкі.
Бұған дейін бұл ауылда жоқ ешкі.
Ішіп-жейді екен көзі кісіні,
Мүйізі бар, құлағы жоқ. Мүсіні –
Құмырсқа бел келіншектен аумайды,
Қос жанары төңкеріліп аунайды.
Көрінбейді соңына ерген лағы,
Тастан тасқа секіретін шұнағы.
“Қысыр қалған екен ғой” деп түйдім ой,
Қысыр қалған талай ойлар күйді ғой.
Көк ешкінің көзі де көк көрінді,
Көк көз көрсем білмеймін не дерімді,
Бояп апты жұқа қаймақ ерінін...
Кел деуге де, кет деуге де ыңғайсыз,
Бастан халді кештіңіз бе мұндай сіз,
Жақындады маған енді көк ешкі,
Күн кешкірген. Қызыл іңір. Көмескі.
Иегімен нұсқап жақын дөңесті,

Әлдекіммен күбір-күбір кеңесті...
Өң мен түстің арасында мен өстіп
Тұрғанымда, ештеңе де айта алмай,
Сол көк ешкі сықылықтап сайтандай
Күлді дейсің... Ішін басып күледі...
Күлген кезі күндіз емес, түн еді...
Шынында да болып шықты күлегеш.
Кешкіғұрым көк ешкі боп көрінген.
Көршілерден сұрап көріп едім мен,
Ешкі де емес, Ешкім емес, Құр Елес!..

* * *

Тасасында тас түйілген қабақтың,
Ық жағында түтеп тұрған ызғардың,
Қызуында қырық градус арақтың,
Қылығында қулығы көп қыздардың,
Түтінінде қақалдырған шылымның,
Ызыңында ыза қылған шыбынның,
Сыбдырында желді күнгі қамыстың,
Сәлемінде жібі түзу таныстың,
Салқынында өң бермеген келбеттің,
Ермегінде зая кеткен еңбектің,
Арқауында торға құрған өрмектің.
Бояуында мазардағы өрнектің,
Қанатында бұлтты тілген сұңқардың,
Тұяғында топты жарған тұлпардың,
Есесінде жігері құм пақырдың,
Ұйқысында қапы қалған батырдың,
Қауызында түйір ғана тарының,
Әжімінде кемсендеген кәрінің,
Қайталанбас қас-қағым сәт,
Бақ пен Сор!
Бұл өлшемі – бәрі, бәрі, бәрінің!

ЖЫЛАШАР

Ақтығындай жауған қардың алғашқы,
Пәктігіндей сәбидің,
Жылашар ақ үміті бар әр үйдің.
Әр адамның!

Ақ шуақтан жаныма нәр аламын,
Арман оты жанады алда тағы,
Соңымызда бұралаң жол жатады.
Ақ параққа үңіліп сыр аулаған,
Тұр-ау маған сағыныш сыздауы боп
Ақ тырналардың үні тыраулаған.

Келер көктем, келер жаз, келер күзге
Берерміз не?
Жылашар күн құт қадам болады деп
Алғаусыз сенерміз бе?
Ал тағдырың сол Сенімге тәуелді,
Сенімді сақтау керек әуелгі:
Көздің қарашығындай,
Сөздің жарасымындай,

Қорғап соны кенет келер кесірден,
Қызыл гүлдей қар үстіне өсірген
Мәпелегін!

Білмеймін келер күн не әкелерін,
Бақ па, сор ма – бір мысқал,
Түңілу ме тұрмыстан татымы аз,
Адамдарға қиын-ау айласы жоқ,
Және де ақылы аз,
Ал сезімі көл-көсір.

Табу оңай деймісің көңіл-күйдің пернесін,
Айту қиын елге сыр.
Тағы бір жыл табалдырық аттады.
Құлан таза айықтырды ескі ойдан,
Бұл қаңтардың ақ қары!
Қаңтарда да сезіледі екен-ау –
Наурыз келе жатқаны!..

ӨЛЕҢНЕН ӨРІЛГЕН МҰНАРА

Ғасырдан иығын асырған,
Ғаламдық құпия жасырған,
Тұңғыық тереңі,
Табынтып келеді,
Абайдың өлеңі.

Қорғасын секілді құйылған,
Қазақтың бағына бұйырған,
Шап-шағын көлемі.
Шерімнің шемені,
Абайдың өлеңі.

Қалай дәл айтқанын қарашы,
Қойғандай қапысыз бал ашып.
Қайғынды көреді,
Қайрат-күш береді,
Абайдың өлеңі.

Адамзат ойының аңсары,
Түнекті түретін таңсәрі.
Көп ойдың көгені,
Көп сөздің бөгені,
Абайдың өлеңі.

Заманның запыран зар-мұңы,
Адамның тұрлаусыз тағдыры.
Табылмас төлемі,
Жаңартқан көнені,
Абайдың өлеңі.

Тоғжанның тамсанған тұмасы,
Әйгерім әніндей ұнасым.
Болжаусыз дерегі,
Жаныңның қорегі,
Абайдың өлеңі.

Өлеңнен өрілген мұнара,

Өлшемге сыймайды, сұрама!
Төбеңнен төнеді,
 Биіктей береді,
 Абайдың өлеңі,
 Абайдың өлеңі!

* * *

Шалғынға шашасының шаңын қағып,
Шалқұйрық қырға шығып шұркырады.
Шалқар көл сияқтанып сағымданып,
Көкжасыл көкжиекте нұр тұнады.

Маусымның мамыражай күні өтіп,
Қырық күн шілде түсті аптабымен.
Бір тамшы су қадірі білінетін,
Кез осы. Айдын шалқып жатқанымен...

* * *

Бұлттан тамшы сұрағандай халдемін,
Құмға қарай жетелейді әлдекім.
Кәусар бұлақ, саумал ауа аңсатты,
Сағым қуып қай қиырға келгемін.
Жасыннан от дәметкендей күйдемін,
Бекердейін өзім от боп сүйгенім.
Жүрек емес – кеудемдегі кесек ет,
Байқамаппын жалын шарпып, күйгенін...

Желге еріп жоғалардай ойдамын,
Жастық шақтың бал қызығын тойладым.
Жыр-Сұлудың жанарынан жас көрдім,
Дұрыс шығар осы өлеңді қойғаным!..

ӘТТЕҢ, ДОСЫМ ӘДІЛЕТ

Әттең, досым Әділет,
Әуелі, тыңда, сабыр ет.
Қайтейін, қапы қалдырды
Қиянат құрғыр сан рет...

Егілдің іштей, еңіреп,
Қызылды-жасыл төңірек.
Мың түрлі бояу арбайды,
Бар қуаныш, бар қайғы,
Біреулер тал қармайды,
Тіршілік бұл қайнаған,
Біреулер отпен ойнаған,
Ағарып шашы Ананың,
Сарғайып тісі Сананың,
Ойға бір шомып қаламын...

Іздейді Сені, сұрау сап,
Үлкен де, жасы кіші де,
Сенеді сенің Күшіңе,
Тауысып төзім-тағатын,

Соғар деп сенің сағатың,
Қақпасын ашып әрбір үй
Күтуден әбден шаршады,
Басындағы хал баршаның!

Ал, сен болсаң, досым-ау,
Астаң-кестең дүниеде осынау
Қашанғы бұғып жүрмексің,
Қос өмір қалай сүрмексің?!
“Жоқ екен ғой Әділет,
Атасына лағынет.
Қорлағанда Қиянат
Арашашы болмады!”
деп күйінді.
Сенен көмек сұраған,
Маңдайының соры қалың
Бір адам.

“Әділет пәк күнәдан” десем,
енді иланады оған кім?
Басын жарды бүгін тағы біреудің
Сол Қиянат –
Қолшоқпары қоғамның!...

САРЫ МАСА – САРЫУАЙЫМ

Сары маса – сарыуайым,
Сен шығарсың сорым менің.
Қараңғыда көрінбедің,
Сордың тәтті қанымды.
Сары таңға, бір құдайға,
Жалбарындым, жалындым.
Мүшкілдігін халімнің
Кім түсінер.

Сұққылады миымды мың
Қарғыс атқыр ызыңың.
Ұйқың қанып күнұзын,
Ұштың қанға құнығып.
Қатты шаршап, құлаған ем,
Табыла ма мынаған ем.
Алсам деп ем тынығып.
Сорым болған сары маса,
Көрінші бір көзіме.

Қанға көнің жарымаса
Өз обалың – өзіңе.
Менде қандай алатұғын
ақың бар?
Сенсіз-дағы сұм тіршілік
Теспей сорып тамшы қанын,
Кетіп жатыр ақындар.
Кетіп жатыр жүрегіме жақындар.
Кетем мен де бір күні,

Өлеңімді өлгеннен соң оқыңдар!
Сары маса, сірә, сенен
болар менің ажалым.

Маза бермей, ыңылдаған
Ажал үні – ғажап үн!
Сары маса, жарымасаң –
Қаным тегін, қанып іш.
Қалса болды
Сары таңға,
Сары қызға,
Сары өлең –
Сағыныш!!!

* * *

Қыр астында келе жатыр Құлагер,
Дүбірінен танып тұрмын жазбай-ақ.
Бұл бүйгеге мән бермейді, бірақ, ел,
Бір Ақанға қиянаты аздай-ақ...

“Озса – озсын, ал озбаса – озбасын” -
Жұрт қуанбас атың келсе бәйгеден.
Жүйрік мініп жете алмадым өз басым
Арманым мен мақсатыма...
Әй, неден?!

АЛ, ЕНДІ ТҮСПЕЙМІЗ БЕ АЛАМАНҒА?!

Азапқа да тек қазақ шыдайды анық,
Азаттықты алдық деп шырайланып.
Ноқтамызды сыпырып тастадық та,
Енді неге қазықты шыр айналдық?!

Жалғасса деп бір іске бір ісіміз,
Тасыса деп тіледік ырысымыз.
Аяғына жем түскен ат секілді,
Енді неге өнбейді жүрісіміз?!

Жәутендеген жалыныш түрімізде,
Жәрдемдеспей біріміз бірімізге.
Басы бүтін ұйымай дінімізге,
Бас бостандық әпермей тілімізге!

Ұлтымызға ұқтырып төс ұрмауын,
Ұпайларын түгендеп кесір қауым.
Шартараптан кеңесші шақырып ап,
Шеше алмай жер дауын, жесір дауын .

Бірі ойға тартады, бірі қырға,
Құрық салмай құркеуде құрығырға,
Талай рет арбамыз аударылды,
Кілт оңға не кілт солға бұрылудан ...

Мал аман ба, – дедік біз, – жан аман ба,
Жазбайтұғын уақыт жара бар ма?!
Ноқтамызды сыпырып тастадық қой,
Ал енді түспейміз бе аламанға?!.

МӨЛДІР

Жаны жайсаң аяулы сыр ұнатқан,
Жадыратса әрдайым күліп ақ таң.
Мөлдір сезім, пәк сезім, сәби сезім –
Мөлдір бастау басынан тұнып аққан.

Жерге түскен өнеді бір түйір дән,
Арман оты шақырса бір қиырдан,
Асқан мөлдір дүние тіл қатқанда,
Аспан мөлдір көгілдір нұр құйылған.

Тәңір сызық маңдайға сызады дәл,
Ғұмыр қызық, мөп-мөлдір жүз әні бар.
Мөлдір тамшы көздегі қимастық қой,
Мөлдір өлең – Мөлдір қыз ұзатылар!

Бұл жалғаннан жас жүрек жақұт терсін,
Балдай шақтың бал дәмін татып көрсін.
Мөлдір әуен, мөлдір ән, мөлдір сурет –
Мөлдір қызға Құдайым бақыт берсін!

Қыз қонар шақ қияға келді, міне,
Жолығыпты өзінің өндіріне...
Мөлдіреген Мөлдір қыз – мөлдір өлең,
Тіл менен көз тимесін Мөлдіріме!

* * *

Адамды алдандырар асыл үміт,
Қалады бір қапталда ғасыр ұмыт...
Қарауға тереземнен жалыққандай,
Барады бұлтқа Ай да жасырынып.

Шырғалаң әр пендені шыңдайды анық,
Шыбын жан шыққанынша шымбай бағып...
Әу баста өзім ойдан шығарған ем,
Өтірік бара жатыр шынға айналып.

Достық пен махаббатты жалғап өтем,
Тар кеуде болар қанша жанға мекен.
Апыр-ай, қайран қалдым енді бүгін,
Ақыры ақиқаттың жалған екен!

* * *

Шынында да болған жоқ, сірә, ұғыспас қылық,
Шын көңілден сыйласу бар және шын ұнау.

Шығармайды шеңберден бізді жұмысбастылық,
Табан тайса – жұтатындай түпсіз шыңырау!..

ЕКІҰДАЙ

Жазмышқа бұл фәниде кім көнбейді,
Жел ұрар қамсауы жоқ іргем кей күн.
Мен ылғи қосар өмір сүргендеймін,
Мен ылғи жар жағалап жүргендеймін!

Бұйрыққа бір бағынып, бір бағынбай,
Баурамай ешбір әлем жыр бағындай,
Түнектен соң тап болып нұрға мұндай,
Күй кешіп екіұдай тұрғанымды-ай!..

АҚ ТІЛЕК

Серік пен Өркенге

Қазақта той өткізу қиын бір сын,
Дос қуанып, дұшпанды күйіндірсін.
Ұзақ күткен қуаныш-шаттығың бұл,
Ұзағынан тек енді сүйіндірсін!

Төсін кезіп, сар дала, сахараның,
Қатар шырқау ғанибет сапар әнін.
Арман қуған аяулы боталарың,
Ақ сенімін ақтасын ата-ананың.

Келеді адам бәріне үлгергісі,
Келеді қыз көргісі, ұл көргісі.
Дүбірлетіп бұл тойды өткізуің –
Берекеңнің тасыған бір белгісі.

Баптағанбыз біз бірге үміт бағын,
Атсын дәйім алдыңнан күліп таңың.
Қауқылдасып құдаңмен ертелі-кеш,
Ескі досты біржола ұмытпағын.

Не аласың өмірден, не бересің,
Кеңірек жай жас отау керегесін.
Сәлем беріп тұрайық келер жылда,
Жүрген шалға жетектеп немересін.

Күндер қанша алдыма сұрақ үйді,
Мұндай жиі кешпеспіз бұла күйді.
Құйрық-бауыр асатып құдаларға,
Би билейік қолтықтап құдағиды.

Аманатты балалар арқаласын,
Жалғасатын ұзаққа жол табасың.
Тәтті-тәтті түс көріп ояныңдар,
Той-думаның ешқашан тарқамасын!

ҰЛТЖАНДЫ ҚАЗАҚ

МӘЛІК МҰҚАНҰЛЫНА

Бұл өзі ердің жасы елу деген,
Бір ғанибет елуге келу деген.
Бес белестен асудың белгісі бұл,
Бойдағы күш-қуатқа сенуменен.

Елуінде азамат елендеген,
Елге пайдам тиеді немен деген.
Елдің мұңын өзің де жүрсің толғап,
Ер Мәке, кездерің жоқ төмендеген.

Ұлтына жаны ашыған арыстардың,
Алдынан өзің талай дәріс те алдың.
Ұлтжандылық – қазақы қасиетің,
Арасында бейтаныс, таныстардың.

Болдың-дағы халықтың қалаулысы,
Солтүстікте серінің санаулысы.
Қаламыңды қару ғып тағынып ең,
Қадамыңа қарар көп бар-ау кісі.

Қиындықты көрсең де тайсалмадың,
Арқау еттің жазғанда ой салмағын.
Қазаққа таныстыру – бір міндетің,
Қызылжар жақсысы мен жайсаңдарын.

Жаңа қоныс – үйіңе ән ұялап,
Үлкен Бақыт бұйырсын жанұяңа!
Өлең болып қуат бер қарияға,
Өзен болып құя бер дарияға!

* * *

Іздегеннен не пайда, жоқтағаннан,
Шырқау көкте үзіліп, тоқтаған ән,
Көрген қызық кешегі көрмегендей,
Қайтарар ма жалынсақ хақ тағалам.

Еске алғаннан не пайда, ескергеннен,
Төрт құбылаң түгел ме төс кергенмен.
Құлазыған қалпыңды кім түсінер,
Қалып қойған секілді көш-керуеннен.

Сағынғаннан не пайда, аңсағаннан,
Бал татымас таңдайың тамсағаннан.
Тағы да жарық күнге талпынасың,
Тағдырдың жай отынан қалсаң аман...

* * *

Мектептегі мамыражай күндер-ай,
Қоңыраудай сыңғырлаған үндер-ай.
Жылдар жылжып өтіп жатыр шұбалып,
Биіктерге, бел-белеске шығарып.

Бас қосудың өзі болды бір арман,
Ортадамыз ойдан-қырдан құралған.
Сағындырар бала күнгі қызықтар,
Сол қалқаның саусағында жүзік бар.
Сол бозбала мұртты жігіт байсалды,
Парталастың есейгені ой салды.
Бір әңгіме-дүкен құрсақ деп едік,
Бақыт пенен қуанышқа кенеліп,
Жиырма жыл – есеюдің мектебі,
Жиырма жыл – уақыттың өткені.
Ұстаздар мен шәкірттер бір еске алсын,
Жиырма жыл өтіп кеткен көктемін.
Жиналайық жарқын жүзбен, келіндер,
Бала күнгі Армандар мен Сенімдер!
1992 ж.

* * *

Қалады қаңтарылып қағаз, қалам,
Қазанат қаңтарылса бақ озбаған.
Қаламым – қазанатым күнде жарау,
Қалжырап қалады тек сабаз балаң.

Өтеді-ау басымыздан бір күні ептеп,
Бұл жалған бір жарық пен бір түнек деп,
Самарқау жан-жағыңа жүргеніңде,
Қашады қырда киік дүркіреп кеп...

Бұл жалған – қызыл түлкі, қашқан киік,
Жас кезде көкжиек кең, аспан биік.
Білмеймін, жазыла ма, жазылмай ма,
Тек қана ащыменен басқан күйік!

* * *

Ән естілді көрші үйден іргедегі,
Ертелі-кеш елендеп жүрген едім.
Апыл-ғұпыл ұмтылдым терезеге
Тұтқын халін кешкендей түрмедегі.

Ән естілді талмаурап, саз ырғақты,
Бізге қайта жүздесу жазылмапты.
Әуенде ме, әнде ме, сөзінде ме,
Ерке қылық, әйтеуір, назың қапты.

Ән естілді өңімде, түсімде ме,
Ән сазымен бейнеңді мүсіндегем.
Әне-міне кетеміз әнге айналып,
Сондықтан да жұрт бізді түсінбеген!..

* * *

Зымырап күндерім де, түндерім де,
Заманмен ұғыса алмай жүргенімде,
Заматта кетті ажырап ірге мүлде,
Зар болдым дидарыңды бір көруге.

Қысқа жіп келмей кейде күрмелуге,
Сүрдім бе қызық өмір, сүрмедім бе.
Сарғайдым сағыныштан, білмедің де,
Зар болдым дидарыңды бір көруге.

Тіршілік толқынында, тірнегінде,
Қапылдым бәріне де үлгеруге,
Үлгердім бейтанысқа гүл беруге...
Зар болдым дидарыңды бір көруге.

Бір арман ұмтылдырар ілгеріге,
Бір үміт таяныш қой кім де кімге.
Бар әлем нұрланушы ед күлгенінде,
Зар болдым дидарыңды бір көруге.

Ұйқысыз түн түндігін түргенімде,
Махаббат маздақ шоғын үрледім де,
Жыр жаздым дүниеде бір кем, міне,
Зар болдым дидарыңды бір көруге!..

* * *

Өзіңсіз таң бозалаң, ымырт күңгірт,
Өзіңсіз өмір мылқау, дүние жым-жырт.

Өзіңсіз таң атпаған, күн батпаған,
Өзіңсіз бұл тіршілік жұмбақ маған .

Өзіңсіз бақ салқындау, түн ызғарлы,
Өзіңсіз жарығы жоқ жұлдыздардың.

Өзіңсіз күй көңілсіз, әнім шолақ,
Өзіңсіз өткен күндер – уайым сол-ақ.

Өзіңсіз төрт қабырға, жоқ терезем,
Өзіңсіз таптырмайды өткел өзен.

Өзіңсіз ортаяды ырысым да,
Өзіңсіз өткен өмір құрысын да!

* * *

Имек қасың садақтай керілгенін,
Керім дедім, шиедей еріндерің.
Күн шапағын күткендей, күтемін ғой,
Көңіліндегі көзіңнен көрінгенін .

Ойдан ою ойылмас отыр қанша,
Қараңғыда қармандым соқырларша.

Құмарым қанбай мына жаз ұнады.

Бұлбұл – Қыз,

Көрінсеңші, жасырынбай,
Өмірдің соңы қандай, басы мұндай.
Кетерсің көз көрмеске тағы да ұшып,
Бір әнің – бір ғұмырым, ғасырымдай.

* * *

Көздеріңнен көрсем деймін тұнық көл,
Тұнық көлде ақ желкенді үміттер.
Қабағыңа қараймын ғой қашанда,
Кездесуге сен әрдайым күліп кел .

Күліп кел де, үндемесен – үндеме,
Бөленбей-ақ үлде менен бүлдеге.
Жанға қуат, жүрекке нұр құясың,
Жымығаның сонша жұмбақ, бұл неге?!

Тіршілікте бар қуаныш, бар уайым,
Шуағы мол жырлар саған арнайын .
Қоштасқанда мұнайғаның бір бөлек,
Кездескенде күліп қара әрдайым.

ӘН ҒҰМЫР

Әлі күнге ғашықпын ән ғұмырға,
Әлі күнге ынтықпын таңғы нұрға.
Өзіңменен жүрсем ғой қол ұстасып,
Жайсаң жаздың жып-жылы жаңбырында.

Әлі күнге арбалам ән елеске,
Әлі күнге ескірген өлең есте.
Өлең болып, ән болып мазалайтын,
Сен бе, әлде, сол сұлу сен емес пе?!

Әлі күнге еремін ән сағымға,
Ауады да тұрады аңсарым да.
Әнге айналған махаббат екенсің ғой,
Әттең, даусым жетер ме жар салуға?!

* * *

Жақсы көрдім жүрекпен ұғып, қалап,
Жанарыңнан тылсым сыр суыртпалап.
Енді мына тіршілік мұнарында
Сенің бейнең тұрады күліп қарап.

Тасқа қанша соғылды тақыр маңдай,
Аһ ұрмастай ешкім мен аһ ұрғандай.
Аспанда ақ бұлттардың арасынан.
Сенің бейнең келші деп шақырғандай.

Тағдыр бізге сырт мінез танытқандай,
Өмір - толқын, ілестік қалып қалмай.
Сол баяғы қалпыңда тіл қатасың,
Сенің бейнең түсімде анық қандай.

Арман қудым асыға, алып-ұштым,
Бал мен уын тағдырдың қанып іштім.
Сол баяғы қалпыңда елестетем,
Сенің бейнең – суреті Сағыныштың.

Жастық шақта болатын үмітім бай,
Сайран дәурен тербетті үні тынбай.
Өмір бойы кеудемде сақталады,
Сенің бейнең ғана сол ұмытылмай.

Табылады тірлікте қай керегің,
Жапырағын тонатар бәйтерегің.
Мына фәни жалғанда дәтке қуат,
Сенің бейнең болмаса қайтер едім...

Қайран жастық қайтадан келеді ме,
Махаббаттың мәңгілік төлемі не?!
Тоқтаса да жүрегім өшпейді енді,
Сенің бейнең көшіпті өлеңіме!..

* * *

Мен сені қиялыммен мүсіндегем,
Мен сені арманыммен аяладым.
Сен неге алғашында түсінбедің,
Сен неге ең соңында аямадың?!

Түсімде көрем ылғи шың басынан,
Өңімде өзің жоқсың, елесің де.
Сондықтан болған шығар сырласым ән,
Өлеңде жан дауасы, сенесің бе?!

Есімде гүл бергенім, гүл алғаның,
Жадымда сақталады сәуір таңы.
Жұтқаны сені мәңгі мұнар қалың,
Жүректі әлі күнге ауыртады!...

* * *

Көзіңнің мөлдірін-ай, тереңін-ай,
Қадала көп қарайсың неге бұлай?!
Түбіне тұнық жанар шым батамын,
Өзімді тереңінен көрем ұдай.

Көзіңнің мөлдірін-ай, қарасын -ай,
Бұрын да қарағансың дәл осылай.
Жәудіреп төңкергенде жанарыңды,
Жаныңа жақын тартып барасың-ай!

Көзіңнің мөлдірін-ай, мөлдірін-ай,
Мөлдіретіп өзіңді берді Құдай.
Қаперсіз жүргенімде жолықтырдым,

Қарамайды ешкім де енді бұлай!..

* * *

Кеш гүлдеген алма ағашты аядым,
Күз келгенде піспей қалар жемісі.
Кеш оянған бұл сезімге, аяулым,
Көп секем бар көңіліңде не үшін...

Жаз өтерін көктемде-ақ білгенбіз,
Көктем деген – шолақ сайдың тасуы.
Көбіне біз сеніп өмір сүргенбіз,
Көз жасы деп махаббаттың басуы...

Кеш оянған сезім өрті қауіпті,
Күл қалады, шоқты көміп, соңында.
Түніменен қара жаңбыр жауыпты,
Күздігүні қырдың құба жонында...

* * *

“Ағарды шаш ертерек”,
Айтасың оның несін, құрбым, налып.
Құшақты аш еркелеп,
Алдыңда құр абдырап тұрмын нағып...

Оңаша сыр ағытып,
Отырсақ осы шақта айып па бұл.
Болашақ бұлаңытып,
Көк терек бара жатыр жайып тамыр.

Өтер-ау тартыспенен,
Өмір бұл таңсәрі не талтүс демей.
Шашыңа ақ түскенмен,
Жүрегіңе ешқашан дақ түспегей!

* * *

Үнсіз түн. Үнсіз ғалам. Үнсіз бөлме.
Көлеңкеңнен қорқасыз кімсіз деуге.
Тіл қататын сияқты бәрі қатар,
Түн ұйыған түкпірге жарық апар.
Қараңғыға жан бітіп қозғалады,
Бір құбыжық жарыққа көз қадады.
Бір бойжеткен бозартып бозбаланы,
Бір күрсініс кеудеде қыстығады.
Күндізгі аптап әсері – ыстық әлі...
Үнсіздікті тырс еткен тамшы бұзды,
Күткен едім сағынып әнші күзді –
Әнші қызды!

Келе жатыр!..

* * *

Көзбен көре алмайтының күмәнсіз,
Қолмен ұстау, тіпті, мүмкін еместей.
Қапа болып, қайғырмаңыз бұған сіз,
Бұл періште басқаларға елестей.

Жан сарайы тұнып тұрған кеніш те,
Қиянаты жоқ басқаға қылдай да.
Тұрған қалпы бір бейкүнә періште,
Басқа теңеу қажет емес мұндайда.

Желпіп өтсе қанатымен жаз келер,
Бір жымиса толады ғой гүл қырға.
Періште қыз ән салды деп өзгелер
Басын иіп тәжім етер бұлбұлға.

Періште қыз – тылсым әуен күйдегі,
Үнсіз тыңдап, тек жүрекпен ұғатын .
Арманыңды айтшы деуге именіп,
Бір бойжеткен қарсы алдымда тұратын.

* * *

Бұзады көктем желі қар қорғанын,
Тілейміз Жаратқанның жар болғанын.
Өлшеусіз бақыт екен бір мен үшін
Өмірде мына сенің бар болғаның!

Мәңгілік махаббатты көктем жырлар,
Көктемнен күзге жетер өктем жыр бар.
Өлшеусіз бақыт екен, енді ойласам,
Өмірде өзіңменен өткен жылдар!

Жас болдым, ғашық болдым, жалындадым,
Соңынан ұқтым сиқыр сағым барын.
Өлшеусіз бақыт екен, түсінгенім,
Өмірде сені шексіз сағынғаным!

Аймалап сені күнде құшам-дағы,
Қырандай қомданамын ұшардағы.
Өлшеусіз бақыт екен, бағамдадым,
Өмірде сенен қуат, күш алғаным!

Жүрегім бұйырмаса бағынбадым,
Қасқайып тағдыр сыйын қабылдадым.
Өлшеусіз бақыт екен, енді ұқтым,
Өмірде сен қасымнан табылғаның!

* * *

Өтті ғой жаз да қайран, күз де қайран,
Бізге тез, жылдам өтті, сізге қайдам...
Бейнесін Жансұлудың жаңғыртсам деп,
Әуремін нұр сипатын іздеп ойдан...

Кетті ғой жаз келмеске, күз келмеске,
Көңілді шақты көңіл іздер кешке...
Дидарын Жансұлудың ұмыта алмай

Отырған оңашада біздерді ескер.

Көшті ғой жаз алысқа, күз алысқа,
Жетістік неменеге тұзақ ұстап...
Жамалын Жансұлудың тұман бүркеп,
Кеудемде күркіреді жүз арыстан!..

* * *

Бүйеннің жағасында алмалы бақ,
Алқызыл алмасымен қалған ұнап.
Сол бақтың түбіне кеп дамылдайды
Балбұлақ іргедегі таудан құлап.

Алмалы бақ иісі мұрын жарған,
Арманым көп еді ғой бүрін жарған .
Ақ алма, қызыл алма... деп жүргенде
Жазылмай алмадай көп жырым қалған .

Алдынан арманданың тосар бағы,
Ұқсастықтар өрбиді қосарланып.
Оянып кетем ылғи таң алдында
Ұыстап ұстап жатып қос алманы...

* * *

Сырнай сазы секілді сыңғыр сырға,
Сергелдеңнен түскені-ай сырдың сынға.
Суытпайтын сезімді тереңсің бе,
Тартатұғын түбіне құрдымсың ба...

Сардаланың сарнаған желісің бе,
Сеніменен келсем деп келісімге,
Жұдырықтай жүректі жұлып алып,
Дайын едім кескілеп бөлісуге...

Дендеген бұл дертім шын дауасыз ба,
Дайын едім көл кешу, тау асуға.
“Дәурен-ай” дейтін әннің әуеніндей,
Дүние-ай, дөңгеленіп барасың ба...

Алағай ма бұл дәурен, бұлағай ма,
Аз күндік қызық саған ұнамай ма.
Сапар еді бітпестей бұл бір ұзақ,
Соқыр соқпақ бұрылды, сірә, қайда.

Көздің нұры, көңілдің қуанышы,
Жәудіреген жанардың жұбанышы,
Бүгейін бе тіземді құлдық ұрып,
Шығайын ба алдыңнан құрақ ұшып.

Сені мен сағымандай сары белдің,
Сағынып, сарғайғанда тағы көрдім.
Неге бұздың ұйқымды, күлкімді ұрлап,
Сұлу өлең, түсіме, нағып ендің?!

* * *

Өзің – жоқсың, естимін дауысыңды,
Елесіңе есеңгіреп ергенмін...
Жар жағалап жүргенде бақ ұсындың,
Ұстайын деп қолым соза бергенмін...

Аспан аунап түсті де, жар құлады,
Тағдырымның тар өткелі тайғанақ...
Кісінейді арманның арғымағы,
Сен қайдасың, арман болған, Айқабак?!

* * *

Таңғы шықтай шөптегі
Күн көзіне құрғайтын.
Менің қайғы шеккенім –
Қарсаңым ғой жырлайтын.

Басын таудың бұлт алса,
Жаңбыр болып жауар-дүр.
Бақыт менен бұлтарса,
Саған қарай ауар-дүр.

Бердім саған мол бақыт,
Өзім мысқал мұң алдым.
Ұмытылмас сол уақыт,
Өтер бастан мұнар күн.

Таңғы шықтай шөптегі
Күн көзіне құрғайтын.
Мен – мұңлық шеттегі,
Тек өзіңді жырлайтын...

* * *

Болмағандай кешегі базарлы шақ,
Орнағандай тыныштық тылсым үні.
Жан қалқа жоқ жанымда жазар құшақ,
Жазығы жоқ жүректі күрсіндіріп...

Күреңқабак күн кешу бұйырғаны,
Бұдан өткен жоқ шығар азап аса.
Сағынышпен еске алып жиырманы,
Ұйқы қашар түнде ой мазаласа...

* * *

Қызыл жалқын күн батты,
Ымырт басты еңсені,
Қымтап қара көрпесін .
Күте-күте мен сені,
Терек болдым теңселіп,
Терезеңнің алдында.

Әлде ұйықтап қалдың ба,
Үкі байғұс үн қатты,
Қырда бөрі ұлыды,

Түн ортасы ауған ба,
Тым-тырыс қой аулаңда.

Төзіп, талып өзегім,
Қой күзету кезегін
Құдай маған қиғандай,
Шыным осы имандай,
Ұзақ түнді өткердім.
Жем шашатын кептердің
Бағы менен басым ба,
Күліп-ойнап қасыңда
Сырласуға жазбапты,
Жұлыздар да сөніп қала жаздапты.

Білем, енді таң жақын,
Ұйқың қандай қатты еді,
Ұйқың қандай тәтті еді,
Кірпік ілмей күзеттім.
Тоқтап қалған сағатымды түзеттім,
Бұл бақытты шақ па еді?
Бар ғой, бірақ, әттеңі...

* * *

Көл де көптен күткендей ме еркесін,
Бойжеткеннің аймалайды жел төсін .
Он сегізде қыз жүрегін өрт шалар,
Өртегенде – тек махаббат өртесін!

Көл жағасы... көзге ыстық мекенде
Бір сұлулық бар қимайтын бөтенге.
Сиқыр ару сыбырлайтын сияқты,
Соның өзі сағыныштан екен де...

Абыр-сабыр басылған шақ... кешқұрым,
Бойжеткеннің ойын бөлмес ешбір үн .
Көкалалы көк толқынға қарайды,
Көретіндей содан өмір көшкінін .

Судан тұнық сезіміне табынтып,
Сұлулыққа жаратылған жан ынтық,
Шомылуға шыққан шығар десек те,
Көп келеді көл жағасы сағынтып.

Ұғып болған жоқпыз ғұмыр сырларын,
“Түп тегіміз – балық”, – депті бір ғалым.
Өз көзіммен көрдім бірде сол қыздың
Балық болып кеткісі кеп тұрғанын...

* * *

Көңіліме жел еніп, желік кіріп,
Көбелекті көп қудым еліктіріп.
Көп гүлдердің іздедім арасынан
Көзден ұшып кеткенін көріп тұрып.

Көбелек пе, көңілдің құсы, мейлі,
Қасқа құлын болып та кісінейді.
Бір сиқыр бар, әйтеуір, сайтан алғыр,
Өзімнен басқа ешкім түсінбейді...

* * *

Жолатпайын десем де сөзге күмән,
Жоғалтардай бояуын өзгеріп ән.
Бұған дейін жүруші ем масаттанып:
Көңілдегі толқуды көзден ұғам...

Көрініп көлеңкесіз жан дірілі,
Жанарыңда жанайқай жаңғырығып,
Сонда сен кірпік қағып үлгергенше
Беймәлім құпияны қалдым ұғып...

Көзіндегі көк теңіз көңілің бе,
Шарасынан асуда, төгілуде..
Тұңғыққа батқандай дәрменсізбін,
Тұңғыш рет байқадым өмірімде...

* * *

Үйіріліп тұрамын үйлесімге,
Дүниені үйлесім билесін де.
Үміт деген бір қыздың үлбіреген
Қара мең деп қаламын түймесін де.

Күн көзіне балаймын көрінгенін,
Күнде-күнде қараудан ерінбедім.
Үміт деген бір қыздың үлбіреген
Қой бүлдірген деп қалам еріндерін .

Сарышуақ сезсем де күздің лебін,
Сағыныштың тапқандай жүз бір емін,
Үміт деген бір қызды үлбіреген
Үр қызына ұқсатып, үздігемін...

* * *

Жанымның нұры,
Жанарымның сәулесі,
Жүрегімнің әуресі...
Өңім емес, түсім шығар, әлде, осы.
Қайдан келдің, алдың неге мазамды.
Жүз толғадым азабы мол ғазалды.
Ғайып болдың қас пен көздің арасы.
Нұр мен Сәуле келе жатты жарасып...
Өн бойыма содан бір от құйылды,
Ыстық толқын шарпып өтті миымды,
Көзім шалды тік шаншылған құйынды.
“Еркінді бер!” деді біреу, бұйырды,
Еркім менің өзімде емес, бұл қалай,

Әрі-сәрі толқып көңіл тұрғаны-ай,
Аспандағы Ай – құлақтағы сырғадай,
Дір-дір етті, түсетіндей үзіліп,
Жылы жаққа құстар қайтты тізіліп...
Нұр-Сәулені ұстағым кеп, қызығып,
Қол созамын, алақан да жаямын,
Бала болып кеткен өзімді аядым.
Саусақтарым арасынан
 сауылдайды сары құм,
Баяны жоқ болғаны ма бәрінің?!
Құмға сіңіп жоғалмақ па зар-үнім?!
Нұр-Сәуледен айырмашы,
О, Тәңірім-Жарығым!
Жанымның нұры,
 Жанарымның сәулесі,
 Жүрегімнің әуресі...

* * *

Жылы жаңбыр жауған жаздың түні еді,
Жауған сайын үдеді.
Шелектеді.
Бір қолшатыр мұндайда керек пе еді,
Су-су болдық малмандай,
Паналайтын қалқа таппай қалғандай
Мәз боламыз неге біз?

Бір себебі бар шығар,
Уысымыз толса дейміз тамшыға.
Жылы жаңбыр жауған жаздың түні еді,
Жауған сайын үдеді,
Басылмады.
Құлын мүше қалқатай қасымдағы,
Ойнақтаған он сегіз жасындағы,
Қаламады аспанның ашылғанын.

Найзағай жарығымен көріп қалдым
Шашылған моншақтарды шашыңдағы,
Шаттықты жүзіндегі...
“... шешеміз де көйлекті – кептіреміз...”
деп күлеміз!..

* * *

Көңіл құлап бояудың жасылына,
Жолығардай күй кештім ғашығыма.
Махаббатты мен бүгін көріп қалдым,
Жабағы бұлтқа келіп жасырынған.

Көз қыдыра береді қырға қарай,
Жан-жағынды перделеп жұмбақ арай.
Екеумізге, қарашы, қатты ұқсайды,
Қатар тұрған бір қайың, бір қарағай.

Мазасыздық әкелді алтын күрек,
Желпіп өткен желдің де нарқы жібек.
Қос қанат берсе дейтін кез осы ғой,

Жетім қозы секілді –
жалқы жүрек ...

* * *

Ғашық болып көрдің бе өмірде бір,
Сұрамайтын шығар-ау сенен ешкім.
Неге сонша жыладың ебіл-дебіл,
Оған бірақ кінәлі мен емеспін,
Мен емеспін!

Махаббатым – мәңгілік асқақ әнім,
Ештеңеге мен оны теңемеспін .
Талқандады жүректің тас қамалын,
Оған бірақ кінәлі мен емеспін,
Мен емеспін!

Асыл сезім алдында бас ұрамын,
Азабын да мазағын елемеспін.
Жанарыма жас тұнса жасырамын,
Оған бірақ кінәлі мен емеспін,
Мен емеспін!

* * *

Таныс бейне... танымай, шырамыттым,
Нәркес жанар... Құпия сыр ағытты.
Бірақ, ұқтым, беймарал сезім жетім,
Тұрлауы жоқ бір арман бұлаңытты.

Қалқам, сені мен бұрын қайдан көрдім,
Құштарлығы ашқарақ майдангермін.
Қайдан келдің киіктің лағындай,
Қара бұрым, қыпша бел, қаймақ ерін...

Таныс бейне... бейтаныс... бөтен мүлде,
Көрінгенге көз салған екенмін де.
Кетермін бе, шын ғашық, көрмей сені,
Өмір бойы сағынып өтермін бе?!

* * *

Ойнақтаған қос бұрым жауырында,
Айғақтамас жолыңның ауырын да.
Қамар сұлу деп сені көрсетер ем,
Қасымда болмай тұр-ау бауырым да.

Бұрымы жоқ бүгінгі жеңгелерің,
Білмеймін саған не деп жөн берерін.
Өкпем қара қазандай, бұрымы жоқ,
Қыз өсіріп отырған елге менің.

Бұрым жайлы жазған ғой бұрын-дағы,
Бойжеткен ұқпас ойы Қырымдағы.
“Бұрымыңнан ұстатшы!” деп үздігіп,
Бозбалалар бәлкім көп қырындады.

Қарай бергім келеді бұрымыңа,
Қалқам, түспе тағдырдың құрығына.
Шашбау, шолпы тағылған қара бұрым –
Қазақтың салт-дәстүрі, ырымы да!..

* * *

Жаралған жан едің жарасымнан,
Жүрген ем табынып, таңдана да.
Жүректі қайтемін аласұрған,
Таппай-ақ қойдым ғой жанға дауа.

Жаралған жан едің үйлесімнен,
Жүрегім жалқы сәт алдана ма...
Таныс та бейтаныс күй кешіп ем,
Таппай-ақ қойдым ғой жанға дауа.

Жаралған жан едің ұнасымнан,
Жаныңда жүргендер аңғара ма...
Жәудіреп жұмбақ боп тұрасың ба,
Таппай-ақ қойдым ғой жанға дауа.

* * *

Жұрт ұйқыда жатқанда жауған жаңбыр
Тереземнің жақтауын сабалады...
Жарым-жарты, өң мен түс жалғанда бұл
Жүз мың тамшы-тіршілік жоғалады...

Тереземді кім екен шертіп тұрған,
Пері қызы Күнторы шығар, бәлкім.
Сергелдеңге салатын серт ұқтырған,
Шын сұлудың танырмын шынар қалпын .

“Таң алдында келерсің жаңбырлатып” –
Деген еді дегбірі қашып тұрып...
Екеумізге бұйырса таңғы бақыт –
Қарсы алайық құшақты ашып тұрып!..

* * *

Кейбіреуге көзкүйік кием менің,
Көлеңкеңнің өзін-ақ иемдендім.
Өз еркіммен өртіңе күйем дедім,
Сүйем дедім күбірлеп, сүйем дедім.

Құлағымның түбінен сыбырладың,
Ғұмыр мәнін қып-қысқа ұғынғамын.
Бодауы жоқ тірліктің базынасы,
Баяндайын несіне мұның бәрін.

Құбылмалы көңілдің тиегісің,
Сені жаным сүйеді. Сүйеді шын!

Құлап бара жатқанда тірегімсің,
Сүрінгенде сенетін сүйенішім!..

* * *

Бұл әннің ұнатамын қайырмасын,
Жатады жан дірілі ырғағында.
Құдайым қос ғашықты айырмасын,
Қосыла қатар шырқап тұрғаныңда.

Бұл әннің ұнатамын бітпегенін,
Ән бітсе – тіршіліктің тоқтағаны.
Тыңдадың, тыңдадың да түк демедің,
Сыңарын жүрек қалай жоқтамады.

Бұл әннің ұнатамын жаңғырығын,
Қаңғырып кеткің келер құба дүзге.
Жеткізеді жел үнін, жаңбыр үнін,
Мәңгілік мұң сыйлайды мына бізге...

* * *

Таппадым би кешінен, ән кешінен,
Неге сен шықпай қойдың мәңгі есімнен .
Жаутандап жан-жағыма қарай берем,
Мен қашан мұндай жұмбақ хал кешіп ем.

Біреудің бұрымы ұқсап, қыпша белі,
Бұралып қарсы алдымнан шыкса дедім.
Бұл өзі сезім емес жұртқа жаяр,
Бейдауа бұл халімді ұқсаң еді...

Сыртынан сұлу көрсем сен бе дедім,
Сен болмай шығады да сенделемін.
Кешірек түсіндім бе, кім біледі,
Сендей жан Жер бетінде кем де кемін!

* * *

Жанға дауа жаралған іңкәр әуен,
Жоғалтып ап жүремін әрі-сәрі.
Жамалыңнан жандәрмен мұң табар ем,
Егер сенің шырқалса таныс әнің.

Жұмбағыңның шешуі қиын қандай,
Жалқы жүрек шертесің ғашықтығын.
Жарты бақыт маған бір бұйырғандай,
Жұбанамын жырмен бал ашып бүгін...

* * *

Қанаты барға бір азап ұшпағаны,
Көкте самғау құстардың құштар әні.
Қайтайық жылы жаққа дегені ме:
Қарлығаш мойнын бұрып үш қарады.

Төбеңнен үш айналып өтермін де,
Қош дермін бодауы жоқ бекер күнге.
Жүрегімде жүретін қыймасым ең,
Қайтейін, қадіріңе жетермін бе!..

* * *

Жалқы сәт көрмесем жабықтым,
Зарықтым, қайтейін, білмесең.
Жаныма жақында, Жарық күн,
Көрінші көзіме күнде сен...

Қайтадан ғашық боп қалыппын,
Қамықтым, амал не, білмесең.
Жаныма жақында, Жарық күн,
Көрінші көзіме күнде сен...

Тартсам да азабын тамұқтың,
Табынттың, не шара, білмесең.
Жаныма жақында, Жарық күн,
Көрінші көзіме күнде сен...

* * *

*«Жезтырнақ сұлу...»
М.Мағауин.*

Сиқыр күлкі сіңеді мыйға удай,
Сымбатына сұқтанып жанар қадап.
Сөздеріне иланып иланудай,
Құштар көңіл құшқанда табар ма бак.

Хордың қызы секілді жұмақтағы,
Хош көңілмен, кел дейді, ым қағады.
Жанған отқа жетелер жырақтағы,
Жетегіне ергендер жынданады.

Сырын ептеп білесің, сонда-дағы
Сырт айналып кетуге ерік қайда.
Керіледі садақтай оң қабағы,
Жолыға ма бұдан соң, жолықпай ма.

Жанған отқа жылынып, сақ-сақ күліп.
Пері қызы басыңды дуалайды.
Сал-серілер қасыңда самсап тұрып,
Сен қаласың, басқасын қуалайды.

Құшағыңа кіреді қызыл жалын.
Саусақтары сұлудың мұздай неге...
Аңғарып қап өңіңнің бұзылғанын,
Қан жүгірер өңіне сыздай бере.

Өмір сұлу көрінер сұлу қызбен,
Сұры қашса тіршілік шара бар ма.
Ол кетеді жөніне бұрынғы ізбен,
Жүрегіңді қан-жоса жаралар да...

* * *

Арда жүрек, жоқ, сірә, сенде кінә,
Абзал жанның көнбедің ем-домына.
... Сары жеңге, сары қыз, сара маса,
Сары таңға ұйқы жоқ менде мына.

Сары жазға жеткенше алып-ұштық,
Жастық өтіп барады жалын-ыстық.
Сары жеңге, сары қыз, сары маса,
Қапияда қалайша жолығыстық.

Сары жеңге, әзілің балдай екен,
Сары маса шаққаны қандай екен.
Сары қыз –
 жазғы құба таңдай екен
Сағынуға жаралған жандай екен!..

* * *

Қарайсың қараңғыдан көзің жанып,
Селт ете алмаған соң сезім ғаріп.
Жаныма жақындасаң жарты қадам.
Тірліктің түсінікті нарқы маған.

Қарайсың қараңғыдан қарауытып.
Қайтейін сөз шығындап, жан ауыртып.
Қайтадан қол ұсынсаң, алар едім.
Қайтадан тұтқынында қалар едім...

* * *

Гүл ме деп үзіп алғым келгені шын,
Құс па деп үркітуден қорыққанмын.
Шуаққа толтырдың ғой бөлмем ішін,
Ғажайып елесіңді көріп қалдым.

Ән бе деп тапқандай ем әуен өзге,
Күй ме деп күмбірлеттім домбыраны.
Ақ сағым сияқтысың дала кезген,
Сағымға қалай, қайтіп тор құрамын...

Елессің, енді ұқтым.

 Сен – Елессің.

Түс ғұмыр бұйырасың кімге тағы.
Білемін, сүйген сұлу сен емессің,
Сен болып маған ылғи тіл қатады...

* * *

Саған кінә артпаймын, өкпелемен,
Өр өзеннің жағасында өскен тал.
“Өмір не?” деп сұрайсың текке менен,
Өң мен түстей басымыздан кешкен хал .

“Өзім кім?” деп жүргенде басым қатып.

Өтінемін, қазбалама өткенді.
Өте шығар жаңбырлап, жасындатып,
Өмір деген – кемпірқосақ көктемгі!..

* * *

Би кешінде көрдім сұлу бикешті.
Би біткенше кеудеме бір күй көшті.
Мойнын бұрып қарағаны – әдемі.
Мойыл көзін қадағаны – әдемі.
Шуақ шашып күлетіні – әдемі.
Мың бұрала білетіні – әдемі.
Қандай екен жан-дүние әлемі?!

Әйбат екен тал-шыбықтай мүсіні.
Әттең дейтін күйге салып кісіні.
Әдемі екен арқасында бұрымы:
Балқисың бір қимылынан сыр ұғып...

Би кешінің сәні болып, шырайы,
Бал-бұл жанып тұрады екен ұдайы.
Бар ма екен, жоқ па екен жұбайы?
Бұл сұрақтың басы артық және де
Бас ауыртып қажеті жоқ, сыңайы,
Бидің бітіп қалғаны ғой – Уайым!..

* * *

Оңаша қалсам ой бақтым.
Отпенен ойнап үлгермей.
Кеудемде құйын ойнаттың,
Көзіңмен айттың сыр нендей?!

Бақытын ойлап бір қыздың.
Болушы едім жүргендей.
Кеудемде дауыл тұрғыздың,
Көзіңмен айттың сыр нендей?!

Кетейін деп ем аулақ тым,
Қорықтым, бәлкім, білгендей.
Кеудемде жалын лаулаттың,
Көзіңмен айттың сыр нендей?!

* * *

Көріп тұрып, байқамаған бол мені.
Сезіп тұрып, арпалысын сезімнің.
Бір көбелек кезіп жүр ғой бөлмені.
Гүлді көйлек киген кінәң өзіңнің.

Көріп тұрып, байқамаған бол мені,
Келіп тұрып, кете алмай байландым.
Бір періште айың туды оң деді.
Бір сайтанның күлкісіне ойландым...

Көріп тұрып, байқамаған бол мені,

... Не дедің?!
... Не дедім?!

* * *

Құлағымнан кетпейді жалғыз үн менің.
“Жалғызым!” дедің сен неге?
Қараңғы түнде оятты Қар қызы келіп,
Қар кешіп енді сенделем!

Жағалап жардың жиегін,
Жоғалтып жырдың тиегін...
Жүргенде,
Жылы сөзің-ай жандәрмен емдеген мені!
Шынында, жаным, жалғызбын,
Жартымын, бәлкім, сынықпын,
Жапырақтағы жалғыз тамшымын,
Түк ұқпаған тұнықпын!

Қырқасына жақын қалғанда қырықтың
Жалғыздығымды шын ұқтым...
Жалғыздықтан үнім де шықпай,
Дымым құрыпты, іштен тынышпын.

Жалғанда мына жалғыздығымды қайтсем
Жеңемін?
Жаным-ау, сенің бір ауыз сөзің –
“Жалғызым менің!” дегенің,
Жаһанға жар салдырған жайын қарашы.
Мен жалғыз емеспін – Сен барсың,
Сен жалғыз емессің – Мен бармын,
Уайымдамашы!

* * *

Сау-сәлемет жүрмісіз, сырғалы қыз,
Сіз менен ұйқы, күлкі ұрладыңыз.
Соны маған тезірек қайтарыңыз,
Қызық екен, түк білмей тұрғаныңыз.

Сырғалы қыз, қуланып, сырғақтама,
Білмеймін деп бұртиып, бұлғақтама.
Ұйқым менен күлкімді қайтарыңыз,
Ұстатпай кетпекпісіз ұрлап қана?!.

* * *

Талғажау ғып жұтамын тамшы мұңды,
Шығарып сап жалаулы жаршы күнді.
Көргенімде өзіңді мен де мылқау,
Көзің айтып тұр маған жан сырынды.

Түкпірінде көңілдің ән тұсалды,

Қандай адам қасыңда алғыс алды...
Кедергілер көлденең тұр қаншама,
Көзің айтып тұр маған жан құсаңды.

Бұл тірлікте махаббат қалар мәңгі,
Махаббатқа қаншама ән арналды...
От тұтатар ойнақы ұшқынменен,
Көзің айтып тұр маған жан арманды...

* * *

Еркем едің ерекше еркелеткен,
Ерікті алып бір сезім өртеп өткен.
Екеуіміз ешқашан ұмытпайтын,
Есіңде ме, келте көктем!

Асау арман ертеңге ентелеткен,
Ақ көжектен аумайсың селтең еткен.
Айналамыз ақ сағым, көгілдір нұр,
Есіңде ме, келте көктем!

Қауыз жарған қызғалдақ көркем неткен,
Сәмбі талға ат қойдым: “Еркем еккен”.
Қағаз қайық қалтылдақ суға кеткен,
Есіңде ме, келте көктем!

* * *

Азабымсың – алдында бас ұрамын,
Ажалымсың – несіне жасырамын.
Құба түздің қыл сағақ тағысы едім,
Қолыңменен жем беріп асырадың.

Бір күшпенен беймәлім бағындырдың,
Бір сезіммен бейдауа сағындырдың.
Соның бәрін қас қағым тәрк етемін,
Жабырқаса егер де жаным бір күн.

Жалғыз өзім жамылып қамқа мұңды,
Жібек баулы сүйретіп арқанымды.
Жатырқасам – жалт беріп жоғаламын,
Жаралану деп түсін, қалқам, мұны.

* * *

Ұғамын ақырын ымдасаң,
Қайтесің сөзіңді шығын қып.
Ұнатам сен үнсіз тыңдасаң,
Сезімге құрмай-ақ шымылдық.

Өтінем, бұл жолы үндеме,
Қос жүрек дүрсілі бір ырғақ.
Айтқысы келеді бірдеңе
Ерінім ерніңе сыбырлап...

Көңілдің емі үшін көп керек пе,
Жаз өтті деп жылайды көк терек те.
Кездейсоқ кездесуден не күтемін,
Көк қанат көп жылдарым текке кеткен.

Көңілдің көп жыртығын бітегім кеп,
Кездейсоқ кездесуді күтемін көп.
Кедергі келтірмейді қара дауыл,
Көк боран соқсын мейлі түтеп, үдеп.

Күтемін бір кездейсоқ кездесуді,
Білмеймін төзерімді, төзбесімді.
Пері ме, періште ме, перизат па,
Әйтеуір өзгелерден өзге сынды...

* * *

Ажарыңды Ай нұры айқындады,
Табысады қос жүрек қай күн мәңгі.
Төңіректен әрненің басын шалдық,
Тіл ұшында тұрған сөз айтылмады.

Сен құмарта бересің тәттіге тым,
Жаға түсіп лаулатып жастық отын.
Жалғыз ауыз сөз айтып үлгергенше,
Жұлдызды сәт қас қағым өтті, кетті.

Жүрміз енді жүрекке жара салып,
Тауда тұман, ой мұнар, дала сағым.
Аспандағы жұлдыздар арасында
Айтылмаған сол бір Сөз адасады...

* * *

Тағдырдың тар өткелек тайғанағын,
Ойлағанда еріксіз қайғы аламын.
Неге сенің жаныңнан кеткім келмей,
Неге саған мен жіпсіз байланамын.

Махаббаттың шыршасын қорықпай ек,
Табу қиын тірлікте толық дәйек.
Неге сенің алдыңда абдыраймын,
Қабағыңа қараймын болып бәйек.

Түйін қалар үзгенді жалғағанда,
Күтіп тұрған секілді арман алда.
Қалайша сен балаша мәз боласың,
Тәтті беріп мен сені алдағанда.

Оқитыным жыр дұға, жыр иманым,
Көретінім жүзіңнен нұр иланым.
Ес-ақылдан айырды ақырында,
Езу тартып сәл ғана жымығаның...

* * *

Есілден ерке толқын ентелеген,
Еседі ерке самал ертеменен.
Есімде сен тұрасың, Елік Ерке,
Еркімді билеп ерте, еркелеген.

Есілдің жағасында сенің елің,
Ерекше елендеген елік едің.
Емес пе өңімдегі түсімдей сәт,
Ерінге тиген балдай ерігенің.

Есілдің бойындағы қайың, терек,
Естіге сағыныш пен уайым керек.
Ертеден кешке дейін есеңгіреп,
Еріксіз күтем сенен дәйім көмек.

Есілге қайық салдым ескегімен,
Емделер жан жарасы дос көңілмен.
Екеуміз бір арқанға қосақталдық,
Енді ол үзіле ме кескеніңмен ...

Есіл күн Есіл болып есілетін,
Есілсіз – Ұлы Дала төсі жетім.
Естігем бір ғажайып әннің сазын,
Елеусіз емеурінге есім кетіп.

Есілдің қос қапталы қалың қамыс,
Ендеше, Елік Ерке, қалдың алыс.
Елеске қалай, қашан айналдың сен,
Ертегі емексіткен бар жұбаныш...

* * *

Жазықсыз жүрегімді жараладың,
Жаныңа жақындауға жарамадым.
Жалған-ай, сұлу еді, сиқыр еді,
Көзіңнің қиығымен қарағаның.

Басыма түсті менің тұтқын халі,
Жынданды дейтін шығар жұрттың бәрі.
Жалған-ай, сұлу еді, сиқыр еді,
Көзіңнің көп құпия ұқтырғаны.

Ұйқымды, күлкімді де ұрлап ұштың,
Қамығып қайғы жұттым, мұң да іштім.
Жалған-ай, сұлу еді, сиқыр еді,
Көзіңнен өзім көрген жұмбақ ұшқын.

* * *

Сары жазда көрдім сені, Өрік Қыз,
Өткен күндер еске түсті еріксіз...
Көйлек киген үлде менен бүлдеден,
Көктем еді, алма, өрік гүлдеген.
Мамырдағы масайраған көңілді

Қара суық ұратынын білмеген.

Қос бұрымың сондай сұлу өрілген,
Қос сырғаңнан Ай сәулесі төгілген.
Қос анарың – жарылмаған жанартау,
Қос жанарың – қос шырақ боп көрінген.

Үнің қандай, күлкің күміс қоңырау,
Тілің балдай, тамсандырған, Өмір-ау.
Сені көріп, сені ғана естимін,
Не сикырмен дуаладың, Тәңір-ау!

Қырға қаптап қызғалдақ пен сарғалдақ,
Құшақ-құшақ гүл сыйлауды армандап.
Жүргенімде, ойлаппын ба қалам деп,
Қиялыма құрық салып, тал қармап.

Көктем жасыл жамылғанда желегін,
Бар сырымды ақтарамын деп едім.
Аяқ асты сендер көшіп кеттіңдер,
Ар жағына сағым жұтқан төбенің...

Саған сырым айтылмады, Сары Қыз,
Бұл өмірге қонақпыз ғой бәріміз,
Неге біздің түйіспеді жолымыз,
Неге біздің қосылмады әніміз...
Сары жазда сары өрік төгілген,
Сағындың ба, қалай, құрбым, халіңіз?!

Өкпелеме енді маған, Өрік Қыз,
Өткен күндер еске түсті еріксіз.
Сары өрікті биыл суық ұрған жоқ,
Сары жазға тағы да аман келіппіз.

Өрік Қыз-ау, өмір жолы бұралаң,
Өткелдерден өтейікші дін аман.
Өлеңменен жеткізейін сырымды,
Көңілімді тек өзіңе құлаған.
Өрік Қыз-ау, өзің айтшы, ырасын,
Көз алдымнан неге кетпей тұрасың?!
...Білмегендер сағыныш не екенін,
Сары Жаздан,
Сары Қыздан сұрасын!..

* * *

Өтіріктей өтімдісің, Өрік Қыз,
Өліп-өшіп қалдық сені көріп біз.
Шырайлым деп қолаң шашты сұлуды,
Бұған дейін шын адасып келіппіз.

Өтіріктей Өрік Қыз да өрімдей,
Көзқуаныш көрініп те, көрінбей.
Ынтызарлық соңы, міне, өкініш,
Ыстық ұрттап, күйіп қалған еріндей.

Өтіріктей Өрік Қыз да өртеді,
Өлең, шіркін, талай сырды шертеді.
Өрік Қыз бар,
 Өтірік бар,
 Шындық жоқ,
Өмір деген – шым-шытырық ертегі.

Өтіріктей Өрік Қыз да өтпелі,
Өте тайғақ өмірімнің өткелі.
Өректіген көк теңізге айналдым,
Өрім-өрім өкініштер өткеріп...

Өрік Қыз-ау, Өтіріксің, Жалғансың,
Өрт ойынды қайдан тауып алғансың.
Бар! Бара ғой!
 Басқаларға бар енді,
Мен сияқты олар-дағы алдансын!

* * *

Бағымсың ба сен менің, сорымсың ба,
Барымсың ба сен менің, жоғымсың ба.
Неге сенің қараймын қабағыңа,
Жан емес ем біреуге жағымсынған.

Иілемін, тек саған бүгілемін,
Алдыңа кеп амалсыз жүгінемін.
Сен сағымсың, сәтінде мың құбылған,
Мен сорлымын, соңыңнан жүгіремін.

Жанымдасың, әрі сен жырақтасың,
Құзырынан қуаныш құлатпасын.
Мен жылайын,
 жырлайын,
 жынданайын,
Сені тағдыр ешқашан жылатпасын!

* * *

Бүгін маза бермеді бір ой маған,
Кездестірем деп сені кім ойлаған.
Түннің өзі жарқырап самаладай,
Қанат бітіп, қасыңда шыр айналам.

Аспан мен Жер арасын шарлап кетем,
Қандай ғажап сүйікті ардақ мекен.
Қандай сұлу жанарың, жаның нұрлы,
Мендей ақын саған жыр арнап па екен?!

Перизатқа ұқсайсың, періге де,
Жанған отқа шақырдың мені неге!
Еміренем жыр жазып, дұға оқып,
Енді мына дертімнің емі неде?!

* * *

Алмалы бақты аралап едік алаңсыз,
Алмаңа көзім түсе де берген амалсыз...
Албырап жүзің, ақырын ғана тіл қаттың,
Алдыңда сенің абдырап тұрдым, қымбаттым.

Алқызыл түсті үздім де бірін алманың,
Ұсындым саған. Көзіңнің көрдім жанғанын!..
Сұрайын деп ем: бар ма деп сенің арманың,
Сұрайын деп ем: алмаңды кімге арнадың,
Сұрайын деп ем: бар ма деп сенің сүйгенің,
Қарадан қарап қысылып тұрмын, именіп...

Алмалы бақты аралай бердік, аралай...
Мен саған осы ғашық боп қалдым қарадай...
Жақындап едім жұпары аңқып қос алмаң,
Биледі сезім торғайдай тордан босанған...

Айнала түгел шомылды қызғылт арайға,
Алмалы баққа келейік тағы, жарай ма?
Алмалы баққа келейік тағы, жарай ма?..

* * *

Қай ауылдың келінісің ізетті,
Көрмегелі қаншама жаз, күз өтті.
Тағы бір жыл қанатына ілесіп,
Тырналар да қатарларын түзепті.

Қай ауылдың үміт шамын жақтың сен,
Қай ауылдан бақытыңды таптың сен.
Барар едім бір көруге жүзінді,
Қай ауылда екенінді нақ білсем.

Қай ауылға бауыр бастың жат көрмей,
Қай ауылда жүрсең-дағы бақ бергей.
Мені қойшы, қырық жамау жүрегім,
Сенің жаның – жазылмаған дәптердей...

* * *

Мына терек көлеңкесін саялап,
Топ тобылғы сырт көздерден жасырған.
Өмір бойы өтсем деп ем аялап,
Тағдыр шығар амал-айла асырған...

Жел ызындап құлағымның түбінен,
Жебе болып ысқырады нар қамыс.
Шуақ шашқан төбемдегі Күнім ең,
Аспан сұрғылт.

Бәрі-бәрі қалды алыс...

* * *

Өте шығар бір демде,

Дүние – жалған, білгенге.
Жетпейді ғой ештеңе,
Ойнағанға, күлгенге...

Дені саудың жаны сау,
Арман аулы алыс-ау.
Ажарыңды бері бұр,
Айналайын, таныс-ау.

Сылтып басқан аяғым,
Қолымда жоқ таяғым.
Қайта айналып келер ме,
Мұз, қар кешкен баяғым.

Таудан астым, көл кештім,
Ғашық болдым, шер кештім.
Бүтіндей бір ғұмырға,
Сол бір сәтті бермеспін.

Күн ауды ма төбеден,
Күнде қызық деген ем.
Сенің шолақ шашыңдай,
Ғұмыр қысқа не деген!..

* * *

Мен сені еркелетіп Балдай дедім,
Аш белің солқылдаған талдай дедім.
Дидарың жазғы құба таңдай дедім,
Құшайын құмарым бір қанбай дедім.

Мен сені еркелетіп Балжан дедім,
Өмірде тапқан жалғыз олжам дедім.
Жолыңа бәрі құрбан мал-жан дедім,
Бұйырған маған ғана маржан дедім.

Мен сені еркелетіп Балым дедім,
Махаббат, сірә, қызыл жалын дедім.
Өзіңсіз қиын менің халім дедім,
Жәй ғана жаным дедім, жаным дедім.

* * *

Ақ жаңбырдың басылуын күткендей,
Күннің көзі ашылуын күткендей,
Күтем. Күтем.

Жыл құстары оралуын күткендей,
Ескі Айдың жаңаруын күткендей,
Күтем. Күтем.

Жұлдыздардың жанған шағын күткендей,
Алдандырар алдан сағым күткендей,
Күтем. Күтем.

* * *

Сыйлаған жан жылуын саған Құдай,
Бойыңнан дәтке қуат табам ұдай.
Жаныма жақындамай, алыстамай,
Жәудіреп қарап тұрған, қарағым-ай!

Жұлдыздар жымыңдасқан шоғырланып,
Шын ғашық жүрегіннен шок ұрладым.
Дүние шұғылаға малынып тұр,
Мен сенің шуағыңа шомылғалы.

Жүректің жазығы жоқ ем қонбаса,
Жаныма жақындашы ең болмаса.
Бұл өмір қызық емес, енді ұқтым,
Жанымда жүрегі жаз сен болмасаң.

* * *

Шақтар-ай, сол шуақты, шұғылалы,
Шегірткенің шырылы шын ұнады.
Қол бұлғаушы ең, шақырып, есінде ме,
Шың басына бір биік шығып алып.

Сүю үшін деп едім, жаным құрбан,
Сенің сонда жететін әнің қырдан.
Сыңғыр-сыңғыр күлкі едің, есінде ме,
Көйлек киіп сағымнан сағындырған.

Көкала бұлт төбемнен көшті бүгін,
Баяны жоқ болды ма ешбірінің.
Оралғаны мойныма есінде ме,
Тілерсекке түсетін қос бұрымың.

Күбірлеймін әлі де арайлым деп,
Тастамақпын тілімді қалай күрмеп.
Іздеп сенің көзіңнен көктемімді,
Қараймын кеп,
жүзіңе қараймын кеп.

* * *

Жігітке ес жыйдырмас қыз құшағы,
Таң алдында талықсып көзін ілер.
Табиғаттың тамылжып күзгі шағы,
Жан көктемі келгенін сезіндірер.

Жігітке ыстық екен қыз қылығы,
Жіпсіз байлап-матайды назыменен.
Жемістей уылжыған күздікүнгі,
Сол қызға арнау ләзім жазып өлең.

Жігітке мәңгі жұмбақ қыз анары,
Қу қыздың құпиясы шашынан көп.
Анарынан ұстасаң – қызарады,
Жымияды: “Көресің осыдан!” деп.

Жігітке беймәлім бе қыз арманы,
Қыз Өмір – қызыл түлкі мың арбаған.

Керегі қысқа түннің ұзарғаны,
Үзілердей қыпша бел бұраңдаған...

* * *

Сен сұлусың күлкіңменен, назыңмен,
От аласың әр әдемі әзілден.
Көктемінді көп айтасың көгілдір,
Қоштасудан қорқасың ба жазыңмен...

Сен сұлусың қылығыңмен, еркінмен,
Жандыратын, күйдіретін өртіңмен.
Жарты сағат жеке қалса жаныңда,
Талай сері танған шығар сертінен.

Сен сұлусың шуағыңмен, нұрыңмен,
Жүз жыл неге жолықпадым бұрын мен.
Сөз таппадым дені дұрыс теңеуге,
Тәңірілік сипат танып түріңнен.

* * *

Жанарың неге тайғанақ,
Ажарың неге сынық тым...
Құрдымға тартар ой қамап,
Азабы қалың сыр ұқтым.

Дертіме бар ма күмәнің,
Сертіме сызат түсті ме...
Құлагер сынды құладым,
Қызық жоқ жердің үстінде.

Сеніммен сүйер сен едің,
Бұл сапар соңы сергелден.
Ұқпай-ақ қойдым себебін,
Ұнатпасаң да кел, бермен...

Сүп-суық неге саусағың,
Қабағың неге қатулы?..
Төбеден егер ауса Күн,
Керек пе Көңіл сатулы?!.

* * *

Сен маған қара да тұр, тіл қатпашы,
Бойжеткен қалпында бұл бұлғақташы...
Қарайын көзім тоймай, сезім қоймай,
Жанарың жәудіреген жұмбақ ғашық.

Сен маған қара да тұр, қара да тұр,
Өзіңсіз өмір құны – қара бақыр...
Біртіндеп бойым балқып, әлім құрып,
Дүние төңкеріліп бара жатыр...

Сен маған қара да тұр, кірпік қақпа,

Секемшіл сезім құсы үркіп қап па...
Көзден ұқ, көзбен ұқтыр, көзден аңғар,
Қос жүрек дүрсілдесін ынтық баққа.

Сен маған қара да тұр, күліп қара,
Сезімнің қақпасында құлып бар, ә...
Құлыпты, қақпаны да бұзып шығып,
Арғымақ кісінесін сүлік қара...

Сен маған қара да тұр, именбеші,
Бейдауа бойсұндырған күй меңдесін.
Ешқашан енді есімнен шықпас, сірә,
Ең алғаш ерініңнен сүйген кешім...

* * *

Қиғаш қас, жолықтың ақпанда,
Құлазып жүр едім қарадай.
Батысқа күн балқып батқанда,
Қиылып туғанда орақ Ай.

Үдерген жылдардың жалында,
Үзілген үмітті жалғайсың.
Аз уақыт болсам да жаныңда,
Сен мені ұмыта алмайсың.

Тәңірге жалбарын өң-түсте,
Есімім есіңнен шықпайды.
Ерте сең жүргендей Ергісте,
Басынан кешпеген ұқпайды.

Кеудеңде қалармын өлең боп,
Ән болып жадында жүрермін.
Кейде сен сағынсаң, елеңдеп,
Кездейсоқ түсіңе кірермін...

Сенде де, менде де кінә не,
Өкпеле өмірге өтпелі...
Ғажайып секілді бұл әлем,
Ғаламат махаббат көктемі...

* * *

Бақыттың іздедім тұрағын көп,
Бұрады тұтқиыл бір ағын кеп.
Тағдырға бас имей жүргенімде,
Таныдым өзіңді сыңарым деп.

Аспанда бір жұлдыз жанатын көп,
Миымда мың ойлар маңатын көп.
Талпынып ұшарға жүргенімде,
Таныдым мен сені қанатым деп.

Махаббат мәңгілік шын анықтай,
Шапағат ұтады шыдам ұтпай...
Табысар сәт аңсап жүргенімде,

Таныдым жүзіңді шырамытпай!

* * *

Көшеді көгімде бұлт, басымда мұң,
Болжайды болашақты ырасында кім.
Арамыз алшақтаған жоқ ешқашан,
Ойыммен ылғи сенің қасындамын.

Көргендей нұр жүзіңді кейде сенің,
Бейненді елестетіп сөйлесемін.
Барасың шалғын кешіп, шақырасың,
Жүгірем жалаңаяқ, жейдешенмін.

Жеткізбей ұзай бердің, жырақтадың,
Қалыпты жапырылып құрақ қалың.
Құлазып отырамын өң мен түсте,
Қалайша қасыма кеп жұбатпадың?!

* * *

Сағыныш тарқамайды құмар қанып,
Сорлы аққу сұңқылдайды сыңар қалып.
Қол созым тұрса-дағы көрінген тау
Ақыры алыстайды мұнарланып.

Сағыныш сейілмейді ұмыт мейлі,
Елеусіз қоштасады күліп кей күн.
Өткінші, бәрі бекер, алданба деп,
Өзімді өзім іштей үгіттеймін.

Сағыныш сыздағаннан бермей тыным,
Ұқтырды махаббаттың өлмейтінін.
Сол әуен енді мәңгі сөнбейтінін,
Сол күндер енді қайтып келмейтінін...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

НАУРЫЗҒА ҒАШЫҚ ҚАҢТАРМЫН

Қабарып тұрсын аспаным,
Қызғанбан бағын басқаның.
Қаһарлы қыстан қорықпан,
Қаңтарда туған қасқамын.

Шаттанған шақта шалқармын,
Қарғыған құздан арқармын.
Бораннан тіпті ықпаймын,
Оранған қарға Қаңтармын.

Қаңтармын қары, мұзы бар,

Наурызға ғана қызығар,
Қызғалдақ қырға қаптаса,
Сірескен сенім бұзылар.

Наурызға ғашық Қаңтармын,
Ғашықтық зарын тартармын.
Бусанып, еріп, мерт болам,
Лебінен Наурыз қалқамның.

Арқадан боран алғызған,
Боранмен жеткен жалғыз дән –
Нәурізек гүлін жарғызған,
Ажалым менің – Наурыздан!...

ӨЛЕҢ ЖЫЛАП ҚАЛАДЫ...

Сен маған маза берші, тыным берші,
Бұл күнде арман араз, мұңым көрші.
Дос өлген, көңіл өлген, үміт өлген,
Бәрің де менен аулақ жүріңдерші.

Сен маған у ұсыншы, бал ұсынба,
Түсінбес туысым да, танысым да.
Алысып-жұлысуға зауқым да жоқ,
Семсермін, екі жүзді, сабы сынған.

Сен маған иә деме, жоқ та деме,
Жалаңаш кеуде тостым оққа неге...
Өлуге болар еді, өкінбей-ақ,
Өлең жылап қалады, әттегене!..

* * *

Жол ұзақ па, жоқ, әлде, бұралаң ба,
Жеткізбейтін не сиқыр бұл адамға.
Сүрінгенге күлесің құлап жатып,
Жұбату сөз табасың жылағанға.

Күрең кешті күтесің көңіл күпті,
Өмір сырын ұқпаған небір мықты.
Желіп өткің келеді жалпақ жолмен,
Іліп алып иыққа жеңіл жүкті.

Басқа қонған баянды бақ тайсын ба,
Бағбан болып бақшаңды баптайсың да,
Өзің бір сәт өзіңе үңілуге,
Табасың ба уақыт, таппайсың ба?!

* * *

Қар аралас жаңбыр ма,
Қара жел ме қаңғырған...

Сұрасам ба күншуақ
Сараң маған тағдырдан...

Қазан ұрар дауыл ма,
Тұзым жеңіл, ауыр ма...
Көмек бере алмайды
Бірге туған бауыр да...

Тік шаншылған құйын ба,
Тек шаршамау қиын ба...
Күні-түні тебісті
Мың сан сұрақ миымда.

Қарашаның қары ма,
Желтоқсанның зары ма...
Қай мергеннің оғы бұл –
Қақ жүректен дарыған?!

* * *

Ойдан қашпас едің ғой – ой соғады,
Сөзден қашпас едің ғой – сөз ереді.
Соныменен бұл азап қойса, кәні,
Шөл қысады, ерінің кезереді...

Өңінде ме, жоқ, әлде, түсінде ме,
Көрген қызық, кешкен сор болмағандай.
Періштең жоқ қиялмен мүсіндеген,
Өмірінде мән қалды сонда қандай?!

Айығатын түрі жоқ тұман-сағым,
Айналаңда айтақыр, құм бораған.
Айғай салдың несіне, ұран салдың,
Жауап іздеп табатын кім бар оған?!

* * *

Жігерім құм, біртүрлі жасып қалдым,
Жақыннан да, жаттан да қашықтадым.
Батып бара жатсам да бір құрдымға,
Құтқарыңдар деуге түк асықпадым.

Көзден мұнар көшеді, ойдан елес,
Тек қазақтар тойлауын қойған емес.
Қазаның да соңынан той күтеді,
Жау шапқандай жан-жағым, ойран-егес.

Батып бара жатырмын иірімге,
Бір өкініш булығып бүйірімде...
Құлан жортқан құба дүз қаңырайды,
Қалғандаймын бөлініп үйірімнен.

Құрдым қандай тұңғыық, тылсым еді,
Тылсым мені тербетіп тұрсын енді.
Жанұшырып жағада жел жылайды,
Жалғыз ағаш жапанда күрсінеді!..

Аяғымның астында жер аунар мың,
Сабырына таң қаламын таулардың.
Ұсақ-ұсақ иттіктер кеп талады,
Сол талаудан дей алмаймын сау қалдым.

Дәрмен жетпес елемеуге, елеуге,
Шашым жетпес жоғалтқанды төлеуге.
Қызыл шокпен табаныңды күйдірсе,
Қызғанышқа болар еді не деуге?!

Баянсызын бұл жалғанның байқап қап,
Байырқалап көңіл қалай жай таппақ.
Аярлық та қоймады ғой, қайтемін,
Ауық-ауық иттіктерін айтақтап.

Бітпейді ғой мына тірлік бір бізбен,
Жүз жылатқан күніге, жүз күлгізген.
Күншілдік те қол ұсынды ұялмай,
Ұсақ-ұсақ иттіктерін үргізген.

Өмір осы, аялдайтын бекет көп,
Өте шығар сағым қуған секектеп.
Ұзақ жолда ұшырасты біреулер
Ұсақ-ұсақ иттіктерін жетектеп...

* * *

Ой үзіліп кетті де жалғанбады,
Оймен көңіл жақсы еді алданғаны,
Арман, үміт күтетін алдан бәрі,
Үзік-үзік бір ойлар үймеледі,
Басып-жаншып бір-бірін кимеледі,
Жұғыспады өзара, жымдаспады,
Асау өзен арнасын құм басқаны,
Ақ жүзіңнен ақырын әр тайғаны,
Көк теректің тік тұрып қартайғаны,
Уайымға бастады әр қайдағы.

Бір құрдасым құрметпен шақша ұсынды,
Бір саудагер алшы деп ақша ұсынды.
Сұлу қыздың көздері күлмейді екен,
Өлең деген немене – білмейді екен.

Ақ теңіздің суында тұз жоқ дейді,
Сары бояу болмаса күз жоқ дейді,
Өткен күнде белгі жоқ, із жоқ дейді.
Шілдеде қар жауады тау басына,
Шартабақ күн төбеден ауды асыға,
Әділет бар, жоқ деп жұрт дауласуда.

Жұмысым не біреудің қауғасында,
Шаруам не біреудің шелегінде,
Қауға-шелек табылар керегінде...
Өлеңіммен халқыма беремін не?!
Ой үзіліп кеткен соң осы болды,

Сыңар аяқ,
соқыр ой досым болды.

* * *

Ауады көкте ақша бұлт,
Ақша бұлт еді – ақ шабыт.
Айналып қайта келгенше,
Апта күт, ай күт, қанша күт...

Ақша бұлт ауып барады,
Ақ нұрға шомып қарады.
Айналып қайта келгенде
Ақ бұршақ болып жауады,
Ақ моншақ болып тамады...

* * *

Сіңе ме қара түнге ақ мұнар күн,
Алданыш болар қанша
бақ-құмарым.
Алдымнан ашылардай ғажап әлем,
Апыр-ай, неге сонша аптығамын?!

Сиқыр түс қызыл емес, сарыда ма,
Сарыны сүйгендердің бәрі дана.
Сағыныш суретіндей Сарыарқа –
Сол осы селеу сақал кәрі дала.

Сырластым сары дала сағымымен,
Сарынына сол дала бағынып ем.
Жыға ма, жеткізе ме мұратыма,
Арғымақ, өмір дейтін, жалы күрең.

Жасымнан мұз шайнадым, жалын құштым,
Қалатын қақ жарылып ағын ұшқын.
Алдымнан ашылардай ғажап әлем,
Апыр-ай, неге сонша алып-ұштым?!

* * *

Қайнарынан қанып ішіп бұлақтың,
Жетім көрсем, жылатпадым,
жұбаттым.
Күндіз күліп жол тапсам деп көңілді,
Түнде ылғи түс көрсем деп шуақты.

Байға барып, бөліспедім үлесін,
Кедей менен дәметпеді, білесің.
Бар мен жоқтың арасынан жол
тауып,
Бұйырыпты ғұмыр кешу күресіп.

Бұл қарадай ақталудың дәмесі,
Данышпансып, баста миға дән өсіп.
Көлеңкемнен қайда қашып

Жарақат түсті ме, құса ма.
Тұяқтан от шашар тұстарда,
Тұсала бердім-ау, тұсала.

Жүрегім бір күні соқпай ма,
Соңғы рет дір етіп тоқтай ма.
Өткінші сәттерден не пайда,
Өмірде түк қызық жоқтай ма.

Жүрегім – жансерік, жалғызым,
Баянсыз болар ма бар қызық.
Батқан Күн бояуға байыды –
Қанжоса, қанкүрең, қанқызыл...

* * *

Келуі екіталай көктемім бар,
Көңілім неге менің текке құмар.
Көрешек өмірімде көп пе мұнар,
Көбелек көзден ұшып кеткен ұнар.

Өмірдің ызғары бар, шуақ та бар,
Өрекіп жүрек қайдан қуат табар.
Сыралғы дос қалмады сыр ақтарар,
Жайымен бұл жылдар да жырақ қалар.

Көңілдің көк дөненін сынадым көп,
Биікке шығушы едім құлағым кеп!..
Тарқамай қойғанын-ай тұманың деп,
Күн санап бара жатыр күмән үдеп...

* * *

Талай күндер көмілді де дырдуға,
Тұмса сәттер сынаптайын сырғуда.
Жұмбақ сарай жауып алды қақпасын,
Жырақтады жалын жастық жыр қуған.

Жұмбақ сарай тұрушы еді күмбірлеп,
Сол сарайдың бүйірінде үңгір көп.
Көргім келіп қырық қақпа аштым мен,
Табылмады іздегенім, кім білмек.

Жұмбақ сарай... қақпасы бар қырық бір,
Соңғы қақпа ауызында құлып тұр.
“Ашпа!” деген жазуы бар сыртында,
“Аш та көр!” деп көңіл шіркін бұрып тұр.

Ашайын ба, ашпайын ба, ал, сынақ,
Кім бар көмек беретұғын хал сұрап.
Қалсам қайтем қапияда, ашқанда,
Қарақшылар қанжар ұрып, қансырап...

Жұмбақ сарай... соңғы қақпа... сол аңсар,
Жүрексініп сескенгендей болам сәл.

Хордың қызы ертіп кетті деп ойла,
Жұмбақ сарай жұтып мені жоғалсам...

* * *

Құлақ асып тағдырдың жарлығына,
Бас июге болмайды барлығына.
Ғажап емес дүние кеңдігі де,
Азап емес бәтіңке тарлығы да.

Боран ұлып, қаңтарда қар борасын,
Тіршілікте түссе де торға басың.
Орналасын қайғыдан қара түнек,
Опынбасаң, қашанда зор боласың.

Тоғыз тарау дүние өткелегі,
Табылмайды адамның көп керегі.
Өзімнің де көңілім қырық жамау,
Жұбатты деп, әйтеуір, сөкпе мені...

* * *

Біреу сауда қуады тиын сауып,
Біреу азан шақырып жиылса жұрт.
Біреу мына заманды жарнамалап,
Жарнамаға біреулер тиым салып.

Біреу балық аулайды көл жағалап,
Біреу түлкі қуады олжа қалап.
Біреу шәркей тоқиды, қайық жамап,
Біреу қанжар қайрайды, сол жаман-ақ.

Біреу бақыт іздейді жыр құраған,
Біреу байлық табады бұрқыраған.
Біреу мына өмірге өле ғашық,
Бір күн сырқат, әйтеуір, бір күн аман...

ЖОЛ МҰРАТЫ

Жеткізбес-ау жуырда жол шегіне,
Жол шегудің өмірде өлшемі не?!
Көш керуен жолаушы жоғалыпты,
Жұмыр жердің айналып бөлшегіне.

Жол үстінде жел керіп желкенінді,
Еске алып ежелгі ертегіңді.
Бүгінінді бір түрлі олқы көріп,
Күтердейсің елжіреп ертеңінді.

Жол бойында қамайды ой басыңды,
Ойларыңның уыты бойға сіңді.
Ойдан өлең туғызған осы тірлік,
Қоярыңды білмейсің, қоймасыңды.

Жол шетінде сап түзеп бағаналар,
“Жолың болсын!” айтады саған олар.

Қайда кетіп барасың қаңғалақтап,
Қайран жүрек қай жерде жараланар.

Жолға шықтым сайлап ап жолдасымды,
Монтияды момақан молда-сынды.
Аузын ашса ақылды сөз шығады,
Ақ сақаға құйғандай қорғасынды.

Жолсерік қыз келем деп шайын демдеп,
Кешігулі, барады уайым меңдеп.
Шайын ішіп, көңілің жайлана ма,
Қыз құйған шай дертінді дәйім емдеп.

Жол қысқарту – әркімнің бір ермегі,
Түйткіл емес, аспанның түнергені.
Қол бұлғаған қара көз кім болды екен,
Біздің пойыз вокзалдан жүрердегі...

Жол мұратын, білгендер, жету деген,
Өмір қызық сапарлап өтуменен.
Астанаға жеткенше жүз бір бекет,
Келген екем бір соғып кетуге мен...

* * *

Оң жағымда ауыл қалып барады,
Қараң-құран көрінбейді.
Көшкен бе?!
Ілесе алмай дауыл қалып барады,
Зымырадым тірліктен баз кешкендей.

Сол жағымда теңіз екен сырғыған,
Ақ кемелер көрінбейді айдында.
Ақ тұлпарым асулардан ырғыған,
Азайған жоқ уайым да, қайғым да.

Оң жағымда балалық шақ – бал күнім,
Сол жағымда жігіттік шақ – сал күнім.
Қатар сырғып, қатар қалып барады.
Қайда мені асықтырды тағдырым.

Неге сонша құмар болдым бәйгеге,
Неге сонша өршелендім жарысқа.
Кейбіреулер озбай-ақ та, әй, неге,
Жетеріне тым сенімді, алысқа...

Құйындатып, борандатып, құйғытып,
Өтсем, шіркін, енді қайтып келмеуге.
Өмірғашық қалғанынша күй бітіп,
Күмбірлетіп кең сарайды кеудемде.

* * *

Бірде жарық, енді бірде көлеңке,
Бірде шуақ, енді бірде ызғарлы.
Бәрімізге ортақ мынау кең өлке,
Жамылып ап жатыр, міне, мұз-қарды.

Бірде күлкі, енді бірде жылау-зар,
Бірде шаттық, енді бірде мол қайғы.
Табаныңның астында жер мың аунар,
Тіршілікте көңіл бүтін болмайды.

* * *

Ағын... Ағын... ағын судың жағасы...
Ағып өте шығамын мен өмірден.
Ұғып болмай жанашырдың бағасын,
Ұлы өзендей жағалауын кемірген.

Ағын... ағын... ағын судың екпіні...
Жойқын күшпен тағы, міне, жаздым жыр.
Текке өтіп кетті, әттең, көп күнім,
Қыздырмаға қызыққанға мәзбін құр.

Ағын... ағын... ағын судың гүрілі...
Арқырайды бір арыстан айбатты.
Бұғып жатқан бір дүлей күш тірілтіп,
Қайта таптым қамал бұзар қайратты.

Ағын... ағын... ағын судай ағамын...
Құяр жерім – көз ұшында көк теңіз.
Белгісіз ғой не сыйлайды жаңа күн –
Сондықтан да Сіз де мені сөкпеңіз!..

* * *

Желдей естім жасымнан,
Жау таппадым қасымнан.
Асырған да кезім жоқ,
Бір ауыз сөз басымнан.

Дәруішпін, кезбемін,
Дүрі мақсат – безбенім.
Алартпадым көзімді
Алтынына өзгенің.

Мен – қазақтың ұлымын,
Көк Тәңірдің құлымын.
Көктен мәдет сұрадым,
Көк бөрідей ұлыдым.

Таудан аққан бұлақтай,
Түнде жанған шырақтай,
Аңғалдығым – тоқтыдай,
Асаулығым – пырақтай.

Басымда тұр бақ менің,
Сандықта тұр ақ кебін.
Шалдуарлық шаршатты,
Шашымнан көп әттеңім.

Тебінгімді тер көміп,
Есейгенмін ел көріп.
Қунышым – желөкпе,

Өкінішім – боркемік...

* * *

Тірлік мәнін біл, ойла,
Күліп-ойнап жүрсін бе.
Кеш түскенде – мұңайма,
Күн батқанда – күрсінбе!

Келер, кетер сан ұрпақ,
Ештеңе жоқ бүлінген.
Таң атқанда – таңырқа,
Күн шыққанда – күлімде!

* * *

Көк базар,
Қара базар,
Қырғын базар,
Базарың басыңдағы бір күн озар...
Базардың қайнауынан не пайда бар,
Болғанда ата-баба ғұрпына зар.

Базарға жас та барған, кәрі барған,
Жетелеп апарған жоқ бәрін арман.
Сауданың таразысы: арзан, қымбат,
Мәз-мәйрам іздегенін тауып алған.

Саудагер тиын сауған, пайда құрап,
Алушыдан беруші айлалырақ.
Ал мұнда барлығы да сатылады,
Сатылмайтын дос көңіл қайда, бірақ.

Саудагер қолда барын жарнамалап,
Делдалдар ұшып-қонар қарға қанат.
Біреулер бүкшендеген дорбалап ап,
Біреулер кекшендеген арбалап ап.

Саудаға болып шықты қазақ бейім,
Айырмасы сарт, қазақ – аз-ақ дейім.
Өмірді үлкен базар деп ойлайды,
Өкініп жүрмесе егер өзі-ақ кейін.

Түз – базар,
Көше – базар,
Үйім – базар.
Базарсыз аудармайды жиын назар.
Бір шетте үнсіз ғана тұр ұқтырып,
Базардың тарқайтынын дүйім мазар.

Көк базар,
Қара базар,
Қырғын базар...
Бір кезде боламыз-ау бұл күнге зар.

Саудаға сау басымды салған едім,
Жырларым мүмкін озар, мүмкін тозар...

* * *

Шіркін-ай, кеудем кеше толған арман,
Қиялым тау тұрғызып қолда бардан,
Көңілім қалмаған кез жүйріктерден,
Тақымым босамаған жорғалардан.

Арман-ай, жеткізердей қуған сағым,
Көретін бір ғажайып күнді аңсадым.
Бәрібір көндіруші ем бұлданса кім,
Бәрібір күлдіруші ем мұнданса кім.

Дәурен-ай, қызық қуған, қыз іздеген,
Қызара бөртіп татқан қымызбенен.
Ұзарып батқан күнді кім жоқтаған,
Қызарып піссе алма кім үзбеген...

Дүние-ай, дөңгеленген, шыр айналған,
Шырайлым қайда менің шырайланған.
“Өмірдің басы – сайран, түбі – ойран”,
Ойпырмай, осы сөзге шын ойланғам.

Жалған-ай, аңғармадық жаз өткенін,
Жалаңбас, жалаңаяқ мәз еткенін...
Өртейді өкініш боп өзекте мұң,
Кететін кемедемін, кезектемін...

Өттең-ай, соңымда тек сөз қала ма,
Сөзіме көл толқып, тау қозғала ма.
Ғұмырым шоп-шолақ па, қып-қысқа ма,
Татар дәм тәп-тәтті ме, азғана ма?!

* * *

Қапшағай. Тамыз. Жағажай.
Жағаға толқын соға жай...
Қасымда қалқа Қамажай,
Айтатын әні «Ағажай...».
Қапшағай. Тамыз. Жағажай.

Қапшағай. Теңіз. Шағала.
Құлаған толқын жағаға.
Артпассың кінә ағаңа,
Қамажай, қалқа, қамықпа,
Жетпеспін, сірә, бағаңа!

Қапшағай. Қалқа. Ақ балық.
Жағажай құмын таптадық.
«Алтын құм» екен жағажай,
Ақ құмнан алтын таптадық,
Ақыры, кеттік аттанып,

Еш жанға кінә тақпадық...

БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚАҺАРМАНДАР!

Біз білмейтін қаһармандар –
Жүрек жұтқан» аталғандар!
Анамыздан ақ сүт еміп,
Атамыздан бата алғандар!

Біз білмейтін қаһармандар –
Күз қозғап, тау қопарғандар!
Жанын түйіп шүберекке
Жар шетіне тақалғандар!

Біз білмейтін қаһармандар –
Өр намыстан от алғандар!
Ата-баба аманатын
Азат күнге апарғандар!

* * *

Көк жазық көлбей түсіп керілгенде,
Жол ұзақ көрінеді ерінгенге.
Апыр-ай, алабұрттым неге сонша,
Айыртау анадайдан көрінгенде.

Алланың шапағаты қайыр, тәубан,
Адамға ғұмыр қысқа уайым сауған.
Ашады жан сарайдың терезесін,
Аңқылдап соққан самал Айыртаудан.

Айналар сағынышқа бұл күн әлі,
Көңілдің құсы көкке ұмтылады.
Айналып өте шықтық, амал қанша,
Айыртау көз ұшында бұлдырады...

* * *

Ойхой, шіркін, мына келген күз қандай,
Сары шуақ төгіп аспан, сызданбай.
Қара суық соға қойған жоқ әлі,
Қайран жаз да өте шықты із қалмай.

Сары күзде дала қандай, тау қандай,
Жапырақтар жаңбыр болып жауғандай.
Күз келді де етек-жеңді жинадық,
Болмас енді келер қысқа қамданбай....

Күздікүнгі құлазытқан бақ қандай,
Күрсінесің, құрақ ұшпай, шаттанбай.
Бәрі өткінші, бәрі жалған, бәрі бос –
Күзгі әуен соны ұқтырып жатқандай...

* * *

Ауылдың ана шеті өзен еді,
Өзеннің арғы жағы кезең еді...

Ерінім кеберсіген ештеңе емес,
Аңызға кептіргендей кенеземді...

Ауылдың сырт жағында көл бар еді,
Сол көлге апаратын жол бар еді.
Жол бойына тал екен балаларды,
Қауқылдасқан шалдар да қолдар еді.

Ауылдың мына шеті қалың қамыс,
Бітпей қалмас қолға бір алынған іс...
Қыздары құлпыратын қызғалдақтай,
Жігіттердің бойында жалын намыс.

Ауылдың бүйірінде сай бар еді,
Астымда ойнақтаған тай бар еді...
Аспанда толықсыған Ай бар еді...
Аяулым мені жіпсіз байлап еді...
Қайда сол қайран күндер, қайда енді?!

* * *

Қалатындай қолыңмен қармап ауа,
Басыңнан бұлт көшсе де барлап ауа.
Алдыңнан таң атса да арайланып,
Жетпейді де тұрады жанға дауа.

Өмір жолы бұлтарыс, бұралаңды,
Кешірмейді сүрініп, құлағанды.
Отқа, суға түссең де, тау-тас кезіп,
Жанға дауа табылмас, сірә, мәңгі...

* * *

Көбелектер көлбендеп,
қанаттарынан өлең төгеді,
Көктөбенің бауырында
қыздар гүл жыйды.
Көкте жүзген
алашабыр бұлттардың көлеңкелері,
Жер бауырлап жылжиды.

Кер бесті кісінеп,
қырдағы еліктер елендеп еді,
Құпиясы тылсым да жұмбақ
маған мұның.

Көкте жүзген
алашабыр бұлттардың көлеңкелері,
Көшіп жатыр астында табанымның.

Көз ұшындағы
желкенін жел керген көрем кемеңі,

КЕСІР КЕЗЕҢ ШЕЖІРЕСІ

Кез болып кесір кезең нәубетіне,
Суық сөз сығалатып әр бетінен,
Жүсіпбектің, Сәкеннің, Бейімбеттің
Жағып ап қара күйе келбетіне...

Қазақ деп қайрағанда намыс жанын,
Қайраткер қаламгерлер қалыспады...
Қайысқан қабырғасы халық едік
Айдатып итжеккенге арыстарын...

Аштықтың, жоқшылықтың, зобалаңның,
Болды деп шежіресі көп алаңмын.
Өтті ғой, бәрі де өтті басымыздан
Жасытып рухымды, тонаған күн.

Тапшылық, ашаршылық, ақтабанның
Тұсында қолтаңбасы хатта қалды:
Тұрардың, Ғаббас пенен қос Ораздың,
Ғабиттің, Жүсіпбек пен Сақтағанның.

Шер қамап, өткен күнге шегінесің,
Тағдырдың тәлкегі көп, не білесің!?
Сол жылдары “Социалды Қазақстан”
Жазған ғой кесір кезең шежіресін!

* * *

Бұлбұл жоқ жаз өткен соң, шара бар ма,
Қарқылдап мазамды алды қара қарға.
Тамыздың тамылжыған сол бір таңы
Қайтадан қыркүйекте оралар ма.

Шығыс жақ шырай ашып шұғылалы,
Шаттанып шалғын кешу шын ұнады.
Біртүрлі қол созымда жақын еді
Ақсеңгір асқар таудың шыңы-дағы.

Үн таза, бұлақ мөлдір, керім ауа,
Арасанда табиғат емі дауа.
Жер басып жүргеніңнен жалыққандай,
Құс болып ұшқың келер, көңіл-ау, ә!

Ақ таңда басқан еді бұлбұл әнге,
Ақ қайыңды жел тербеп бір бұраңбел.
Бәлкім, мен өмірімде бірінші рет
Жолығып ғажайыппен тұрдым, әлде.

Бұлбұл жоқ, жаз өткен соң, шара бар ма,
Қарқылдап мазамды алды қара қарға.
Тамыздың тамылжыған сол бір таңы
Қайтадан қыркүйекте оралар ма...

* * *

Адам – перзенті жасыл мекеннің,
Жұмбақ сырларын ашып өтермін.
Бала кезімнен арман аңсаған,
Өмір, мен саған ғашық екенмін.

Шаттық әуенді, бұзба, арай күн,
Шыңға шығамын, күзға қараймын.
Жастық шағымның жұлдыз өлшемі,
Өмір, мен сені қызға балаймын.

Үнін тыңдадым таңғы құстардың,
Тауып ырғағын сан дыбыстардың.
Қырау шалмайды, қайран жүректі,
Өмір, мен саған мәңгі құштармын.

* * *

Жапырақтар сарғайды күз келді де,
Күз мінезі беймәлім бізге мүлде...
Сары бояу ішінен жасыл іздеп,
Көңілінді көктемнен үзбедің бе?!

Құс базары тарқаған көл де мұңды,
Біреу ұрлап кеткендей ермегінді...
Қоңыр бояу көбейіп сарыдан да,
Тоқи алмай көңілге көргенінді...

Жауратады соққанда таудан ызғар,
Жұрт үймелеп базарда сауда қызған...
Ескерткіштей көктемге қойған мәңгі,
Жап-жасыл боп шырша тұр ауламызда!..

КЕШЕ, БҮГІН...

Кеше жақын арамыз, бүгін алыс,
Соншалықты емес бұл ұғынар іс.
Мұзды мұхит көңілді ерітетін,
Қайда кетті білмеймін жылы ағыс...

Кеше арман бір еді, бүгін бөлек,
Жәрдем сұрап қазыға жүгінбеп ек...
Сүрінгенде қасымнан табылмайсың,
Қисайғанда жүрмейсің жүгім демеп...

Кеше таныс әуен де, бүгін басқа,
Кісінейді аулақта құлын қасқа.
Екі айырық екеуміз жолға түстік,
Бекінгендей біржола бұрылмасқа...

Кеше нұрлы көздер де, бүгін өзге,
Барлығы да өзгерер түбі лезде.
Қасарысқан, қисайған, қыңырайған,

Бой алдырдық қалайша бұ мінезге?!

Кеше ғана жас едік, бүгін кәрі,
Табиғаттың заңы ғой мұның бәрі.
Сырылдайды кеудеміз, ентігеміз,
Әбден улап тастаған шылым, дәрі...

Кеше алмас қылыш ек, бүгін кетпен,
Жасып қалдық сөз естіп жүгірмектен...
Біз сияқты жабырқап, жүдегендер,
Жалғыз-жалғыз өмірден бұрын да өткен!..

* * *

Ауылдың айлы түні, мақпал түні,
Ақ қайың... ағараңдап ақ балтыры,
Алыста үгілейді үкі байғұс,
Алла да сақтанғанды сақтар түбі...

Ауылдың айлы түні, жібек түні,
Айдала қорқытқандай жүректіні...
Ақырын самал есіп өзен жақтан,
Жігітті жалғыздықтан жүдетті мұң.

Ауылдың айлы түні, түбіт түні,
Ай нұры айғақтайды күдіктіні...
Аулақта қос көлеңке табысқанда,
Жұлдыздар сөніп жатты күліп тұрып...

* * *

Бір өлеңім – бір тал ғана шырпыдай,
Сезім отын лап еткізсе, шіркін-ай.
Селт етпрудің быт-шыт қылып шеңберін,
Өртеп кетсе қызғаныштың шеңгелін .

Бір өлеңім – бір түп жусан секілді,
Көк шөптердің ішіндегі не түрлі,
Кермек исі сағынышты қозғаса,
Сағыныштан туған қайран сөз қалса.

Бір өлеңім – бір шоқ гүлдей бақтағы,
Қызға арнап үзіп алар шақтағы,
Бар жұпарын жиып алған бойына,
Тарту болса тарқамайтын тойыңа!

ЖЫЛЫ ЖЕЛ

Жазыда көкшіл сағым көз арбаған,
Жүзіне қан жүгіріп бозаң далам.
Жым-жырт боп жатқан көлге құстар қонып,
Жақында болар енді азан-қазан.

Жадырап қас-қабағы емен кәрі,
Жан-жағыңа қарасаң өлең бәрі.
Жаһанға жар саласың, қанат бітіп,
Жердегі бар қарекет төмен қалып.

Жетелеп құштар сезім тым алысқа,
Желпініп, ненің күші, құрақ ұшқан.
Жаңа бір әуен бе екен әсер еткен,
Жүрекке құйылатын жылы ағыс па.

Жұмбағы жасырынып мұнды ұрлаған,
Жылы саз баурайтындай күмбір қаға.
Жылы сөз жетпей жүр ғой жүзтанысқа,
Жұқарған жүйкесіне мың бір дауа.

Жылымық сезілгелі бусанды қыр,
Жаныңа жай таптырмас қусаң дүбір.
Жаз шыға басарсың ба құмарыңды,
Жұлып ап иіскесең жусанды бір.

Жартастың шекесін де қыздырып күн,
Жауқазын үлбіреді үздігіп тым.
Жылы жел жеткізеді мазасыздық,
Жүз түрлі мақамындай ізгі үміттің.

Жар-жары жаңғырудың, жасарудың,
Жалқын нұр таратып қыр асады Күн.
Жаныңның жапырағын бүр жарғызар,
Жылы жел – жұпар лебі жас арудың.

* * *

Сұрғылт па бұл,
немесе күрең бе бұл...
Сүренсіздеу бір өмір сүрем бе бұл...
Кілең күйбең ішінде күрмелемін,
Таптырмай-ақ қойды ғой бір керегім.
Ойшыл қария: “Тіршілік – түрме” дедің,
Осыған теңеу таппай жүрген едім...

Қурай ма бұл,
немесе қамыс па бұл...
Іші кеуек дүние таныс па бұл...
Жақындаймын деген ем, алыстадым,
Тары теріп жүр талай таныстарым,
Таба алмай жүр найзағай намыстарын.
Мен енді жұлдыздарға жол ұстадым,
Айыптама, үзеңгі қағысқаным!..

* * *

Сикыры әнінде ме, әншіде ме,
“Ән патша” деді екен Шәмші неге.
Әуелер әуен тауып әудем жерден,
Әлгіге Тәңірілік енші бөлген.

Күпия үнінде ме, сазында ма,
Ұғынсаң жетіп жатыр назын ғана.
Бойжеткен мың бұралып билегенде
Бозторғай болып шырқар бозым бала.

Себебі иірім бе, қайырым ба,
Бұл өзі сыймас сезім жай ұғымға.
Сол баяғы екеу ғой ескегі жоқ
Тербелген махаббаттың қайығында...

Сықыры әнінде ме, әншіде ме,
“Ән патша” деді екен Шәмші неге.
Әңгіме жүректе ғой жұдырықтай
Әуелден қимас сезім еншілеген.

* * *

Шөлдедім,
Ақпанда шөлдедім,
Аңызак кезеді бұрышын бөлменің...
Шілденің шіліңгір ыстығы есімде,
Аптабы ұратын еді ғой бесінде,
Ал мына ақпанда шөлдеген бір бөлек,
Сананы буады үрейлі ойлар кеп үргедек,
Палата көзіме көрінер түрме боп,
Шөлдедім, шөлдедім, шөлдедім...
Берсеңші бар болса шөл басар шөлмегің,
Ақпанның ақ қарын ұсыншы уыстап,
Ақ қарды үстінде қос қоян ойнайды қуыспақ,
Ақ қарды кешіп ек... қып-қызыл ту ұстап...
Ақыры қар еріп, дүние көгеріп, көктеді,
Өліара шақ туды, бұл кезең өтпелі,
Деп мені жұбатпақ боласың, иландым,
Саудаға түскен соң құны жоқ иманның!
Сәждеге тигенше басыңды абайла,
Басыңды кеудеңнен бөлмек боп, қалайда,
Бір қайқы қылыш жүр қолында жендеттің,
Қиыны – шөл басу, жарамды емдеттім,
Шөлдедім, шөлдедім, шөлдедім...
Табанға батқаны түк емес шөңгенің,
Бір жұтым су керек.
Бір жұтым ауа мен
Бір ауыз сөзіне жетпейді екен-ау ештеңе!
Шөл басар сусындар құйылған бөшкеге
Сүзіліп қараған құрысын ындының...
Шөл қысқан адам да біреуі жыңдының,
Бір сөзі дұрыс та, бір сөзі сандырақ,
Сағымға сіндің де жоғалдың сен, бірақ,
Шөлдедім,
Ақпанда шөлдедім,
Аңызак кезеді бұрышын бөлменің...

СӨЗ

Қызыл сөздің қоламтасын қозғасаң,
Тіл күйдіретер шоқ жатады түбінде.
Мына жұрттан сауда жасап озбасаң,
Сөзбен озам демей-ақ қой бүгінде.

Сөз қадірін Абайдан соң кім ұқты,
Сөз киесін қалай, қайтіп қорғайсың.
Сөзге қонақ беруді жұрт ұмытты.
Сөзді қорек қылсаң тағы сорлайсың.

Сөзбен ойнау дегенің де сөз емес,
Тілге тиек сөз бастасаң тәуір деп.
Сөздің парқын түсінетін кез емес,
Сөз сапыру бара жатыр дәуірлеп...

Қызыл сөздің қоламтасын қозғасаң,
Тіл күйдіретер шоқ жатады түбінде.
Мына жұрттан сауда жасап озбасаң,
Сөзбен озам демей-ақ қой бүгінде.

* * *

Түбінде бәрі кетіп, осы менен,
Сен де кетсең қайтемін, досым Өлең?!

Бұл сырды жасырайын несіне мен...
Түсінбейтін тәрізді жанымды ешкім,
Дауыл аңсап, мұз шайнап, жалын кештім.
Бәрін де жақсы көрдім адамдардың.
Құлағымнан кетпейді сарын ескі.
Сиқыр сөзін құптадым диуананың,
Шашу үшін жинадым дүние малын.
Елес құдым, таңсәрі табынарым,
Жаратушы Иенің бары мәлім,
Тәңірінің тапсырған сый Өлеңі,
Қасиетті, қастерлі, киелі еді...
Жан рухы тек соған сүйенеді.
Туысады Өлең мен Күй өнері!
Ал осыны кімге айтып ұқтырасың,
Еңіреп өтпеді ме мықты Қасым.
Әкім десе әлі де тік тұрасың,
Өлең қалып жайына, өнер қалып,
Өз көрін өзі қазар өлер халық!
Бірен-саран кешені кешіретер ем,
“Елім үшін” деп алып есінеген,
Алаяқты тыңдаймын несіне мен,
Түбінде тынар болса осыменен,
Сен де жолдас болмассың, есіл Өлең,
Досым Өлең!..

* * *

Күлгін екен қоламтасы күлкінің,
Күлге сұққан саусағымды сілкідім...
Қызыл шоқтан қара күйе қалыпты,
Түйме қара – тұмсығындай түлкінің.

Кеңкілдеген кеудеде жоқ дәнеңе,
Өңеш дейтін қызыл қуыс және де
Жебе қадап, іліп қойған жүрек бар...
Жұмыр басқа жетпей жүрген немене?!

* * *

Ермегім де болмадың, есіл өлең,
Елігіп ем сиқырға несіне мен...
Елең-алаң екен ғой, енді білдім,
Елге кінә қоймаймын есінеген.

Сырласым да болмадың, мұндасым да,
Сорым қалың, жетеді мың ғасырға.
Батар күннің қызылы – суық сәуле –
Сырғанады сұлу қыз сырғасында.

Маған қайғы сыйладың, дерт еміздің,
Есер желі секілді ерте күздің,
Ерте үздім көк-жасыл жапырақты,
Көз жасына қалдым ба ерке қыздың?!

Тамшылар түсуі керек

ТАҒДЫР ЖАЗУЫ

Қараңғыны тіліп өткен жарықтай,
Қақыратқан тас қамалды алыптай,
Қылкөпірдің астындағы тамұқтай,
Қара теңіз түбіндегі балықтай,
Құпиянды ашсам дедім жалықпай!

Қас шебердің төгілдірген зеріндей,
Қазанаттың құмға басқан мөріндей,
Қыз жасауы тұрған үйдің төріндей,
Қамшыдағы тоғыз таспа өрімдей,
Жұмбағыңды шешсем дедім ерінбей!

Бозбаланың басындағы бұлғақтай,
Боз даланы басып қалған сырғақтай,
Бесатарды бөлеп қойған құндақтай,
Қошқар мүйіз оюы бар сырмақтай,
Тылсымыңа батсам дедім тіл қатпай!

* ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘРІПТЕСТЕР ЛЕБІЗІ

«ӨЛЕҢНІҢ АЛМА БАҒЫ ГҮЛДЕГЕНДЕ...»

Араға жыл салып өткізілген Абай мен Мұхтар тойына арналған жыр мүшәйрасында қатарынан екі рет басты жүлдегерлердің бірі болған, ақын Әділғазы Қайырбековтің «Шер-шертер» («Ана тілі», 1998) атты жаңа жыр жинағынан алынған өлең жолы бұл. Толық алсақ:

Құмарың жұпарына қанса, шіркін,
Өлеңнің алма бағы гүлдегенде – дейді ақын.

Ал біз өлеңнің алма бағының гүлдеген жұпарына құмарымыз қанып, әр түп ағаштың тарам-тарам бұтағына бойлаған әсемдіктің сырларын сезіп шықтық. Кезінде «Бастау», «Шамшырақ» атты шағын жыр жинақтарынан соң, өлендерімен мезгіл-мезгіл баспасөзде байыппен көрінгені болмаса, қарапайымдылығымен қара өлеңнің көшіне ерген ақын көлемді де көркем кітабында қанатын еркін қаққан дала қыранындай шабыт көкжиегінде самғап, шарықтайды, шартарапқа ақындық асқақ үнімен жар салады. Ақын жырлары – сезім иірімдері, сүйіспеншілік сырлары, көңіл-күй бояулары. Әр жыр – сөзбен салынған сурет, әр тіркес – әсемдік өрнегі, тереңге тұнған жақұт ойлар.

Түн. Кәдімгі қара түн.
Айсыз түн. Қызға баратын.
Ауылда жүрсем көрер ем, бәлкім қызығын.
Саусақта міне ағарып қапты жүзігім.
Алтыны кете бастаған,
Уақыт дермін бе,
Япыр-ау, елеске ердім бе?!

Лирикалық «менімен» түнде оңаша сырласқан ақын үшін шырылдап өлең дүниеге келген сәт – бақытты сәтке баланады. Өйткені қас өнердің қасиеті шығар:

Жаны ауырмаған жаза алмайды
Көзіңнің жасын ақ парақ жұтпай,
Көңілдің кірі тазармайды! –

деп ақын жыр азабына нағыз талант қана шыдайтынын айтады. Әділғазы жыр жолында жанкешті еңбектеніп келе жатқан талант. Мұны біз жинақтың өнбойынан ұғынамыз. «Күн күйіп тұр» өлеңінде:

Көлеңкемнің тал түсте халі мүшкіл,
Табанымның астына тығылады – дейді.

Жер-дүниені өртеген аптапта, тынысты тарылтар ыстық ауадағы көңіл-күйді өзек ете келе, көлеңкені «табан астына тығылту» – тапқырлық, поэтикалық тың қолданыс. «Қос қарлығашта» ақын құстармен сырласып, сұхбаттасады. Ол бірде «Қара сөздің шеберіндей қалай-қалай құбылтады» деп сайраған құс үніне таңданыс білдірсе, бірде арын сатқан адамдардан құстардың артық қасиетін ұғынады әрі мынау даланың тыныштығын тілеген қос қарлығаштан ой түйсінеді:

Таң бозынан неге мұнша
Тамсанды деп таң қалып ем,
Көк қауырсын қанаттарға отыр екен тіл үйретіп!

Ақын құс пен адам ойын параллель етіп алып, тіршіліктің қадыр-қасиетін ерекшелейді. «Қара нар бұлттың» атты жыры – айналасы теп-тегіс жұмыр келген, табиғат пен көңіл-күйді шебер астастыра білген шабытты туынды. Әділғазының Абай туралы екі жыры да алмастай жарқыраған ойларымен дараланады. Ұлы ақынның өшпес мұраларының құдіреттілігіне табынған талант:

Өлеңнен өрілген мұнара,
Өлшемге сыймайды сірә, да!
Төбеңнен төнеді,
Биіктей береді...

деп оның халқына мәңгілік рухани азық, баға жетпес қымбат қазына болып қалатынын шалқар шабытпен паш етеді. «Өлшемге сыйғызбай, төбеден төндіру де» – кеменгерліктің кереметтілігіне бас игізу.

Құдіретті сөз қалауын тауып қолдана білсе қасиетін жарқырата ашады. Әділғазының үздіксіз ізденістен сөз саралайтын шеберлікке жеткенін әр өлеңнен, әр шумақ, тармақтан ұғынамыз.

Күлгін екен қоламтасы күлкінің,
Күлге сұққан саусағымды сілкідім...
Қызыл шоқтан қара күйе қалыпты.
Түйме қара – тұмсығындай түлкінің.

Басы артық қолданылған сөз жоқ, жұп-жұмыр жинақталған жыр жолдары. Оқисыз, қызығасыз. Енді бірде: Күлкі – дәру, күлкі – ләззат, күлкі – дерт ,

Күлкілерді құпия көп мен ұғар! – деп сәби күлкіні сағына іздеп, ғашық күлкісіне сенетінің дәлелдейді («Неге күлді?»).

«Тал-теректің бұріне

Торғайкөз тамшы қонақтап...» толғауы тоқсан тірліктің, тосын бір ырғақ тапқан «Наурызының нақыштары».

Шығып келе жатқан күннің шапағы,
Жадыратқан жанды көңіл шуағы.
Таңғы шашу – бұлбұлдардың шат әні...
Бұлбұлдың таң арайымен сайраған үнін шашуға теңеуі – сөзбен сурет салудың бір көрінісі.
Көрікті ойлар жырдың көркемдігін арттырып, әсемдік әлеміне көз суартады. Жинақта сұлу сөзбен
дестеленген әсем шумақтар әр өлеңнен шуақ шашып тұрады. Ақынның төрттаған үлгісінде
жазған жырлары жанынды жарасымға бөлейді. Мысалы:
Қызғалдақтар қауыз ашып ізіңнен,
Шуақ күлкі арылмасын жүзіңнен.
Өмірінде қуаныштар көп болсын,
Көктемдегі жыл құсындай тізілген!

Шын жүректен төгілген тілек нұры емес пе! Әрі ақындық шеберлік те айқын танылады.
Немесе:

Сыңғыр-сыңғыр күлкі ме,
Сыбдыр-сыбдыр құрақ па.
Мен іздеген бір сиқыр,
Жақында ма, жырақ па?!
Бұл ұлы Мағжан ақынға еліктеу емес, мағжандық үлгіні ізденіспен ілгерілету.
Ақынның махаббат лирикалары – сезім мөлдірлігіне, ой нақыштарына, жан-жүрек толғанысына
толы. Соның бірінде сүйген жарға деген пәк көңілін былай білдіреді:

Құбылмалы көңілдің тиегісің!
Сені жаным сүйеді. Сүйеді шын!
Мұрттай ұшар едім ғой – тірегімсің,
Сүрінгенде сенетін сүйенішім!..
Құдай қосқан қосағына деген шексіз сүйіспеншілігі жырға осылай сәулеленген. Мұндай ой-
кәусарынан алар әсерің де әдемі.
Ұнатам – сен үнсіз тыңдасаң,
Сезімге құрмай-ақ шымылдық.

Немесе:

Өтінем, бұл жолы үндеме,
Қос жүрек дүрсілі – бір ырғақ.
Айтқысы келеді бірдеңе,
Ерінім ерніне сыбырлап...
«Сезімге шымылдық құрғызбау» – поэтикалық тың қолданыс десек, «ерінмен еріннің
сыбырласуы» – тосын тапқырлық. Ақын өлеңдері тып-тынық, тұнық ағынды өзен болса, ондағы
бейнеліліктер самалы желпіген нәзік толқындар іспетті. Бірінен соң бірі қайталанып, жыр
сұлулығына қанықтыра түседі. «Қой бүлдірген ерін», «шашта шашылған моншақтар», «қадаған
мойыл көз», «шын сұлудың шынар қалпы», «ұйыған тұңғиық сырлар», «көкалалы көк толқын»,
«сары алтын сәулелі сөз», «ақжағал иірім», «сөз десте», «қамқа мұң»... іздей берсек су түбінен
теріп алған асыл тастай жарқырап шыға береді.

Жинақтағы жұлдызды жырлардың бірі және өзіме ерекше ұнағаны – «Әжемнің кебезесі». Кезінде
іші тәттіге, түрлі дүниеге толып тұрған әжесінің әдемі кебезесін келіндері шоланға шығарып
қойғандығын әсірелеп жеткізген ақын көзге ыстық көрінген одан әжесін іздейді.

Құлып емес, кілті емес, жүрегіме,

Бар болғаны керегі бір ем ғана:

Әже, сені сағындым! – деп аласапыран ойының астарын аңғартады.

Ақын әжесінің сандығымен «сырласу» арқылы өмірдің өткінші дүние екенін ұқтырады:

Көзден кетсе – көңілден кетеді шын,

Мен өмірден осындай сыр ұққанмын.

Иә, бұл – бұлжымас өмір заңы.

Әділғазы кейтұста Бұқарша толғайды. Жыраулық поэзияны бүгінмен сабақтастыра азаматтық үнін
айқын танытады.

Бас біріксе – мал екеу,

Бұл қазаққа соны ұқтыр!

Сырбүйрек болмасын,

Сыйласқанға соны ұқтыр! – деп ынтымақ пен береке-бірлікті сақтауға елін шақырады. Және жырдағы екпін, түйдек-түйдек тіркестер, бейнелеу үлгілері – ізденіс нышандары.

Қырық ру қазақтың қайтсе басы бірігер,

Қамын ойлар халықтың қайда кеткен ірілер...

Жөн сұраудың жүйесі –

Жүзге бөлу емес тек.

Қыркысудың қырғынын көз алдыға елестет! – деп халқымыздың басына талай рет азап бұлтын үйірген рушылдық пен жершілдіктің қанымыздан арылмай келе жатқанын күйзеле жеткізеді. «Келер ғасырлар, миығынан күліп, «Мына қазақ қайтеді-ей!» деп қарайтын кезде елін биіктен көруді мұрат етеді.

Ә.Қайырбековтің ән, күй туралы өлеңдері – оның өнерді жанындай жақсы көретінін, өнермен етене жақындығын аңғартады. Сондықтан болса керек ол:

Рәуішті сұлулықтың сарайы –

Рухани әлемінді күйретпе! – деп өркениеттілікті өнегелеп жар салады.

Ақынның «Жарық пен түнек», «...дегім келеді» өлеңдері – поэзиядағы жаңашылдыққа бетбұрыс.

Өмір – күрес мағынасын антонимдік сөздерді ұтымды пайдалану арқылы сәтті бере білген.

Жинақта ақынның «Қара жартас хикаясы», «Ақ тұма», «Шер-шемен» поэмалары және толғаулары берілген. Оларда ақынның эпикалық құлашының кеңдігі де сезіледі. Бұл туындылар – бөлек талдаудың еншісі.

Сонымен «Шер шертер» – Ә.Қайырбековтің шеберлік биігіндегі жемісті еңбегі. Әділғазы өлеңдерінің өрнегі де өзгеше. Өз толқынының, тіпті алдыңғы ағаларының таптаурын сүрлеуіне соқпай, соны соқпақ салған. Өзі «Сыр сұлуын» айтып жүріп жасымда, Жыр сұлуға ғашық болып едім мен» - дегендей, сұлулықтың киесін сезген ақын сұлу жырларымен жүрек, сезімді сусындата алған. Ең бастысы, «Өлеңнің алма бағы гүлдегенін» көрдік, алда жемісін молынан жинасын.

Әнуар ТАРАҚ,
«Алматы ақшамы»,
01.06.1998 ж.

МАХАББАТ ПЕН МҰҢ

Уақытқа дауа бар ма?! Кеудеге шоқ тастап, от шайнатқан XX ғасыр да аяқталып келе жатыр. Оның бар жақсылық пен жамандықтары қазақ поэзиясында әрқалай көрініс тапты. Бірақ ол бар мүмкіндіктерін пайдаланып болды ма? Бір кездері жат жаратылысқа еліктеп, өлең өнерінің басын жарып, көзін шығарып, буын сындырып, сатылы жыр жазған мезгіл де болды. Жаңылысты жаңашылдық деп ұғатын уақыт өтіп барады. Ақын Әділғазы Қайырбеков бұны жақсы біледі. Өйткені ол қазіргі көзі қарақты оқушымен алғаш кездесіп отырған жоқ. Шын жаңашылдық дәстүрді жаңғыртып, ұластырып әкетіп, өзінше дамытып, жалғастырғандай. Оның буыны әлі қазақ өлеңіне көп үлес қосатын шығар.

Көне сарын, шежіре күй баурайды,

Тарбағатай басында бұлт аунайды.

Қара бұлтты қақ айырған найзағай,

Қабанбайдың қылышынан аумайды, –

дейді ол. Сөйтіп, найзағай ұлттық ұғыммен төркіндесіп бейнешілдік табады.

Әлем әдебиетінің білгірі, неміс, қазақ және орыс тілдерінің нәзік тамыршысы Герольд Бельгер мырзаның бірде: «Қазақ тілі ұйқастармен таңғаларлық өте бай. Қазақ ретін тауып, бәрін ұйпадарлы үйлесіммен қиюын тауып, мөлдіретіп ұйқастырады. Бұндайда бір, екі емес, үш, кейде төрт, бес буын ұйқаса береді», – дегені бар.

Ә. Қайырбековтің бес бөлімнен тұратын «Шер шертер» («Ана тілі», 1998 ж.) жыр жинағындағы дүлдүл дүбірі шаң қапқан дүрмекті додадан оқшау естілгендей.

Өлі тыныштық. Таң алагеуім. Ояумын.

Өңі қаша бастады қара бояудың.

Сәулелі ойлар санамда себездейді,

Беймаза көңіл нені іздейді, неге іздейді?

Бұндай жолдардың бояуы шымқай қанық, ойы анық, сезімі танық келеді. Кітаптың өн бойында өрісі кең, өресі биік өлеңдер аз емес. «Шер шертердің» басты тақырыбы – махаббат пен мұң. Бұнда туған ел-жұрт, дос-жаран, замандасқа деген сүйіспеншілік кестеленеді. Әділғазының

мұншылдығы сыршылдыққа, сыршылдығы сырбаздыққа ұласады. Нәсердей төгіп-төгіп кететін жыр-ой мен сезім селіне төтеп бере алмай, кейде ақ өлеңнің асау арнасына түсіп кететіні бар. Бұнда таңғалып, жаға ұстайтын еш нәрсе жоқ. Бұрынғы ақын-жыраулар батырлар хикаясын шерткенде, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз шығармашылығында шабыт шаңқанбозы тұсалғанда үздік-үздік, тасқын-тасқын қарасөзбен майын тамызып жырлап кететін үрдіс жиі кездеседі.

Ағысың қатты екен, бала бұлақ,
Қойтастың бүйірін бір бүлк еткіздің.
Жан-жағыңа абайлап қара, бірақ,
Көзінде үрей тұрды үркек қыздың.

Қызға жақпай қалдың ғой мінезіңмен,
Қалды ма әлде іштей ұнатып-ақ.
Тіл табыспақ болса егер кім өзіңмен,
Құмарсың уатуға жылатып ап.

Бала бұлақ, алқынба, деміңді бас,
Тастан тасқа мен-дағы секіргенмін.
Сен секілді бұлақпен едім құрдас,
«Тауды тесіп өттім!» деп лепіргенмін...

Кішкентай ғана әп-әдемі табиғат суреті! Түбінде санның сапаға айналатынына көз жетеді. Ә. Қайырбековтің шеберлігі шындалып келе жатқан ақын. Шебер кез келген күлдібадам қарайғанға қайырыла бермейді.

Аян НЫСАНАЛИН,
«Егемен Қазақстан»,
19.06.1998 ж.

* * *

*Сұмдықты қаралап, шындықты даралап,
Сезімнің бояуын үйрендік саралап.*

*Кешірім сұрадым кең пейіл досымнан,
Жүрегін дық алар сөзбенен жаралап, -*

деп ақтарылған Әділғазының ақ жүрек кейіпкерінің сыры ақынның өнердегі өз нысанасына нұсқағандай:

Өмірде мейлі зой, ал енді өнерде

Ешқашан кешірім сұрауға жазбағай! –

(«Кешірім сұрадым»)

дейді ол. Жас ақын көңіл күйі, сезім әуендерін пернелеуге, сыршылдыққа құштар.

Тұрсынжан ШАПАЙ.
1989 ж.

ӨМІРДІҢ ӨРНЕГІ БАР

Қалам ұстаған қатарластарының арасынан дауысы дараланып, қолтаңбасы айқындала бастаған ақындардың бірі - Әділғазы Қайырбеков. Осы күндері оның бірнеше жыр жинағы оқырман қолында жүр. Өлең өнеріне көңіл аударып, көз жіберген көп адамның Әділғазының әдемі жыр әуеніне құлақ асып, көз құлатқанын талай көргенбіз. Оқырманын тапқан ақын талантсыз болмаса керек.

Жақсы жырдың жарқылы жанға сәуле құяды. Сондықтан оның иесін іздеп, ізін суытпай оқып отырғанға не жетсін. Бұл қатарға ақын Әділғазының «Ана тілі» баспасынан жақында жарық көрген «Шер шертер» атты жаңа жыр жинағын қосуға болады. Кітап көркем безендірілген, көлемі де көз тоярлықтай.

Бес бөлімнен тұратын жаңа жинаққа көңіл-күй, махаббат, табиғат тақырыбына арналған өлеңдер топтастырылыпты. Ақын ауыздығымен алысқан асау арғымақтай асып-тасып, абдырай, таудың

мөлдiр бұлағындай сылдырап қана сыр шертедi. Ойы орамды, тiлi шұрайлы. Зорланып ұйқас жасауға ұмтылмайды. Айтар сөздiң түйiнiн тауып, ойды түлете түсуге тырысады.

Өнерлi адамға табиғат таусылмас тақырып. Осы ойды нысана еткен ақын табиғаттың көзтұнар көркiн адамның көңiл күйiмен қабыстыра қатар өрнектейдi.

Бұған айтар дәлел, дәйегiмiз де жоқ емес:

Ей, ақша бұлт, аялда, тамшыңды төк,

Қара бұлтқа айналу қиын қанша?!

Сайын дала жаңбырға малшыңды деп,

Жар салайын, тағдырға сиынғанша.

Дәл осындай күй кешiп қиналамын,

Көңiлдiң көгiне бұлт жиылғанша, –

деген жыр жолдарына түсiнiк берiп жату артық. Әйткенмен, Әдiлғазының мына өлеңiнен табиғат пен ақын мiнезi ұқсас дегендi ұққандай болдық.

Өмiрдiң өзi ақ пен қараның қатар, өрiс алуынан тұратыны айқын. Бұл ретте ақынның ащы мен тәттiнi, жақсы мен жаманды ой елегiнен өткiзiп барып ой түйетiнi түсiнiктi. Құрғақ сөзде құн болмайды. Сондықтан ақын өлеңiнiң өзiне кезек берелiк.

Ащы шындық, тәттi өтiрiк – екеуiнiң тұнбасын,

Қаталап кеп сiмiргенмiн, сырласым,

Аш өзекке бұл да сын!

Ал өмiрдiң көп екен ғой бұрмасы,

Көздiң жасы құрғасын.

Арман қалар адыра, адасып ақ түтекте,

Жаның жылап тұрғасын... –

деген жып-жылы жыр жолдарының оқушыны ойға жетелейтiнi, өмiрдiң өкiнiшi өзектi қарып өтетiнi бiрден байқалады.

Махаббат тақырыбына қалам тартпаған ақын аз. Жар көзiнiң жарқылы, жалт етiп көрiнiп, сарқылмас сағынышқа айналған арман ақын жырының өзегi болып өрiлсе, өкiнiш не?

Ақын өлеңдерiндегi тәкаппар сезiм мен тәттi мұң қатар қабысып, өлең болып өрiлгенде санаңа салмақ салады екен. Бұған:

«Ерте үздiм көк-жасыл жапырақты,

Көз жасына қалдым ба ерке қыздың?!» – деген жыр жолдары дәлел бола алады. Жүректi шымырлататын шынайы сезiмге құрылған көңiл-күй, махаббат жырлары жинақта аз емес.

Олардың бәрiн бас-басына талдап-таразылап жатуды артық санадық.

Алыстап кеткен арманға өкiнiп, алдағы өмiрге алаңдау ақын өлеңдерiнен өрнек тапқанын танығандай болдық.

Шұбырған көш-керуен жылдарым-ай,

Жамауға жыртық көңiл жүр жарымай.

Жарым-жарты, өң мен түс жалғанда бұл

Жартаспын таудай толқын ұрған ұдай, –

деген жолдардан жоғарыда айтқан ойымызды оқырман өзi ажыратып алар деп сенемiз.

Ойы ұшқыр, қаламы қарымды ақынның жаңа кiтабында бiз тани алмаған тағы басқа да тартымды өлеңдер көп болуы мүмкiн. Сондықтан «Мың естiгеннен бiр көрген артық» демекшi, ойлы өлеңнiң отына жылынғысы келген оқырман осы кiтапты тауып алып, өзi-ақ көз тоқтатады.

Мiнуар ӘКiМХАНОВ,

«Жас алаш»,

27.08.1998 ж.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Балалалық шақ балладалары:

Жар құлаған...
Онда мен он үштемін...
Бір құшақ шөп...
Он қанат шетен...
Зауал...
Қоңыр қаз..
Көк боз ат...
Балдақ туралы баллада...
Айна сыртында сақталған сурет...
Басын бұлт шалмас Ақсеңгір...
Өмір сүріп жүрміз бе?!...
Атажүрек – ардансыз...
Бір жарық жұлдыз...
Аян бердің бүгін сен...
Ай, Астана, Астана...
Бұлаң сағым...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Көңіл...
«Тұмасы мен тұғылын артық көргем»...
«Ғаламшардың бір нүктесі киелі»...
Тағзым жыры...
Рухты оятқан текті өлең...
Ақбоз ат мінген майдангер әкем...
Ауылды аңсау...
Астанада...
«Қазан – Күзде жол түсті Қызылжарға»...
«Қашан білдік қадірін қолда бардың»...
«Шара жоқ шатқаяқтап, шегінбеске»...
«Қу тірліктің адасып мұнарында...»...
«Ойларыңның өркеші үстем, биік...»...
«Сағыныштың дауасын табайын ба»...
«Әне бір бекет, белеске»...
Бал аштыру...
«Дүние жасыл еді, көркем еді...»...
«Жылдар емес, барады ғасыр қалып...»...
«Кедергілер жатсын мейлі көлденең...»...
Анамның ақ сүті...
Айтыс...
«Қамалдым қалған көңіл үңгіріне...»...
«Өтті өмірден тағы бір аяулы ақын»...
«Ағайын, бірің – туыс, бірің – көрші...»...

«Тіршіліктің әрбір күні тым ыстық...»...
 «Бір сауалға жауап жоқ миыңдағы...»...
 «Баяғы таба алмайсың дос көңілді...»...
 «Бұралаңды бойлаймын»...
 «Бәрі көшті ауылдан, сен көшпедің...»...
 «Жалғасыз ба бұл Өмір, жалғаусыз ба...»...
 «Шу да тынды, шынымен, түн жарымы. »..
 «Уақыт – шебер, жылдарды ұрлағанға...»...
 Жалғыз...
 Ғабең ғибраты...
 «Сезімін сенген адам құлыптамақ...»...
 «Көңілдің құлазыған күйі мына...»...
 «Бұл дертімнен емделем...»...
 Ұстаз...
 «Биігінен қарасаң ән-көңілдің...»...
 «Алатауға арқа сүйеп, пір тұтып...»...
 «Көгілдір таудың баурайы көк перделі...»...
 «Бұл өмірде шешуі жоқ жұмбақ аз...»...
 Қыз ұзату...
 Бала мысық немесе Жарық нұр...
 Мамыр мырза...
 Ана тілі – ар тілі.....
 Тұлға...
 «Үйге сыймай жүрмін мен аласұрып»...
 «Бұлаң, бұлаң, бұлаң сағым...»...
 Қайран ауыл...
 «Өз ұлтының ар-иманы ақындар...»...
 «Түн – осы түн, ұзақ түн»...
 Мен – Мағжанның мұңымын...
 «Күреңке күз. Қуаң дала төсінде»...
 Өлең...
 Ұлыстың ұлы күні...
 «Мен ауылдан шыққанымды... »...
 «Жас қайрат бойды кернейді... »...
 Жарқабақта...
 «Тұла бойым өр намыс, таласар кім...»...
 Азаттық алауы...
 «Тағдыр жолы шиырлы, шырғалаңды. »...
 «Кімге айтасың, ішіндегі зарыңды...»...
 Көк ешкі туралы...
 «Тасасында тас түйілген қабақтың...»...
 Жылашар ...
 Өлеңнен өрілген мұнара...
 «Шалғынға шашасының шаңын қағып»...
 «Бұлтан тамшы сұрағандай халдемін»...
 Өттең, досым Әділет...
 Сары маса – сарыуайым...
 «Қыр астында келе жатыр Құлагер...»...
 Ал енді түспейміз бе аламанға?..
 Мөлдір...
 «Адамды алдандырар...»...
 «Шынында да...»...
 Екіұдай...
 Досқа тілек...
 Ұлтжанды қазақ...
 «Іздегеннен не пайда...»...
 Мектептегі күндер-ай..

«Қалады қаңтарылып...»...
 «Ән естілді көрші үйден іргедегі...»...
 «Зымырап күндерім де, түндерім де...»...
 «Өзіңсіз таң бозалаң, ымырт күңгірт...»...
 «Имек қасың садақтай керілгенін...»...
 «Өкпелеп, ренжисің кейде кімге...»...
 «Табынамын көктегі Тәңіріге...»...
 «Жасылы аз, сарысы мол шақ мына...»...
 «Болсыншы бізден де бір таңғы тілек...»...
 «Кейбір сәтте, сезіміңе көн, құлап...»...
 «Көздеріңнен көрсем деймін тұнық көл...»...
 «Әлі күнге ғашықпын...»...
 «Жаксы көрдім...»...
 «Мен сені қиялыммен...»...
 «Көзіңнің мөлдірін-ай...»...
 «Кеш гүлдеген алма ағашты аядым...»...
 «Ағарды шаш ертерек...»...
 «Үнсіз түн. Үнсіз ғалам. Үнсіз бөлме.»...
 «Көзбен көре алмайтының күмәнсіз...»...
 «Бұзады көктем желі қар қорғанын...»...
 «Өтті ғой жаз да қайран»...
 «Бүйеннің жағасында алмалы бақ...»...
 «Сырнай сазы секілді сыңғыр сырға...»...
 «Өзің – жоқсың, естимін дауысыңды»...
 «Таңғы шықтай шөптегі...»...
 «Болмағандай кешегі базарлы шақ...»...
 «Қызыл жалқын күн батты...»...
 «Көл де көптен күткендей ме еркесін»...
 «Көңліме жел еніп, желік кіріп...»...
 «Жолатпайын десем де сөзге күмән...»...
 «Үйіріліп тұрамын үйлесімге...»...
 «Жанымның нұры...»...
 «Жылы жаңбыр жауған жаздың түні еді...»...
 «Көңіл құлап бояудың жасылына»...
 «Ғашық болып көрдің бе өмірде бір...»...
 «Таныс бейне... танымай, шырамыттым...»...
 «Ойнақтаған қос бұрым жауырында»...
 «Жаралған жан едің жарасымнан...»...
 «Жұрт ұйқыда жатқанда жауған жаңбыр»...
 «Кейбіреуге көзкүйік кием менің...»...
 «Бұл әннің ұнатамын қайырмасын...»...
 «Таппадым би кешінен, ән кешінен»...
 «Жанға дауа жаралған іңкәр әуен...»...
 «Қанаты барға бір азап ұшпағаны...»...
 «Жалқы сәт көрмесем жабықтым...»...
 «Сиқыр күлкі сіңеді миға удай...»...
 «Арда жүрек, жоқ, сірә, сенде кінә»...
 «Қарайсың қараңғыдан көзің жанып...»...
 «Гүл ме деп үзіп алғым келгені шын...»...
 «Саған кінә артпаймын, өкпелемен...»...
 «Би кешінде көрдім сұлу бикешті...»...
 «Оңаша қалсам ой бақтым...»...
 «Көріп тұрып, байқамаған бол мені...»...
 «Сезіміңді ірікпесең болмай ма...»...
 «Сағынып жылы сөзін жанашырдың...»...
 «Көзіңде – сайтан оты жанады...»...
 «Құлағымнан кетпейді жалғыз үн менің...»...

«Сау-сәлемет жүрмісіз, сырғалы қыз...»...
 «Талғажау ғып жұтамын тамшы мұнды»...
 «Еркем едің ерекше еркелеткен...»...
 «Азабымсың– алдыңда бас ұрамын»...
 «Ұғамын ақырын ымдасаң»...
 «Сезімге ерік бер де...»...
 «Жүрсем де тек ішімнен тынып бүгін...»...
 «Оралмай ойға тиек сөз кесімді...»...
 «Ажарыңды Ай нұры айқындады...»...
 «Тағдырдың тар өткелек тайғанағын»...
 «Есілден ерке толқын ентелеген... »...
 «Жазықсыз жүрегімді жараладың...»...
 «Сары жазда көрдім сені, Өрік-қыз...» ...
 «Өтіріктей өтімдісің, Өрік қыз...»...
 «Бағымсың ба, сен менің сорымсың ба?.. »...
 «Бүгін маза бермеді бір ой маған...»...
 «Алмалы бақты аралап едік алаңсыз...»...
 «Қай ауылдың келінісің ізетті...»...
 «Мына терек көлеңкесін саялап...»...
 «Өте шығар бір демде...»...
 «Мен сені еркелетіп Балдай дедім...»...
 «Ақ жаңбырдың басылуын күткендей...»...
 «Сыйлаған жан жылуын саған Құдай...»...
 «Шақтар-ай, сол шуақты, шұғылалы...»...
 «Жігітке ес жидырмас қыз құшағы»...
 «Сен сұлусың күлкіңменен, назыңмен...» ...
 «Жанарың неге тайғанақ...»...
 «Сен маған қара да тұр, тіл қатпашы. »...
 «Алшақтап кетуін-ай арамыздың.. »...
 «Қиғаш қас, жолықтың ақпанда...»...
 «Бақыттың іздедім тұрағын көп...»...
 «Көшеді көгімде бұлт, басымда мұң...»...
 «Сағыныш тарқамайды құмар қанып...»...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Наурызға ғашық Қаңтармын...
 Өлең жылап қалады...
 «Жол ұзақ па, жоқ әлде, бұралаң ба... »...
 «Қар аралас жаңбыр ма.. »...
 «Ойдан қашпас едің ғой... »...
 «Жігерім құм, біртүрлі жасып қалдым.. »...
 «Биігінен қарап мырза көңілдің... »...
 «Күнде майдан күндерім.. »...
 Құрманғазы күйлері...
 «Ұйқы көрмей, күлкі көрмей қанша күн»...
 «Ой үзіліп кетті де жалғанбады.. »...
 «Ауады көкте ақша бұлт.. »...
 «Сіңе ме қара түнге ақ мұнар күн... »...
 «Қайнарынан қанып ішіп бұлақтың.. »...
 «Самарқанның көк тасын... »...
 «Ақпан атын жетектеп тауға кетті. »...
 «Бақ па, сор ма – бір белгісіз алдағы. »...
 «Қоршай біткен құз жартас құламалы.. »...
 Ожданым – Отаным – Отбасым...
 «Жүрегім шанши ма қыса ма... »...
 «Келуі екі талай көктемім бар.. »...

«Талай күндер көмілді де дырдуға... »...
 «Құлақ асып тағдырдың жарлығына.. »...
 «Біреу сауда қуады тиын сауып... »...
 Жол мұраты...
 «Оң жағымда ауыл қалып барады.. »...
 «Бірде жарық, енді бірде көлеңке.. »...
 «Ағын... Ағын... ағын судың жағасы.. »...
 «Желдей естім жасымнан... »...
 «Тірлік мәнін біл, ойла.. »...
 «Көк базар... »...
 «Шіркін-ай, кеудем кеше толған арман...»
 «Қапшағай. Тамыз. Жағажай...»
 Біз білмейтін қаһармандар.....
 «Көк жазық көлбей түсіп керілгенге... »...
 «Ойхой, шіркін, мына келген күз қандай... »...
 «Ауылдың ана шеті өзен еді.. »...
 «Қалатындай қолыңмен қармап ауа... »...
 «Көбелектер көлбеңдеп, қанаттарынан өлең төгеді »...
 «Ауылдағы тойлар-ай таңға ұласқан... »...
 «Табылмай-ақ қойды ғой жанға дауа... » ...
 Кесір кезең шежіресі...
 «Бұлбұл жоқ жаз өткен соң, шара бар ма.. »...
 «Адам - перзенті жасыл мекеннің.. »...
 «Жапырақтар сарғайды күз келді де.. »...
 Кеше, бүгін...
 «Ауылдың айлы түні, мақпал түні.. »...
 «Бір өлеңім бір тал ғана шырпыдай.. »...
 «Жазыда көкшіл сағым көз арбаған. »...
 «Сұрғылт па,бұл ... »...
 «Сиқыры әнінде ме, әнші де ме.. »...
 «Шөлдедім.. »...
 Сөз...
 «Түбінде бәрі кетіп осы менен... »...
 «Күлгін екен қоламтасы күлкінің... »...
 «Ермегім де болмадың есіл өлең.. »...
 Тамшылар.....
 Тағдыр жазуы.....
 Әдебиет әлеміндегі әріптестер лебізі.....